

**Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдары мен Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 758 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қарашада № 21580 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі 11-бабы 3-бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса берілген:

1) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдары мен Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ереже осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы (М.Ш. Ниязов) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында

көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер Министрі*

*Е. Тургумбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі)

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2020 жылғы 2 қарашасы  
№ 758 бұйрығына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдары және Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдары мен Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 11-бабы 3-бөлігінің 1) тармақшасына, "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан

Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдары және Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде (бұдан әрі – құқық қорғау органдары) әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу тәртібін анықтайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) айқындалған тұрақты дәрігерлік-сараптамалық жай-күй (бұдан әрі - айқындалған тұрақты ДСЖ) – зерттеп-тексеру және емдеу нәтижелері одан әрі емделу және (немесе) бақылау нәтижесінде өзгермейтін, әскери қызметке жарамдылықтың нақты санаты туралы қорытынды шығаруға негіздеме беретін денсаулық жағдайы;

2) айқындалған тұрақты қолайсыз ДСЖ – бұл ретте "әскери қызметке шектеулі жарамды", "бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс кезінде шектеулі жарамды" немесе "әскери есептен шығарыла отырып әскери қызметке жарамсыз" әскери қызметке жарамдылықтың дәрежесі (санаты) туралы қорытындылардың бірі шығарылатын ДСЖ;

3) алдын ала медициналық куәландыру – ішкі істер органдарының штаттық әскери-дәрігерлік комиссиялары жүргізетін құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсетін (бұдан әрі - оқу) адамдарды медициналық куәландыру;

4) әскери-дәрігерлік сараптама (бұдан әрі - ӘДС) – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында медициналық камтамасыз етуді оңтайлы жасақтау мен жетілдіру және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәселелерді шешу мақсатында жүзеге асырылатын ғылыми, әдістемелік, ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар кешенін білдіретін медициналық қызмет түрі;

5) білім беру ұйымдарының уақытша жұмыс істейтін штаттық емес әскери-дәрігерлік комиссиялары (бұдан әрі - ББҰ УӘДК) – оқу орнының қабылдау комиссиясы жұмыс істейтін кезеңде оқуға түсушілерге түпкілікті медициналық куәландыру өткізу үшін құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының жанында уақытша құрылатын әскери-дәрігерлік комиссиялар;

6) мертігу, жаралану, контузия, жарақат (бұдан әрі - зақымдану) – қысқа мерзімге немесе өзгермейтін сипаттағы, жартылай немесе толық еңбекке жарамдылығының немесе әскери қызметті өткеруге қабілетінің жойылуымен бірге қосарланған механикалық, химиялық (техникалық сұйықтықтармен улану, зымыран жанар-жағар майларының құрамдарымен, газдармен, түтінмен және бумен, уыттылығы жоғары немесе улы заттармен улану), күйу, атмосфералық (тоңу, қалтырау, үсу), спецификалық (электрлік, радиоактивті және ионды сәуле шығару, электромагниттік кеңістіктер әсері, оптикалық квантты генераторлардың, лазерлердің және радио толқындардың әсері),

барометриялық және акустика факторларының сыртқы әсерінен тіндердің, органдардың және жүйелердің зақымдалуы;

7) құқық қорғау органдарындағы қызметке кандидаттар (бұдан әрі – қызметке кандидаттар) - құқық қорғау органдарына қызметке орналасушы, оның ішінде бұрын құқық қорғау органдарындағы қызметтен босатылған азаматтық тұлғалар;

8) құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсуге кандидаттар (бұдан әрі – оқуға кандидаттар) – азаматтық тұрғындар қатарынан құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсуші адамдар және құқық қорғау органдарының қызметкерлері (бұдан әрі - қызметкерлер);

9) әскери-дәрігерлік комиссияның медициналық куәландыруы (бұдан әрі - МК) – қарап-тексеру сәтінде сырқаттардың бар-жоғын, зақымының (жарақат, жаралану, контузия) салдарын, дене және психикалық дамуының (жай-күйін) ерекшеліктерін анықтау (растау) мақсатында кәсіби жарамдылығын, сырқатының ауырлығы дәрежесін және себепті байланысын, зақымының (жарақат, жаралану, контузия) салдарын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияның жеке тұлғаны қарап-тексеруді жүргізуі;

10) психодиагностикалық тестілеу (бұдан әрі – ПД тестілеу) – жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері туралы шартты мәліметтер алу мақсатында әдістемелердің міндетті және қосымша түрлерін пайдаланып тестілеудің топтық немесе жеке үрдісін жүргізу;

11) психофизиологиялық зерттеу (бұдан әрі - ПФЗ) – жеке тұлғаның психологиялық және психофункциялық қасиетін жан-жақты бағалауға бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар жиынтығы;

12) психофункциялық тестілеу (бұдан әрі – ПФ тестілеу) - орталық нерв жүйесінің функционалдық жай-күйінің жеке ерекшеліктерін зерттеуге арналған психологиялық тестілеу жүргізу;

13) себепті байланыс – бұл жұмыс істейтін немесе бұрынғы қызметкердің сырқатының, алған зақымының (жарақат, контузия, жаралану) қызмет (әскери қызмет) өткеру немесе қызметтік міндеттерін (әскери қызмет міндеттерін) атқару кезеңімен себепті-салдарлық өзара байланысының бар болуын анықтайтын штаттық әскери-дәрігерлік комиссиялар белгілейтін сараптама санат;

14) түпкілікті МК – қабылдау комиссиясы жұмысының кезеңінде штаттық емес ББҰ УӘДК жүргізетін оқуға түсетін адамдарды МК;

15) сырттай әскери-дәрігерлік сараптама - денсаулық жағдайы бойынша тексеруден өтуден бас тарту немесе өтуге қабілетсіздік себебі бойынша МК жүргізу мүмкін болмаған жағдайларда не ӘДС мәселелері бойынша бұрын қабылданған қорытындылардың, қаулылардың, шешімдердің негізділігіне тексеру жүргізу кезінде қызметке (оқуға) кандидаттардың, қызметкерлердің, бұрынғы қызметкерлердің, оның ішінде қайтыс болғандардың (қаза тапқандардың) медициналық сараптама және өзге де құжаттамаларына сараптама жүргізу.

16) штаттық әскери-дәрігерлік комиссиялар – тұрақты жұмыс істейтін, ішкі істер органдарының штаттық-ұйымдастырушылық құрылымындағы әскери-дәрігерлік комиссиялар;

17) ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік комиссиялары (бұдан әрі – ПО ЭДК) – құрамында медицина, психологиялық бейінді мамандары бар, медициналық куәландыру, психофизиологиялық зерттеу, сырттай сараптама және ЭДС-ның басқа да функцияларын жүргізетін ішкі істер органдарының бөліністері;

18) қызметкердің, әскери қызметшінің отбасы мүшелері - жұбайы (зайыбы), ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәмелетке толмаған балалары (асырап алынған, асырауындағы немесе қорғаншылығындағы); білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алып жатқан жиырма үш жасқа толмаған балалар (асырап алынған, асырауындағы немесе қорғаншылығындағы) және жұбайының (зайыбының) балалары; мүгедектігі бар балалар (асырап алынған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) және жұбайының (зайыбының) он сегіз жасқа дейін мүгедектік белгіленген мүгедектігі бар балалары; қызметкердің асырауындағы ата-анасы және жұбайының (зайыбының) ата-анасы.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2025 № 471 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

3. Қызметке орналасуға, оқуға түсуге кандидаттардың, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жарамдылығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № 775 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21646 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдары және Мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткеру үшін адамдардың денсаулық жағдайына қойылатын талаптарға (бұдан әрі - Талаптар) сәйкес айқындалады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ҰҰ) әскери-оқу орындарына оқуға кандидаттарға, Қазақстан Республикасының ҰҰ-да келісімшарт бойынша және (немесе) резервте әскери қызметке кандидаттарға (бұдан әрі - әскери қызметке кандидаттар) және Қазақстан Республикасының ҰҰ-да әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге ЭДС өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 717 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21469 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларымен және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережемен регламенттеледі.

Әскери қызметке, оқуға кандидаттарға және құқық қорғау органдарының әскери-тергеу бөліністерінде және азаматтық қорғау бөліністерінде әскери қызмет өткеруші әскери қызметшілерге ӘДС өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 716 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21869 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларымен және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережемен регламенттеледі.

Құқық қорғау органдарының әскери оқу орындарына кандидаттардың және Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан, әскери-тергеу бөліністерінде, азаматтық қорғау органдарында әскери қызметке денсаулығы және даму жай-күйі бойынша жарамдылығы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 722 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21863 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет өткеру үшін адамдар денсаулық жағдайына қойылатын талаптармен айқындалады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Қызметке (оқуға) жарамдылығы және әскери қызметке жарамдылық санаты туралы ӘДК-нің қорытындысы осы Қағидаларға сәйкес және қызметкерлер үшін " қызметкерлер" бөлімі бойынша, қызметке және оқуға кандидаттар үшін "кандидаттар" бағаны бойынша жолдамада көрсетілген қызмет түріне (лауазымы және мамандығы бойынша) сәйкес келетін баған бойынша Талаптардың тармақтарына сәйкес шығарылады.

Соғыс уақытында қызметке кандидаттардың жарамдылығы туралы қорытынды " қызметкерлер" бөлімі бойынша шығарылады.

МК өткізу сәтінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлерінде, әскери құрылымдарында әскери қызметтегі, құқық қорғау, арнайы мемлекеттік органдарда қызметтегі және құқық қорғау органдарына қызметке кандидаттар ретінде немесе ауыстыру жолымен (МК-ға жолдамада тиісті жазба бар болған кезде) қабылданатын адамдар "қызметкерлер" бөлімі бойынша куәландырылады.

4-1. Құқық қорғау органдарына қызметке кандидаттар ретінде немесе ауыстыру жолымен (МК-ға жолдамада тиісті жазба бар болған кезде) жаңадан қабылданатын арнаулы атақтарды және сыныптық шендерді иелену, сондай-ақ нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдар "қызметкерлер" бөлімі бойынша куәландырылады.

Құқық қорғау органдарына қызметке кандидаттар ретінде немесе ауыстыру жолымен (МК-ға жолдамада тиісті жазба бар болған кезде) жаңадан қабылданатын

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған адамдар " қызметкерлер" бөлімі бойынша куәландырылады.

**Ескерту. Қағида 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### 5. ӘДС:

1) қызметке кандидаттардың нақты лауазымға денсаулық, дене және (немесе) психикалық жай-күйі және дамуы (бұдан әрі – денсаулық және даму жағдайы) бойынша жарамдылығын;

2) оқуға түсуге кандидаттардың денсаулық және даму жағдайы бойынша жарамдылығын;

3) құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдары курсанттарының денсаулық және даму жағдайы бойынша одан әрі оқуға жарамдылығын;

4) қызметкерлердің бөліністерде және қызмет түрлеріне қызметке нақты лауазым бойынша және (немесе) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық санаты бойынша жарамдылығын:

лауазымға тағайындау немесе қызмет бойынша ауысуы кезінде;

шекті жасқа жеткен кезде;

қызметтен босатылған кезде, оның ішінде денсаулық жағдайы бойынша;

Заңының 65-бабында көрсетілген уақытша еңбекке жарамсыздық мерзіміне жеткен кезде (бұдан әрі - уақытша еңбекке жарамсыздықтың белгіленген мерзімі);

анықталған тұрақты қолайсыз ДСЖ кезінде;

5) қызметкерлердің климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде, радиоактивті ластануға ұшыраған аумақтарда қызмет өткеруге (ал отбасы мүшелеріне - тұруға) денсаулық және даму жағдайы бойынша жарамдылығын;

6) қызметкерлердің жиілік диапазоны 30 кГц-тен - 300 гГц-ге дейін болатын электр магнитті кеңістік көздері бар жұмысқа денсаулық және даму жағдайы бойынша жарамдылығын;

7) жұмыс істеп жүрген және бұрынғы қызметкерлердің олар қызмет міндеттерін (парызын) орындау кезінде алған және мүгедектікке әкеп соқтырмаған денсаулыққа зақымдарының ауырлық дәрежесін;

8) жұмыс істеп жүрген және бұрынғы қызметкерлердің зақымдарының (жаралануы, контузиясы, жарақаттары) қызмет өткеру кезеңімен, қызметтік міндеттерін атқаруымен себепті байланысын;

9) қызметкерлердің қызмет өткеру немесе қызметтен босатылған соң 1 жыл өткенге дейінгі кезеңде сырқаттануының, зақымдарының (жаралануы, контузиясы, жарақаттары), қаза табуға (қайтыс болуға) әкеп соқтырған себепті байланысын;

10) бұрынғы қызметкерлердің, олардың қызметтен босатылуын ресімдеу сәтіндегі денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық санатын;

11) зақымдарының (жаралануы, контузиясы, жарақаттары) себепті байланысы туралы мәселені шешу үшін бұрынғы қызметкерлердің, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің және басқа да әскери оқиғаларға қатысушылардың дене зақымдарының анық салдарының сипатын және ескілігін анықтау мақсатында өткізіледі.

Әр түрлі құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қызмет бойынша тағайындау немесе ауыстыру кезінде МК-ға жіберу қажеттілігі заңнамаға сәйкес айқындалады.

## **2-тарау. Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізудің жалпы тәртібі**

6. Қызметке кандидаттарға ӘДК-ге МК-ға жолдаманы алдағы қызмет орны бойынша бөліністердің кадр қызметтері, оқуға кандидаттарға олардың жеке істері қалыптастырылатын бөліністердің кадр қызметтері береді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**6-тармақтың екінші абзацы 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.**

Қызметкерлерге ӘДК-ге МК-ға жолдаманы қазіргі жұмыс істейтін не болмаса алдағы уақытта жұмыс істейтін (орын ауыстырған кезде) қызмет орны бойынша бөліністердің кадр қызметтері береді.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. МК МК-ға жолдама беретін бөліністердің кадр қызметтері орналасқан жері бойынша жұмыс істейтін ӘДК-да жүргізіледі.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**7-тармақтың екінші абзацы 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.**

Құқық қорғау органдары орталық аппараттарының қызметкерлеріне МК Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ПМ) Әлеуметтік және медициналық қамтамасыз ету департаментінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясында (бұдан әрі – ОӘДК) өткізіледі.

Құқық қорғау органдары орталық аппараттарының және олардың аумақтық бөліністерінің қызметін үйлестіретін ведомстволық бағынысты республикалық мекемелердің кадр қызметтері қызметке кандидаттарды алдағы уақытта жұмыс істейтін немесе тұрғылықты жері бойынша ӘДК-ға МК-ға жібереді.

Қалған жағдайларда қызметке кандидаттарды және қызметкерлерді МК өткізу орны ПМ ОӘДК келісіледі.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. ӘДК МК-ға жолдама осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді. МК-ға жолдамада:

куәландырылатын адамдардың санаты: қызметке кандидат, оқуға кандидат; қызметкер (бұдан әрі – куәландырылатындар санаты);

арнаулы (әскери) атағы немесе сыныптық шені (қызметкерлер үшін);

куәландырылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған жылы;

МК мақсатты (осы Қағиданың 5-тармағында көрсетілгендер);

ұсынылып отырған нақты лауазым және бөлініс (қызметке кандидаттар, қызметкерлер үшін);

даярлау бағытының (факультеттің) және білім беру ұйымының атауы (оқуға кандидаттар үшін);

қызметтен босатылудың болжамды себебі;

еңбек сіңірген жылдары, оның ішінде жеңілдікпен есептелгені;

соңғы МК күні мен орны көрсетіледі.

Қызметкерлерді климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде, радиоактивті ластануға ұшыраған аумақтарда қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін жіберген кезде нақты тұрғылықты жері (мемлекет, облыс, қала, аудан) көрсетіледі.

Жолдамаға кадр қызметінің жауапты адамы қол қояды, фотосуретті баса отырып (адамның келбетін жаппай) мөрмен куәландырылады, инспектордың телефоны және берілген күні көрсетіледі.

Жолдама берілген күнінен бастап бір ай ішінде жарамды. МК көрсетілген мерзімде аяқталмаса, бір айға дейінгі мерзімге сол немесе басқа лауазым бойынша ӘДК-ға куәландыруға бір мәрте жаңа жолдама беріледі.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Бұрын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлерінен, әскери құралымдардан, арнайы мемлекеттік, құқық қорғау органдарынан, басқа да қайта ұйымдастырылған немесе таратылған әлуетті құрылымдардан босатылған қызметке орналасатын кандидаттарға жолдамада жұмыстан шығару уақыты, себебі және шығару кезіндегі жарамдылық санатының тұжырымдалуы көрсетіледі.

Көрсетілген адамдар кадр қызметі растай отырып, жұмыстан босату негіздемесін көрсетіп, жұмыстан босату туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынады. Денсаулық

жағдайы бойынша қызметтен босатылған жағдайда кадр қызметі жеке ісінен МК-ның тиісті қорытындысының расталған көшірмесі ӘДК-ге ұсынады (почтамен, кадр қызметтерінің қызметкерлері арқылы немесе электрондық құжаттар айналымы арқылы)

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Қызметке (оқуға) кандидаттар, қызметкерлер кадр қызметінің жолдамасымен бірге куәландыру үшін ӘДК-ға зертханалық және аспаптық зерттеулердің нәтижелерін, рентгенограммаларды (пленкаларды), арнайы зерттеу әдістерінің хаттамаларын (бұдан әрі – зерттеу нәтижелері), осы Қағидалардың 37 және 59-тармақтарында көрсетілген қажетті медициналық және қызметтік құжаттарды ұсынады.

ӘДК-ге ұсынуға арналған қажетті құжаттар мен зерттеулер нәтижелерінің міндетті тізбесін кадр қызметі куәландырылатын адамдарға ӘДК-ге жолдамамен бірге береді. Куәландырылатын адамдардың әрбір санаты үшін көрсетілген тізбені ПМ ОӘДК құрайды.

Анықтамалар, көшірмелер және зерттеу нәтижелері бланкілерде ресімделуі, мамандарының мөрлерімен және денсаулық сақтау мекемелерінің мөрлерімен расталуы тиіс. Куәландырылатын адамдардың жекелеген санаттары үшін құжаттардың және зерттеу нәтижелерінің қолданылу мерзімі осы Қағидалардың тиісті тарауларында регламенттеледі.

МК басталар алдында куәландырылатын адам (заңды өкілі) жазбаша немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы:

оның дербес медициналық деректеріне қол жеткізуге, оларды жинауға және өңдеуге ;

оған қатысты кадр қызметінің жолдамасына сәйкес медициналық (оның ішінде психиатриялық) куәландыру және ПФТ жүргізуге;

оның МК және ПФТ-ден өту рәсімдерін сақтауына;

қажет болған кезде қосымша медициналық тексеруден, бақылаудан өтуге, олардың нәтижелерін және басқа да қолда бар медициналық мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға;

МК-ға жолдама берген кадр қызметіне МК және ПФТ қорытындысын беруге келісім береді.

Жоғарыда көрсетілген жазбаша келісімді ресімдеуден немесе оның шарттарын сақтаудан бас тартқан кезде осы адамға МК жүргізілмейді не басталған МК тоқтатыла тұрады.

Көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ олардың жалған (бұрмаланған), құжаттар, мәліметтер беру фактісі анықталған кезде куәландырылатын адамдар МК және (немесе ) ПФТ жүргізуден шеттетіледі және олар туралы "Тексеру аяқталмауына байланысты

қорытынды шығарылған жоқ" қорытындысы қабылданады. Көрсетілген фактілерді растайтын құжаттар МК актісіне қоса тіркеледі. Осы фактілер туралы мәліметтер кадр қызметіне арналған ӘДК-ның қорытындысымен бірге анықтаманың "ескерту" бөлімінде көрсетіледі.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. МК жүйелі түрде және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ӘДС өткізген кездегі тексеру әдістемесіне сәйкес көлемде жүргізіледі.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**11-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

ӘДК қорытындыларын есепке алудың электронды жүйесі бар болған кезде медициналық тіркеуші ішкі істер органдарының барлық ӘДК бірыңғай базасы бойынша алдыңғы өткізілген барлық МК нәтижелерінің бар (жоқ) екеніне тексеру жүргізеді.

Қызметке (оқуға) кандидаттарды, қызметкерлерді терапевт, хирург, невропатолог, психиатр, офтальмолог, оториноларинголог дәрігер-мамандар, әйел жынысты адамдарды-гинеколог тексереді.

Оқуға кандидаттарды (оның ішінде оқуға түсуші қызметкерлер) дерматовенеролог және стоматолог қосымша тексереді.

Дерматовенерологқа және стоматологқа қызметке кандидаттар мен қызметкерлер осы Қағидаларға 2-қосымшаның 6-тармағына сәйкес көрсетпелер анықталған кезде жіберіледі.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. ӘДК мамандарын тексерулердің деректері осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес актінің немесе медициналық куәландыру картасының (бұдан әрі - МК актісі, картасы) тиісті бөлімдеріне енгізіледі.

Мамандар тексерудің немесе ӘДК-нің қорытынды отырысын өткізу барысында, медициналық көрсетпелер болған кезде куәландырылатын адамдар басқа мамандардың қосымша тексеруіне немесе консультациясына жіберіледі. Ұсынылған зерттеу нәтижелерінің және (немесе) мамандардың консультацияларының мазмұны анамнездің деректеріне және сарапшы дәрігердің жеке объективті тексеруінің нақты нәтижелеріне сәйкес келмеген жағдайда азаматтар бұрын зерттеп-қарау жүргізілгендерден басқа, медициналық ұйымдарға немесе мамандарға қайта қосымша тексеруге жіберіледі. Бұл ретте ӘДК сарапшы-дәрігері қайта қосымша тексеру жүргізу қажеттігінің негіздемесін түсіндіреді.

Қосымша тексеруге жіберген кезде МК актісінің немесе картасының бөлімдері " шағымдар, анамнез, объективті тексеру" осы қосымша тексеруге (емдеуге) немесе консультацияға жіберу қажеттілігін негіздейтін жазбаларды қамтиды. Сарапшы-дәрігерлер қосымша тексеру түрі және жолдама күні туралы белгілер қояды.

Кодекстің 75-бабы 3-бөлігіне сәйкес құзырет бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысанындағы амбулаторлық пациенттің медициналық картасының (бұдан әрі – амбулаторлық карта) болмауы көрсетілімдер болмаған жағдайда қосымша тексеруге жіберу үшін жеке негіздеме болып табылмайды.

Қосымша тексеру көлемін ӘДК маманы аурудың (физикалық жай-күйі) нақты түрі үшін Диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларында (бұдан әрі – ДЕКХ) көрсетілген тексеру түрлерінің ішінен дербес айқындайды.

Талаптарда және ДЕКХ-де жазылған қосымша зерттеулер жүргізу үшін көрсетпелерде алшақтықтар болған кезде соңғысы негізге алынады.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

13. МК-ның кез келген сатысында Талаптарға сәйкес қызметке немесе оқуға түсуге кедергі келтіретін денсаулық және даму жағдайы ерекшеліктері, ал әйел адамдарда – сондай-ақ жүктілік анықталған кезде, одан әрі тиісті қорытынды қабылданатын ӘДК-нің қорытынды отырысына дейін МК тоқтатылады.

Диагноз қою және жарамсыз деп тану үшін жеткілікті негіздер болған жағдайда қосымша тексеру жүргізілмейді.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Мамандардың қарап-тексеруі жазбаларының "күні" деген жолда барлық келу күндері (оның ішінде қайта келу) дәйекті түрде жазылады.

Диагноз соңғы келген күні нақтыланғаннан кейін қойылады, мамандардың қолымен және жеке мөрімен расталады.

15. ӘДК мамандары қабылдау күні мен уақытын, тегі мен аты-жөнін, санатын ( қызметке, оқуға кандидат, қызметкер) және жіберген құқық қорғау органы бөлінісінің атауын белгілей отырып, куәландырылатын адамдарды қабылдауды тіркеу журналын ( еркін нысанда) жүргізеді. Куәландырылатын адамды бір күн ішінде қайта қабылдаған кезде қайта қабылдау уақыты көрсетіле отырып, жазба қайта жүргізіледі.

16. Сарапшы-дәрігердің бейбіт уақытта күніне 25 (сарапшы -терапевт- дәрігердің – 20) адамнан аспайтын (тағайындалған тексерулерден кейін қайта қабылданатын адамдарды ескере отырып), соғыс уақытында - 50 адамнан аспайтын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында түпкілікті куәландыру кезінде тексеру жүргізуіне рұқсат беріледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Сарапшы-дәрігерде тексеру аяқталғаннан кейін, сарапшы-психиатрда тексеру жүргізгенге дейін, қызметке (оқуға) кандидаттарға және осы Қағидалардың 148-тармағының 3) тармақшасындағы көрсетілген қызметке (оқуға) кандидаттарға және қызметкерлер санаттарына осы Қағидалардың 11-тарауында және осы Қағидалардың 2-қосымшасының 10-тарауында белгіленген тәртіппен ПФЗ жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Барлық сарапшы-дәрігерлерден өткен және ПФЗ-ны аяқтаған куәландырылатын адамдарды, тексеруді аяқтамаған немесе одан бас тартқан, қажетті зерттеулердің нәтижелерін және медициналық құжаттарды ұсынбаған қызметке (оқуға) кандидаттар, сондай-ақ осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес куәландыру тоқтатылған адамдарды ӘДК мамандары ӘДК-нің қорытынды отырысына шақырады.

Куәландырылатын адамға ӘДК-нің отырыстарына келу қажеттігі, оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлау оның МК актісінің (картасының) "Ерекше белгілер" бөлімінде қол қоюымен расталады.

Осы сәттен бастап кандидаттар мен қызметкерлерден МК актілері (карталары) алынып, қорытынды отырысты өткізу үшін ӘДК төрағасына беріледі.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. ӘДК-нің қорытынды отырысы кемінде ӘДК үш сарапшы дәрігерінің, оның ішінде комиссия төрағасының қатысуымен, МК мен ПФТ-ны аяқтағаннан кейін не болмаса МК тоқтатылғаннан кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

Отырысты өткізетін адам комиссия төрағасы, куәландыру нәтижелерін тіркейтін адам - комиссия хатшысы болып табылады. Комиссия төрағасы, әдетте, ӘДК - нің штаттық төрағасы, ол болмаған кезде-қол қою құқығы ішкі істер органының басшылығымен келісілген, олардың негізгі мамандықтарының бір сарапшы-дәрігері болып табылады. Комиссия отырысының хатшысын ӘДК қызметкерлері қатарынан комиссия төрағасы тағайындайды.

МК және ПФЗ нәтижелерін алдын ала талқылау азаматтардың қатысуынсыз жүргізіледі.

ӘДК қорытындысы және қаулысы комиссия отырысына қатысқан сарапшы-дәрігерлердің және комиссия төрағасының қатысуымен қарапайым көпшілік даусымен алқалы түрде ӘДК МК актісінде "жақтау", "қарсы" нәтижелерін белгілей отырып қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы

шешуші болып табылады. Комиссия төрағасы немесе жекелеген мүшелері ӘДК-нің қабылданған жалпы қорытындысымен келіспеген кезде ерекше пікір ӘДК отырысы барысында түсіндіріледі, медициналық куәландыру актісінде (картасында) жазбаша түрде қоса беріледі және ӘДК отырысы хаттамаларының журналына жазылады.

ПФЗ бастығы (сарапшы-психолог) МК қорытындысын шығару кезінде дауыс беруге қатыспайды.

ӘДК отырысына қажет болған жағдайда кадр қызметінің қызметкерлері (дауыс беру құқығынсыз) шақырылады.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

20. ӘДК-ның қорытынды отырысында 5 жұмыс күнінен аспайтың мерзімде қосымша (оның ішінде қайта) тексеру (емдеу) немесе материалдардың нәтижелерін неғұрлым егжей-тегжейлі талдау қажеттілігі анықталған кезде ӘДК-ның қорытындысы шығарылмайды. Көрсетілген жағдайларда МК актісінде күні көрсетіле отырып, тиісті жазба жасалады.

5 жұмыс күнінен астам мерзімде қосымша (оның ішінде қайтадан) тексеру (емдеу) қажеттігі анықталған жағдайларда, тағайындалған тексеруден немесе МК аяқтаудан бас тартқан кезде, сондай-ақ куәландырылатын адам ӘДК қорытынды отырысынан кейін 5 жұмыс күнінен астам мерзімде келмеген кезде немесе тағайындалған қосымша тексерудің (емдеудің) нәтижелерін ұсынбаған кезде МК актісінің (картасының) "диагностар" бөлімінде анықталған диагностардың мәтіні "толық зерттелмеген" деген сөзбен толықтырылады, қызметке (оқуға) кандидаттарға және қызметкерлерге "тексеру аяқталмауына байланысты қорытынды шығарылған жоқ" деген қорытынды шығарылады.

Айқын байқалған созылмалы аурулар, мертігу (жаралану және жарақаттану) салдарлары кезінде қолайсыз ДСЖ болжау жағдайларында амбулаториялық немесе стационарлық тексеру (емдеу) қажет болған кезде қызметкерлерге "Кейіннен куәландыра отырып, тексеруге (емделуге) жатады" деген қорытынды шығарылады.

Мұндай жағдайларда қызметкерлерді қайта МК-ға жіберу туралы шешімді кадр қызметтері алдыңғы МК өткізілген сәттен бастап 3 айдан кешіктірмей қабылдайды.

Сараптамалық маңызы бар аурулар, мертігу (жаралану, контузия, жарақат) салдарларын анықталған, байқалған (емдеген) сәттен бастап кемінде 6 ай бақылаудың қажетті мерзімдері ескерілетін Қағидалардың 60-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген жағдайлар бұған жатпайды.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Қызметке және оқуға кандидаттарға қатысты "Қорытынды тексерудің аяқталмауы себепті шығарылған жоқ" қорытындысы Талаптарға сәйкес жарамсыздықты анықтайтын болжамды диагнозды қоюға жеткілікті деректер болмаған жағдайда шығарылады.

Жарамсыздықты анықтайтын болжамды диагноз шығаруға жеткілікті негіздер болған жағдайда МК актісінің немесе картаның "диагноздар" бөлімінде белгіленген диагноздардың мәтіні "толық тексерілмеген, болжамды диагнозы: \_\_\_\_" (диагнозы көрсетілсін) және " \_\_\_\_ қызметке жарамсыз", " \_\_\_\_ түсуге жарамсыз" қорытындысы шығарылады.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Сараптамалық қорытынды сырқаттың, зақымның нақты диагнозына немесе физикалық жай-күйін сипаттауға (негіздеуге) негізделеді. МК кезінде анықталған барлық сырқаттар мен физикалық жағдайдың ерекшеліктері сараптамалық маңыздылығы тәртібімен көрсетіледі.

23. МК қорытындысын және ПФЗ тұжырымын комиссия мүшелері ӘДК (ББҰ УӘДК) қорытынды отырысын өткізу кезінде МК актісінің (картасының) қорытынды бөлігінің бөліміне, комиссия хатшысы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ӘДК (ББҰ УӘДК) отырыстарының хаттамалар кітабына (бұдан әрі - хаттамалар кітабы) жазады.

МК қорытындысының жазбаларына МК актісінде (картасында), хаттамалар кітабында комиссия төрағасы, отырысқа қатысқан (кемінде үш) комиссия мүшелері, комиссия хатшысы қол қояды және ӘДК елтаңбалық мөрмен бекітіледі, ал соңғы МК өткізген кезде білім беру ұйымының елтаңбалық мөрмен бекітіледі және қосымша аумақтық штаттық ӘДК төрағасының қолымен бекітіледі.

ПФЗ-ның "ұсынылмайды" деген қорытындысын шығару кезінде ӘДК қорытындысының жазбалары, сондай-ақ ПФЗ бастығы және (немесе) сарапшы-психолог куәландырады.

ӘДК (ББҰ УӘДК) хаттамалар кітабында көрсетілген мамандардың қолдарын қоюы және мөрмен бекітілуі бір мәрте, ӘДК (ББҰ УӘДК) қорытынды отырысы қабылданған күні барлық қорытындыларды тіркегеннен кейін жүргізіледі.

24. Қорытынды диагноз, сырқаттың, жарақаттың, мертігудің (қызметкерлерде) себепті байланысы туралы қаулы, ӘДК қорытынды отырысының қорытындысы және ПФЗ қорытындылары (психиатрдың сараптамалық диагноздардан және психологиялық мінездеме мазмұнынан басқа) куәландырылатын адамның қатысуымен жарияланады.

Қызметке (оқуға) кандидаттар, нақты лауазымдағы қызметке жарамсыз деп танылған, әскери қызметке жарамсыз немесе шектеулі жарамды, ПФЗ нәтижелері

бойынша ұсынылмайтын, сондай-ақ қызметтен босатылуына байланысты МК-ге жолданған қызметкерлер кез келген қорытындыны шығару кезінде ӘДК қорытындысымен танысқаны туралы МК актісінде қол қояды.

Егер куәландырылатын адам ӘДК қорытындысымен танысқаны туралы қол қоюдан бас тартқан кезде МК актісінің "ескертпе" бөлімінде тиісті жазба жүргізіледі.

МК және ПФЗ аяқталған соң азаматтарға амбулаториялық карталар қайтарылады. Қызметке (оқуға) жарамсыз деп танылған азаматтардың өтініштері бойынша оларға медициналық құжаттарының (анықтамалар, талдаулар) көшірмелері немесе олардың белгіленген диагнозды негіздейтін, ӘДК қорытындысын негіздейтін медициналық құжаттары мен зерттеулер нәтижелерінен басқаларының түпнұсқалары қайтарылады.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

25. Куәландырушыда Талаптарда көзделмеген сырқат (физикалық жай-күйі) болған кезде ӘДК куәландырылатын адамның сырқатына, функционалдық бұзылуларға, физикалық жай-күйіне неғұрлым сәйкес келетін тармақ бойынша қорытынды шығарады. Бұл ретте Талаптардың тиісті тармағын көрсете отырып, " \_\_\_ тармағына қатысты" деген сөздер жазылады.

26. Куәландырылатын адам ӘДК-нің қорытынды отырысында келмеген жағдайда, ӘДК қорытындысы оның қатысуынсыз шығарылады және ресімделеді.

Куәландырылатын адамның ӘДК отырысына келмеуі МК актісінің (қартасының) қорытынды бөлімінің "Ескертпе" жолында белгіленеді.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Қызметкерлерге шығарылған ӘДК қорытындысы психиатриялық диагноздарын, мінез-құлқының бұзылуын (сырқаттарын) және ПФЗ-ның психологиялық сипаттамасын көрсетусіз жеке анықтама түрінде амбулаторлық картасына енгізіледі. Қызметкерлерге психикалық, мінез-құлқының бұзылуы (сырқаттары) диагноздары қойылған кезде көрсетілген мәліметтер ПО емханасының дәрігер-психиатрына тікелей беріледі.

Бұл ақпарат ПО емханалары жанында міндетті медициналық қарап-тексеру жүргізу және ӘДК жанында кейіннен МК өту кезінде пайдаланылады.

28. Куәландыру нәтижелері осы Қағидаларға 6 және 7-қосымшаларына сәйкес анықтамамен немесе сырқаты туралы куәлікпен ресімделеді.

29. Психикалық, мінез-құлқының бұзылулары (сырқаттары), қатерлі сырқаттары, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (бұдан әрі - ЖЖБИ), бедеулік, жыныс органдары аурулары, адамның иммунитет тапшылығы вирусы қоздыратын ауруы бар

адамдарға ресімделген ӘДК қорытындылардың әрбір данасы бет жағының жоғарғы кеңістігінде "көшірмелерді алуға, қолына беруге, мәліметтерді жариялауға тыйым салынады" деген мөртабан қойылады. Көрсетілген ӘДК қорытындыларынан құқық қорғау органдарының, медициналық мекемелердің, халықты әлеуметтік қорғау органдарының, жергілікті әскери басқару органдарының, құқық қорғау органдары кадр бөліністерінің сұрау салуы бойынша ғана бір данада көшірмелері (немесе олардың телнұсқалары беріледі) алынуы мүмкін.

ӘДК қорытындысын ресімдеу кезінде көрсетілген сырқаттар түрлері бар диагноздардың атауларының орнына 10-шы шығарылымдағы сырқаттардың Халықаралық жіктемесіне (бұдан әрі - СХК-10) сәйкес олардың шифрларын көрсетуге рұқсат беріледі.

30. Қызметке кандидаттарға, қызметкерлерге ӘДК-ның қорытындылары МК актісінің титулдық парағына қол қойғыза отырып, кадр қызметінің инспекторларына беріледі.

Оқуға жарамсыз деп танылған кандидаттарға ӘДК-нің анықтамалары, сондай-ақ жарамды деп танылған оқуға кандидаттарға МК анықтамалары мен карталарын кадр қызметінің инспекторларына хаттамалар кітабына қол қойғызып береді.

ӘДК қорытындысы куәландырылатын адамдардың қолына берілмейді.

Кадр қызметтері ӘДК-нің қорытындысын алуға уәкілетті қызметкерлердің тізімін жыл сайын ӘДК-ге ұсынып отырады (жаңартылады).

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**30-тармақ бесінші бөлікпен толықтыру көзделген - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31. Бұрын МК кезінде жарамды деп танылған және ПФТ бойынша ұсынылған қызметкерлер, кейіннен алдыңғы лауазыммен салыстырғанда (осыған байланысты бұрын МК жүргізілген) денсаулық жағдайына бірдей немесе неғұрлым төмен талаптарды не осыған ұқсас қызмет түрін көздейтін лауазымдарға (оның ішінде жоғары тұрған лауазымдарға) қызмет бойынша тағайындаған (ауысқан) кезде, алдыңғы МК кезінен бастап 3 жыл ішінде МК жіберілмейді.

Бұл тұрғыда ерекшелікті ӘДК-нің алдыңғы шешімімен әскери қызметке жарамдылығын шектеу туралы қорытынды шығарылған қызметкерлер немесе функцияларының айқын бұзылуымен ауруларының (жүрек-қан тамырлары, эндокриндік, жүйке жүйесі) немесе жарақаттардың зардаптары бойынша диагноздары анықталған, сондай-ақ азаптауды қолдану қаупі жоғары лауазымдарда қызмет бойынша тағайындалатын (орнын ауыстыратын) немесе қызмет мерзімін ұзартатын қызметкерлер құрайды.

Бұрын МК кезінде жарамды деп танылған және ПФТ бойынша ұсынылған қызметкерлер, кейіннен алдыңғы лауазыммен салыстырғанда (осыған байланысты бұрын МК жүргізілген) денсаулық жағдайына қойылатын бірдей немесе неғұрлым

төмен талаптар не осыған ұқсас қызмет түрі көзделген лауазымдарда қызмет мерзімін ұзарту кезінде, алдыңғы МК 6 ай ішінде қайта МК жіберілмейді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**31-тармақтың төртінші бөлігі 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.**

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31-1. Қызметке кандидаттарды және бұрын МК бойынша жарамды деп танылған және ПФТ бойынша ұсынылған қызметкерлерді қайта МК кезінде ӘДК сарапшыларында тексеру жүргізілген сәттен бастап 3 ай ішінде сол МК актісінде тиісті жаңа қорытынды қабылдауға жол беріледі (егер осы кезеңде құжатпен расталған денсаулық жағдайының нашарлауы болмаса).

Бұл ретте жаңа қорытынды шығарылған сәтте осы Қағидалардың 37 және 59-тармақтарында көрсетілген зерттеулер нәтижелерінің қолданылу мерзімдері, сондай-ақ Талаптардың бағандары бойынша қызмет түрлерін бөлуді ескере отырып, жекелеген мамандарда қосымша тексеру қажеттігі (ПФТ, вестибулярлық сынама, ЭЭГ) ескеріледі.

Кандидат немесе қызметкер жолдамада көрсетілген лауазымда қызметке жарамсыз деп танылған және басқа лауазымға жаңа жолдама ұсынған жағдайларда денсаулық жағдайы және дене бітімінің дамуы бойынша жаңадан ұсынылған лауазымға қызметке орналасуға кедергі келтіретін негіздер болмаған жағдайда қайта (бұдан әрі) куәландыру жүргізіледі. Көрсетілген жағдайларда ӘДК сарапшыларында тексеру жүргізілген сәттен бастап 3 ай ішінде сол МК актісінде жаңа қорытынды қабылданады.

Осы тармақтың мазмұны қызметке кандидат немесе қызметкер МК және (немесе) ПФТ (оның ішінде тексеруге немесе емдеуге жіберу кезінде) аяқтамаған және ӘДК сарапшыларында тексеру жүргізілген сәттен бастап 3 ай ішінде МК және (немесе) ПФТ қайта келген жағдайларға да қолданылады.

Жоғарыда көрсетілген барлық жағдайларда МК актісінде және хаттамалар кітабында жаңа қорытындыны ресімдеу тәртібі осы Қағидалардың 31, 136 және 138-тармақтарымен регламенттеледі.

ӘДК сарапшыларында зерттеу жүргізілген сәттен бастап 3 айдан астам мерзімде МК қайта жасаған кезде МК жаңа актісі ресімделеді.

**Ескерту. Қағидалар 31-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Алдыңғы МК-да қандай да бір сараптамалық маңызы бар диагноздар, сырқаттар, зақымдар шығарылған жағдайда тиісті сарапшы-дәрігерлердің қайта тексеруі міндетті. Маманның қайтадан жазуы қосымша парақта жүргізіледі және алдыңғы тексеру бөліміне қоса тіркеледі.

Осындай жағдайларда жаңа қорытындыны МК актісінде және хаттамалар кітабында ресімдеу тәртібі осы Қағидалардың 136 және 138-тармақтарымен регламенттеледі.

32-1. Қайта, қосымша немесе бақылау МК жүргізу кезінде бұрын шығарылған қорытындыларды, қаулыларды қайта қарау немесе күшін жою нәтижелері МК актісіне (картасына) енгізіледі және осы Қағидаларға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес науқастануы туралы анықтамамен немесе куәлікпен ресімделеді.

Бақылау МК алдыңғы өзінің, төмен тұрған ӘДК-ның немесе алдын ала МК жүргізген ӘДК-ның қорытындысының негізділігін тексеру мақсатында жүргізіледі.

Қайта, қосымша немесе бақылау МК жүргізілмейтін жағдайларда, ӘДС мәселелері бойынша бұрын шығарылған қорытындыларды, қаулыларды, шешімдерді қайта қарау немесе олардың күшін жою туралы шешім сараптама материалдарын бақылау талдауының нәтижелері бойынша шығарылады және осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес сырттай сараптама жөніндегі әскери-дәрігерлік комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, ол хаттамалар кітабында (журналында) тіркеледі және нөмірленуіне сәйкес сақталады.

Осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаулы кадр қызметінің инспекторына хаттамалар кітабына (журналына) қол қойғызып беріледі, хаттама мен қаулының көшірмесі МК актісіне (картасына) немесе алдыңғы сырттай сараптама материалдарына қоса тігіледі.

**Ескерту. 32-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

### **3-тарау. Қызметке кандидаттарды медициналық куәландыру.**

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**33-тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Кадр қызметтері әскери билеттерді, қызметке кандидаттардың тіркеу куәліктерін зерделейді және "әскери қызметке жарамды" немесе "әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды" әскери есепте болған жағдайда оларды ӘДК-ге жібереді. Қызметке (оқуға) кандидаттарда есепке алу-әскери құжаттары болмаған кезде олардың әскери қызметке қатысы (жарамдылық дәрежесі) туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің электрондық ақпараттық жүйелерінде нақтыланады, басып шығарылады және ӘДК-ға медициналық куәландыруға жолдамамен бірге ұсыну үшін кадр қызметінің мөрімен куәландырылады.

Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру болған кезде кандидаттар диагноздарын көрсете отырып, кейінге қалдыру негіздері туралы

ақпаратты (анықтаманы) және қорғаныс істері жөніндегі бөліністердің ӘДК хаттамасынан көшірмені немесе диагноздары, бұйрықтың бабы және тексерулердің расталған көшірмелерін (шақырылушының денсаулық жағдайын зерттеу актісін) ұсынады.

Бұрын мерзімді әскери қызметтен босатылған немесе Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлерінен, әскери құралымдардан, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарынан, өзге де қайта ұйымдастырылған немесе таратылған күш құрылымдарынан науқастануы бойынша босатылған және әскери қызметке жарамсыз не шектеулі жарамды ретінде қорғаныс істері жөніндегі бөліністерде әскери есепте тұрған адамдар ӘДК-ге жіберілмейді.

Әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы жазба болмаған кезде, әскери билеттерде әскери қызметке жарамдылық дәрежесі және ӘДК қорытындыларындағы жазу әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы жазбаға сәйкес келмеген кезде әскери есепке алу жағдайы туралы ӘДК қорытындыларын ескере отырып, әскери қызметке жарамдылық санаты туралы мәліметтерді анықтау (енгізу) үшін кандидаттар қорғаныс істері жөніндегі бөліністерге жіберіледі.

**Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Қорғаныс істері жөніндегі бөліністер денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық шектеулерін алып тастаған адамдар ("әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз" деп танылғандардан басқа) ПО ӘДК-ға қорғаныс істері жөніндегі бөліністердің медициналық комиссияларының негізделген тиісті құжаттарының расталған көшірмелерін ұсынады.

ӘДК ұсынылған әскери-есепке алу және негізге алынатын медициналық сараптама құжаттарын зерделейді, қажет болған жағдайда жетіспейтін құжаттарды талап етеді, қажетті қосымша зерттеулер жүргізеді, бұрын қызметке жарамсыз деп тануға негіз болған сырқаттарының, зақымның сараптамалық бейіні бойынша мамандардың кеңестерін жүргізеді.

ПО ӘДК-де көрсетілген адамдарды қызметке жарамды деп танығанда медициналық сараптама және әскери-есеп құжаттары ПМ ОӘДК-ге бекітуге жіберіледі.

**Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

35. Бұдан бұрын Қазақстан Республикасы ПО, Қарулы күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарының, арнайы мемлекеттік органдарының ӘДК-де диагнозына қарамастан, әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз деп танылған қызметке кандидаттар, сондай-ақ психикалық және мінез-құлық бұзылулары (аурулары) бойынша әскери қызметке жарамсыз немесе шектеулі жарамды деп

танылғандар қызметке жаңадан қабылдану сәтінде әскери есеп санатына және диагнозына қарамастан МК-ға жіберілмейді.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдері (бұдан әрі – МӘС бөлімдері) мүгедектігі бар адамдар деп танылған қызметке кандидаттар мүгедектігінің дәрежесі мен себептеріне қарамастан МК-ға жіберілмейді.

Мүгедектігі алынып тасталған адамдар ӘДК-ге МӘС бөлімдерінен анықтаманы және қайта куәландыру материалдарының расталған көшірмелерін ұсынады.

ӘДК ұсынылған медициналық сараптама құжаттарын зерделейді, қажет болған жағдайда жетіспейтін құжаттарды талап етеді, қажетті қосымша тексерулер, бұрын мүгедектікті тануға негіз болған сырқаттың, зақымның бейіні бойынша мамандар кеңесін жүргізеді.

ПО ӘДК көрсетілген адамдарды ұсынылған лауазымдағы қызметке жарамды деп таныған жағдайда, медициналық сараптама, әскери-есепке алу құжаттары және МӘС қайта куәландыру материалдары ПМ-нің ОӘДК-ға бекіту үшін жіберіледі.

**Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Қызметке кандидаттар ӘДК-ге куәландыру үшін кадр қызметінің жолдамасымен бірге:

1) электрондық картасынан мәліметтердің қағаз түріндегі көшірмелерін және (немесе) кемінде соңғы 5 жыл кезеңіндегі денсаулық жағдайын сипаттайтын амбулаторлық картасын, амбулаторлық картасы болмаған жағдайда – себебін (жоғалғаны, басталмағаны) көрсете отырып, тіркелген емханасынан анықтама;

2) электрондық немесе амбулаторлық картадан үзінді көшірме және бақыланатын жері бойынша (жұмыс, оқу немесе қызмет) учаскелік дәрігерден, одан басқа, әйел жынысты адамдардан бақыланатын жері бойынша гинекологтан басқа медициналық құжаттардың көшірмелері, кемінде соңғы 5 жыл кезеңіндегі денсаулық жағдайы, жүгінуі, динамикалық бақылау және ауырған аурулары және мүгедектігі бар (жоғы) туралы мәліметтерді қамтитын медициналық құжаттардың жазбаша көшірмесін (МК басталғанға дейін 6 айдан аспайтын мерзімде берілген);

3) тұрғылықты жері бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қалада немесе астанада тұрған кезде – қалалық) наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулезге қарсы, тері-венерологиялық диспансерлерден кемінде соңғы 5 жыл кезеңінде динамикалық бақылау, денсаулық жағдайы, жүгінуі, ауырған аурулары, және мүгедектігі бар (жоғы) туралы анықтамалар (МК басталғанға дейін 6 айдан аспайтын мерзімде берілген) (аудандық емдеу-профилактикалық мекемесінің психиатриялық

кабинетінен мәліметтер болған жағдайда қалалық, облыстық диспансерлерден анықтама ұсыну мүмкіндігі, тұрғылықты жері ауысқан жағдайда көрсетілген кезеңдегі тұрғылықты жері бойынша барлық психоневрологиялық диспансерлерден анықтама ұсынылады). Сондай-ақ, Қызылорда облысында тұратын адамдар Қазақ республикалық лепрозорийінен тиісті анықтама ұсынады;

4)

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**4) тармақша 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.**

5) жеке куәліктің бірінші бетінің (паспорттың, тууы туралы куәліктің) көшірмесі;

6) жұмыстан шығару негіздемесі көрсетілген жұмыстан босату туралы бұйрықтан үзінді (бұрынғы қызметкерлер мен әскери қызметшілер үшін), ал денсаулық жағдайы бойынша жұмыстан босатылған жағдайда – ӘДК-нің тиісті қорытындысының көшірмесін;

7) МК басталған күнге дейін күнтізбелік 14 күннен аспайтын мезгілде жүргізілген медициналық зерттеу нәтижелері:

қанның клиникалық (кеңейтілген) талдауын;

несептің жалпы талдауын (микроскопиямен);

қанның құрамындағы глюкозаны (40 жастан асқан адамдарға) анықтауға арналған талдауын;

тазалық дәрежесіне жағындысын (әйел жынысты адамдарға);

сипаттамасы бар электрокардиография ("тыныштық жағдайдағы") нәтижелерін;

8) МК басталған күнге дейін 3 айдан аспайтын мезгілде жүргізілген медициналық зерттеу нәтижелерін:

электр энцефалография, спирография және мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенографиясын (өрт сөндіруге және авариялық-құтқару жұмыстарына байланысты лауазымдарға кандидаттарға);

кеуде клеткасы органдарының сипаттамасы жазылған (пленкада немесе қағазда жазылған) флюорограммасы (рентгенограммасы);

микропреципитация (микрореакция) немесе мерезге Вассерман реакциясы;

ағзада есірткі және психотроптық заттардың (наркологиялық диспансерден) болуына тестілеу;

9) МК басталған күнге дейін 6 айдан аспайтын мезгілде жүргізілген медициналық зерттеу нәтижелерін:

қанды АИТВ-инфекциясына талдауды;

қанды В және С вирустық гепатитінің маркерлеріне талдауды;

эхокардиография және стресс-тредмилтест ("Сұңқар", "Арлан" бөліністеріне, жылдам қимылдайтын арнайы жасаққа (бұдан әрі – "ЖҚАЖ");

көзішілік қысымды өлшеу деректерін (40 жастан асқан адамдарға) ұсынады.

Әйел адамдар сондай-ақ скринингтік тексеру мерзімдеріне сәйкес Папаниколау (30 жастан асқан) және маммографияны (40 жастан асқан) зерттеу нәтижелерін ұсынады.

Медициналық көрсетілімдер бойынша қажетті қосымша зерттеулер жүргізіледі.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

38. Әскери қызметке жарамдылығы шектелмей ӘДК-ге МК сәтіне дейін 3 айдан аспайтын мерзімде әскери қызметтен босатылған бұрынғы әскери қызметшілер қатарындағы қызметке кандидаттар, ұсынған медициналық кітапшаларында, мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерінің медициналық сипаттамаларында не болмаса офицерлік медициналық кітапшаларында медициналық бақылау туралы жеткілікті деректер болған кезде осы Қағидалардың 37-тармағының 2) және 3) тармақшаларында санамаланған үзінділер мен анықтамаларды ұсынбайды.

**39. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. Талаптардың барлық бағандары бойынша тұрақты сипаттағы негіздер бойынша бұрын лауазымға жарамсыз деп танылған адамдарға қайта куәландыру жүргізілмейді.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бұрын шығарылған диагноздарды өзгерту мүмкіндігіне сенімді негіз беретін жағдайлар бұған жатпайды.

Бұрын созылмалы аурулар (жағдайлар), мертігудің (жаралану, контузия, жарақат) уақытша салдарлары бойынша жарамсыз деп танылған адамдарға МК сәтінен бастап 6 ай ішінде Талаптардың тармақтары мен бағандарына сәйкес алдыңғы лауазымға талаптармен салыстырғанда денсаулық жағдайы мен дамуына бірдей немесе неғұрлым жоғары талаптарды көздейтін лауазымдарға қайта куәландыру жүргізілмейді.

Егер кандидаттың денсаулық жағдайында ӘДК қорытындысын қайта қарау үшін негіз болатын құжатпен расталған өзгерістер болса не бақылау КМ жүргізілген жағдайда, Қағидаларда және Талаптарда көрсетілген мерзімнен бұрын қайта МК жүргізіледі.

Жіті аурулар (жағдайлар), мертігудің (жарақаттардың, жараланудың, контузиялардың) уақытша салдарлары себепті бұрын жарамсыз деп танылған адамдар емделгенін растайтын медициналық құжаттарды ұсынғаннан кейін қайта куәландыруға жіберіледі.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40-1. Алдыңғы МК бастап 6 ай ішінде ӘДК-нің жарамдылығы туралы жаңа қорытындысы шығарылған кезде (жарамдылық санатын өзгертумен) бір лауазым бойынша не Талаптардың тармақтары мен бағандарына сәйкес алдыңғы лауазымға (

осыған байланысты бұрын МК өткізілген) қойылатын талаптармен салыстырғанда денсаулық жағдайына және дамуына қойылатын бірдей немесе неғұрлым жоғары талаптарды көздейтін лауазымдарға, алдыңғы МК қорытындысының күші жойылды деп есептеледі.

**Ескерту. Қағидалар 40-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. Талаптардың I, II бағандары бойынша ӘДК қызметке жарамды деп таныған қызметке кандидаттар кез келген климаттық жағдайларда қызмет өткеруге жарамды.

41-1. Үш немесе одан да көп негіздемелер (физикалық жай-күйінің ерекшеліктері, сырқаттар, жарақаттар және олардың салдары) бойынша Талаптарға сәйкес жарамдылық санатын жеке бағалау ("ЖЕКЕ") көзделетін жағдайда кандидаттар қызметке жарамсыз деп танылады.

**Ескерту. Қағида 41-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-тарау. Оқуға кандидаттарды медициналық куәландыру.**

42. Оқуға кандидаттарды ӘДК-ге жіберу осы Қағидалардың 33, 34, 35 және 36-тармақтарының талаптары сақталған жағдайда жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 33-тармақтарының талаптарына қатысты 17 жасқа толмаған және осы себеп бойынша тіркеу учаскелеріне тіркелмеген адамдарға қолданылмайды. Аталған адамдар МК-ға тіркеу куәлігінсіз жіберіледі. Көрсетілген жағдайларда МК актісінің (картасының) "әскери билет (тіркеу куәлігінің) мәліметтері" бөлігінде "17 жасқа толмаған" деп жазылады.

43. Оқуға үміткерлер алдын ала және түпкілікті МК өтеді.

44. Алдын ала МК өту үшін оқуға кандидаттар кадр қызметінің жолдамасымен бірге ӘДК-ге осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген зерттеулер нәтижелерін, медициналық және басқа да құжаттарды ұсынады.

Азаматтық қорғау дайындығы, төтенше жағдайлардан қорғау және азаматтық қорғаныс бағыттары бойынша оқуға кандидаттар мұрынның қосалқы қуыстары электр энцефалография, спирография және рентгенографиясының нәтижелерін қосымша ұсынады.

16-18 жастағы адамдар Кодекстің 7-бабының 31-тармақшасына сәйкес құзырет бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысанындағы егу картасын ұсынады.

Қызметкерлер қатарындағы оқуға түсуге кандидаттар амбулаторлық картадан үзіндіде еңбекке жарамсыздық күндерінің санын көрсете отырып, соңғы 12 айдағы

еңбекке жарамсыздық парағын алудың барлық жағдайлары бойынша мәліметтер ұсынады.

44-1. Түпкілікті МК үшін оқуға кандидаттар ББҰ УӘДК-ға түпкілікті МК басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 14 күн бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін:

қанның клиникалық (толық) талдауы;

микрореципитация (микрореакция) немесе Вассерманның мерезге реакциялары;

несептің жалпы талдауы (микроскопиямен);

сипаттамасы бар электрокардиография ("тыныштық жағдайдағы").

Оқуға кандидаттар ББҰ УӘДК-ға түпкілікті МК процесі басталғанға дейін кемінде 6 ай бұрын жүргізілген кеуде қуысы мүшелерінің пленкаға немесе қағазға басылған флюорограммасын (рентгенологтың қорытындысымен) ұсынады.

Егер бұрын алдын ала МК ұсынылған кеуде қуысы мүшелерінің флюорограммасы (рентгенограммасы) мерзімі түпкілікті МК басталған сәтте 6 айдан аспаса, қайта тексеру жүргізілмейді.

**Ескерту. Қағидалар 44-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

45. Алдын ала МК ІМ ОӘДК, облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың Полиция департаменттерінің ӘДК (бұдан әрі – ПД ӘДК) түсу емтихандарынан кемінде 4 ай бұрын жүргізеді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 77 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13199 болып тіркелген) бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнайы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 445 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24401 болып тіркелген) бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнына оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес жеке істерді оқу орындарына жіберу мерзімінен кешіктірілмей аяқталады.

ӘДК тіркеу орны алдын ала куәландыруға жолдамалар қабылдауды және оқуға кандидаттарға медициналық куәландыру карталарын беруді жеке істерді оқу орындарына жіберудің соңғы мерзімінен 3 жұмыс күні бұрын тоқтатады.

Жеке істерді оқу орындарына жіберудің соңғы мерзімінде медициналық тексеруді аяқтау мүмкін болмаған кезде қорытынды "Тексерудің аяқталмауы себепті қорытынды шығарылған жоқ" деген тұжырымдамада шығарылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Азаматтық тұрғындар қатарынан оқуға кандидаттарға ӘДК-нің қорытындылары Талаптардың II-тармағына сәйкес "кандидаттар" бөлігі бойынша, әскери қызметшілер мен қызметкерлерге "қызметкерлер" бөлігі бойынша және оқу орнын даярлау (факультеті) бағытының бейініне сәйкес бағандар бойынша шығарылады.

Соғыс уақытында азаматтық тұрғындар қатарынан оқуға кандидаттар "кандидаттар" бөлігі және Талаптардың I бағаны бойынша, қызметкерлер қатарынан – "қызметкерлер" бөлігі және талаптардың III бағаны бойынша куәландырылады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Азаматтық тұрғындар қатарындағы адамдарда "кандидаттар" бөлігі бойынша Талаптардың тармақтарымен жарамдылығын жеке бағалау көзделген негіздер анықталған жағдайда, олар оқуға түсуге жарамсыз деп танылады.

Қызметшілер мен қызметкерлер арасынан оқуға кандидаттар "қызметкерлер" бөлігі бойынша Талаптардың тармақтарымен жарамдылығын "жеке" бағалау көзделген негіздер анықталған кезде, ақпараттық және техникалық мамандықтар бойынша мамандарды даярлау бағыты бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда (III баған бойынша) оқуға түсуге жарамсыз деп танылғандар жарамды деп танылады.

48. Соғыс уақытында азаматтық тұрғындар қатарындағы адамдарда Талаптардың тармақтарымен жарамдылықты жеке бағалауды көздейтін негіздер, қызметкерлер мен әскери қызметшілерде "жеке" болған кезде, оқуға түсуге жарамдылық жеке анықталады.

49. МК аяқталғаннан кейін амбулаторлық карталар кандидаттардың қолына беріледі. Оқуға түсуге жарамды деп танылған кандидаттар оларды түпкілікті МК өту кезінде жеке ұсынады.

50. Түпкілікті МК-ны қабылдау комиссиясының жұмысы кезеңінде ББҰ УӘДК жүргізеді.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Оқуға түсуге жарамсыз деп танылған адамдарға ББҰ УӘДК қорытындысы штаттық аумақтық ӘДК төрағасының қолымен бекітіледі.

52. ББҰ УӘДК төрағасы комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей ОӘДК-ға соңғы МК нәтижелері туралы есепті жібереді.

Есепте ББҰ УӘДК құру туралы бұйрықтың нөмірі мен күні, құрамы; қосымша тексерулердің жекелеген түрлерінің саны; әрбір өңірлік ПД бойынша

куәландырылғандардың саны; себептерін көрсете отырып, куәландыруды аяқтамаған адамдардың тізімі; денсаулық жағдайы және дамуы бойынша ББҰ УӘДК осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес оқуға түсуге жарамсыз деп танылған кандидаттардың тізімі; алдын ала және соңғы МК, медициналық құжаттаманы ресімдеу бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қамтиды.

Қазақстан Республикасы ИМ ОӘДК-ға есеппен бірге қабылданған қорытындылардың негізділігіне талдау жүргізу үшін ББҰ УӘДК денсаулық жағдайы мен дамуы бойынша білім беру ұйымына түсуге жарамсыз деп танылған адамдардың МК карталары жіберіледі.

53. ББҰ УӘДК-де денсаулық жағдайы мен дамуы бойынша жарамсыз деп танылған адамдардың МК картасына талдау жүргізілгеннен кейін ИМ ОӘДК алдын ала МК жүргізген ПД ӘДК-ге қайтарылады.

Алдын ала МК өткізген ӘДК ИМ ОӘДК ескертулерін ескере отырып, МК қайтарылған карталарына дербес талдау жүргізеді. Талдау нәтижелері (жіберілген бұзушылықтардың себептерін түсіндіре отырып) ИМ ОӘДК-ға ұсынылады, сондай-ақ жылдық есепті жасау кезінде пайдаланылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**53-тармақ үшінші бөлікпен толықтыру көзделген - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **5-тарау. Қызметкерлерді медициналық куәландыру**

### **1-Параграф. Қызметкерлерді медициналық куәландырудың жалпы тәртібі**

54. Қызметкерлер, оның ішінде курсанттар осы Қағидалардың 5-тармағының 3)-9) тармақшаларында жазылған жағдайларда, оның ішінде еңбекке уақытша жарамсыздықтың осы тармақта баяндалған мерзімдеріне жеткен кезде МК-ға жіберіледі.

Еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңінде емделуде болуы бір сырқат бойынша үздіксіз 4 айдан не болмаса 12 соңғы ай ішінде үзілістермен бір немесе әртүрлі сырқаттар бойынша 5 айдан (туберкулезбен ауыратын науқастар үшін - 10 ай) (бұдан әрі - еңбекке уақытша жарамсыздықтың белгіленген мерзімдері) асып кетуіне жол берілмейді.

Уақытша еңбекке жарамсыздықтың белгіленген мерзіміне жеткен жағдайда ішкі істер органдары медициналық бөліністерінің бастықтары қызметкерді МК-ға жіберу қажеттігі туралы құқық қорғау органдары бөліністерінің кадр қызметтеріне хабарлайды.

55. Қызметкерлердің қызметтік міндеттерін (қызметтік борышын) атқару кезінде алған аурулары, зақымдары (жаралануы, контузия, жарақаттануы) бойынша емделуде

болу уақыты уақытша еңбекке жарамсыздықтың белгіленген мерзімдерімен регламенттелмейді.

Көрсетілген қызметкерлер, емдеу, оңалтуды, оның ішінде, санаторийлік-курорттық емдеуді қоса алғанда, аяқталғаннан кейін немесе тұрақты ДСЖ анықталған кезде ӘДК-ге МК-ға жіберіледі.

56. Ішкі істер органдарының медициналық бөліністері бастықтары зақымдар (контузия, жаралану, жарақат), ауру бойынша тұрақты қолайсыз ДСЖ анықталған кезде, құқық қорғау органдары бөліністерінің кадр қызметтеріне, емдеу мерзіміне, оның ішінде уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру не болмаса бермеуіне немесе емделу фактісінің болмауына қарамастан, қызметкерді МК-ға жіберу қажеттігін хабардар етеді.

Сырқат созылмалы, онкологиялық, психикалық аурулар, мінез-құлқының ауытқулары (сырқаттар), функциялары айқын бұзылған және (немесе) қолайсыз ДСЖ анықталған зақымдану (контузия, жаралану, жарақат) себептерінен бетпе-бет МК өткізу қиындаған немесе мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ қызметкер бетпе-бет МК-дан жазбаша түрде бас тартқан кезде кадр қызметі ӘДК-ге "сырттай сараптама өткізу үшін" жолдамасын көрсете отырып, сырттай сараптама жүргізу туралы өтініш жасайды.

Қызметкер денсаулық жағдайына байланысты МК-дан өте алмаған немесе бетпе-бет МК-дан өтуден бас тартатынын жазбаша ресімдеуге келіспеген жағдайда кадр қызметі еркін нысанда келіспеу (мүмкіндігі болмауы) туралы актіні ресімдейді, ол сырттай сараптамаға арналған жолдамамен және ұсынымхатпен бірге ӘДК-ге жіберіледі.

Қызметкер қызметке жарамдылық дәрежесі туралы қорытынды МК сәтінде қызметке жарамдылық дәрежесі туралы қорытынды қабылдауға негіз беретін құжаттармен расталған медициналық мәліметтер бар болған кезде шығарылады.

**Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

56-1. Аурулардың, зақымдардың (контузия, жаралану, жарақаттану) салдарларының тұрақты қолайсыз ДСЖ бар екенін және қызметкерді немесе курсантты МК-ға жіберу қажеттілігін анықтауды ПО емдеу-профилактикалық ұйымының дәрігерлік-консультациялық комиссиялары ПО ӘДК мамандарының қатысуымен міндетті медициналық және (немесе) профилактикалық тексеру, емдеу, жалпы және динамикалық бақылау нәтижелері бойынша жүргізеді.

Қызметкердің немесе курсанттың тұрғылықты мекенжайы (қызметі) бойынша ПО емдеу-профилактикалық ұйымы болмаған кезде құқық қорғау органының кадр қызметі осы жұмысты кейіннен ПО ӘДК-мен кеңесе отырып, бекітілген жеріндегі емдеу-профилактикалық ұйымында жүргізуге бастама жасайды.

**Ескерту. Қағида 56-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

57. Жүктілік мерзімі 14 (қоса алғанда) аптадан астам әйел қызметкерлер декреттік демалыстың аяқталуына дейін МК-ға жіберілмейді. МК барысында 14 апта және одан астам мерзімдегі жүктілікті диагностикалау кезінде тексеру тоқтатылады және "Тексеру аяқталмауы себепті қорытынды шығарылған жоқ" деген қорытынды шығарылады.

Жүктілік мерзімі 14 аптаға дейін әйел қызметкердің қызметке жарамдылығы жүктілік ағымына және экстрагениталдық патологияға байланысты анықталады. Сәулемен диагностикалауға байланысты МК зерттеу әдістерін қолданусыз жүргізіледі.

Декреттік демалыстан немесе бала күтімі бойынша демалысқа шығу ӘДК МК-ға жіберуге жеке негіз болып табылмайды.

58. Талаптардың III бағанға жататын лауазымдардан ауыстырылатын қызметкерлер үшін I, II бағандардың талаптарына бойдың сәйкес келмеуі кезінде "\_\_\_\_\_ қызметке жарамсыз" (лауазымы көрсетілсін) қорытындысы шығарылады, бұл ретте әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарылмайды.

Осындай қорытынды лауазым бойынша тағайындау ауыстыру кезінде қызметкерлерге, олардың Талаптардың тармақтары бойынша денсаулық және даму жай-күйі бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмегенде шығарылады, ал атқаратын лауазымы бойынша әскери қызметке жарамдылық санаты шектелмейді

Қызметкерлерді арнаулы бөлімшелердің кез келген лауазымдарына арнаулы бөлімшелерге жатпайтын бөлімшелерден ауыстырған және оларға Талаптардың 9, 11-ден 28-ге дейін, 30-дан 46-ға дейін, 49-дан 52-ге дейін, 57, 59-дан 72-ге дейін, 76-дан 85-ге дейін, 89-тармақтарына сәйкес "В-ИНД" жарамдылық санатын айқындаған кезде осы адамдарға "\_\_\_\_\_ қызметке жарамсыз" (лауазымы көрсетілсін) деген қорытынды шығарылады. Бұл ретте әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарылмайды.

**Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

59. Қызметкерлер кадр қызметінің ӘДК-ге жолдамасымен бірге:

1) осы Қағидалардың 37-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген медициналық құжаттарды;

2) қызметтік куәлік, ол болмаған кезде - лауазымы, атағы көрсетілген кадр қызметінен анықтама;

3) МК басталғанға дейін 14 күнтізбелік күннен аспайтын мезгілде жүргізілген медициналық зерттеулер нәтижелері;

қанның жалпы (кеңейтілген) талдауы;

микропреципитация (микрореакция) немесе мерезге Вассерман реакциясы;  
қантқа қан талдауы (40 жастан асқан адамдарға);  
несептің жалпы талдауы (микроскопиямен);  
қалыпты жағдайдағы мазмұны ашып жазылған электрокардиография;  
тазалық дәрежесіне жағынды (әйел жынысты адамдарға);

4) МК басталғанға дейін 3 айдан аспайтын мезгілде жүргізілген медициналық зерттеулер нәтижелері;

эхокардиография және стресс-тредмилтест ("Сұңқар", "Арлан" бөлімшелеріне, жедел ден қою арнайы жасағы (бұдан әрі – "ЖҚАЖ");

көзішілік қысымды өлшеу деректерін (40 жастан асқан адамдарға);

5) МК басталғанға дейін 6 айдан аспайтын мезгілде жүргізілген өкпе клеткасы органдарының (пенкада немесе қағазда жазылған) сипаттамасы жазылған флюорограмма (рентгенограмма) ұсынылады.

Электрондық медициналық картаның және (немесе) амбулаторлық картаның көшірмесінде еңбекке жарамсыздық күндерінің саны көрсетіліп, соңғы 12 айда еңбекке жарамсыздық парағын алған жағдайлардың барлығы бойынша мәліметтер болуы қажет. Учаскелік дәрігерден көшірмелер және анықтамалардың берілу мерзімі МК өткізу күніне 14 күннен асып кетуіне жол берілмейді.

Амбулаторлық картасы жоқ қызметкерлер МК-ға жіберілмейді. Мүмкін болмаған жағдайда, оны беру, келген жері бойынша емханадан байқау туралы анықтама беріледі, себебі ол болмаған (жоғалған, басталмаса және т. б.) жағдайда, егжей-тегжейлі көшірме деректері бойынша динамикалық есепке алу (соңғы бес жыл) және еңбекке жарамсыздық парақтарының кітаптары бойынша (соңғы 12 айдағы) емхана меңгерушісі растаған көшірмесі ұсынылады. Қажет болған жағдайда қызметкер қызмет өткеріп жатқан соңғы бөліністің орналасқан жері бойынша ӘДК-дан соңғы 5 жыл ішінде өткізілген МК-ның барлық жағдайлары туралы мәліметтер ұсынылады.

60. Қызметтен жоспарлы босатылуына байланысты ӘДК-ге жіберілген қызметкерлер кадр қызметінен жалпы жұмыс өтілі және қызмет өткеру жылы, оның ішінде жеңілдікпен саналған өтілі туралы анықтама ұсынады.

Көрсетілген адам дарға кемінде күнтізбелік 5-10 күн ішінде стационарлық тексеру (емдеу) жүргізіледі. Стационарлық тексеру нәтижелері стационарлық науқастың медициналық картасынан толық үзіндімен ресімделеді. Ақпаратты нақтылау үшін ӘДК стационарлық науқастың медициналық картасын сұратады және қарайды.

Сараптамалық мәні бар аурулар, мертігу (жаралану, контузия, жарақат) салдарлары бойынша соңғы 6 ай ішінде тексеру нәтижелері бар стационарлық көшірмелер болған жағдайда МК қайта стационарлық тексерусіз жүргізіледі.

Тұрақты қолайсыз ДСЖ-ны анықтайтын айқын анатомиялық кемістігі немесе функциялық бұзылушылықтар болған кезде МК стационарлық тексерусіз жүргізіледі.

Әскери қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы қорытынды тұрақты қолайсыз ДСЖ анықтайтын айқын дәрежесіндегі сараптамалық мәні бар аурулар, мертiгу (жаралану, контузия, жарақат) салдарларын анықталған, бақылаған сәттен бастап кемінде 6 ай бақылау (емдеу) мерзiмi бар болған кезде шығарылады.

Тез үдемелi ағыммен науқастану, мертiгу (жаралану, контузия, жарақат) салдарлары немесе олардың қатерлi нысандар болған жағдайларда әскери қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы қорытынды көрсетiлген мерзiмдi есепке алмай шығарылады.

**Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

61. Қызметкерлерді МК кезінде ӘДК-нің сұрау салуы бойынша құқық қорғау органдары бөліністерінен, құқық қорғау органдарының арнайы мемлекеттік мұрағаттарының бөліністерінен, әскери құралымдардан, басқа да мекемелер мен ұйымдардан жеке (зейнетақы) істері, қызметтік тексеру, әкімшілік тергеу, анықтау, қылмыстық іс материалдары, мінездемелер, мұрағаттық анықтамалар, бұйрықтардан, актілерден, хаттамалардан үзінділер және басқа да құжаттар сұралады. Аталған құжаттардағы мәліметтерге талдау жүргізіледі, олар сараптамалық қорытынды шығару кезінде ескеріледі.

Қызметкерлер ӘДК мамандарының ұсынысы бойынша медициналық ұйымдардан қажетті медициналық құжаттарды ұсынады.

Қажет болған жағдайда қызметкер қызмет орнынан қызметтік немесе жеке мінездеме ұсынады.

Қызметтік мінездемеде қызметкердің денсаулық жағдайының атқаратын лауазымы бойынша қызметтік міндеттерін атқаруына әсері туралы мәліметтер, қызметкерді науқастануы бойынша қызметтік міндеттерін атқарудан ұзақ және жиі босату жағдайлары туралы мәліметтер, қызметкердің денсаулық жағдайына байланысты оны қызметте сақтаудың және (немесе) басқа лауазымға ауыстырудың орындылығы туралы қызметкер басшысының пікірі көрсетіледі. Сондай-ақ қызметтік мінездемеде қызметкердің психикасының бұзылуын, алкогольді және басқа да психикалық белсенді заттарды теріс пайдалануға бейімділігін болжауға негіз болатын іс-әрекеттер жасағаны туралы фактілер көрсетіледі. Қызметтік мінездеме ішкі істер органы, кадр аппараты басшылығының қолдарымен расталады.

Жеке мінездемеде осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

**Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

62. Қызметкердің бір-бірін ауырлататын үш және одан да көп сырқаты, зақымы ( жаралануы, контузиясы, жарақаты) болған кезде, олар бойынша Талаптарға сәйкес "В - жеке" жарамдылық санатын жеке бағалау көзделеді және қолайсыз болжамда оған катысты "әскери қызметке шектеулі жарамды" деген қорытынды қабылданады.

Қызметті жалғастыруға оң көңіл-күй және қолайлы болжам кезінде, Талаптарға сәйкес жеке бағалау көзделетін бір-біріне ауырлататын аурулардың, зақымдарының санына қарамастан, олар бойынша Талаптарға сәйкес В-жеке бағалауы көзделеді, " \_\_\_\_ қызметке жарамды (лауазымы көрсетіледі) " не болмаса "Әскери қызметке жарамды " деген қорытынды қабылданады.

Сырқаттың болжамы қызметкерлердің қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі аурудың сипатын, үдеу сатысын, қайтымдылық процесін және асқыну мүмкіндігін ескере отырып анықталады.

**Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

63. Қызметкерлерді Талаптардың I және II бағандары бойынша МК кезінде және " бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс кезінде шектеулі жарамды" немесе " әскери қызметке шектеулі жарамды" қорытындысын шығару кезінде ӘДК МК кезінде олардың Талаптардың III бағаны бойынша жарамдылық мүмкіндігін қарайды.

Осы қызметкерлер талаптардың III бағаны бойынша лауазымға жолдама берген және осы бағандар бойынша "әскери қызметке шектеулі жарамды" деген қорытынды шығарған кезде ӘДК нақты ұсынылған лауазымға жарамдылығын нақтылау мақсатында, егер ұсынылған лауазымдағы қызмет науқастану (зақымдану) ішінде теріс әсер етпесе және қызметкер денсаулық жағдайы бойынша жүктелетін функцияларды жүзеге асыруға қабілетті болса – " \_\_\_\_ қызметке жарамды (нақты лауазымы көрсетіледі )" деген қосымша қорытынды шығарады.

**Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

64. Қағидалардың 63-тармағының екінші бөлігінде айқындалған шарттар сақталған кезде осындай қосымша қорытынды "әскери қызметке шектеулі жарамды" тұжырымын анықтау кезінде қызметкерлерге (Талаптардың III бағаны бойынша лауазымдардағы қызметшілерге) МК кезінде қызмет мерзімін ұзарту, ауыстыру немесе Талаптардың сол бағаны бойынша лауазымға тағайындау кезінде шығарылады.

**Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

65. Қызметкерлердің МК өтуі кезінде алдағы қызметтен босатуға байланысты қорытынды осы Қағидалардың 134-тармағының 5) - 8) тармақшаларында келтірілген әскери қызметке жарамдылық санаттарының тұжырымдамаларында ғана шығарылады.

**2-параграф. Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде, таулы жерлерде, климаты қолайсыз ыстық шет елдерде қызмет өткеру (тұру) мүмкіндігін анықтау үшін қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыру**

66. Құқық қорғау органдарында қызметте болудың шекті жасына жетпеген, Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде (бұдан әрі – климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде) қызмет өткеретін немесе қызмет өткеруге жіберілетін және оларда осы жерлерде қызмет өткеруге кедергі келтіретін сырқаттардың бар екендігі туралы мәлімдеген қызметкерлер МК-ға осы Қағидаларға 9 - қосымшаға сәйкес жіберіледі.

67. Климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеру (тұру) үшін жіберілетін қызметкерлердің МК кезінде ӘДК осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызметкерлердің қызмет өткеруіне және климаты қолайсыз ыстық шет елдерге шығуына медициналық қарсы көрсетілімдердің тізбесіне (бұдан әрі - Медициналық қарсы көрсетілімдердің тізбесіне) сәйкес медициналық қарсы көрсетімдердің болуын немесе болмауын ғана анықтайды.

Көрсетілген жерлерде олардың қызмет өткеру мүмкіндігі туралы мәселе ӘДК, егер МК кезінде олар әскери қызметке жарамды немесе "әскери қызметке шектеулі жарамды" деп танылған жағдайда шешіледі.

Қызметкерлердің климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеруге (тұруға) медициналық қарсы көрсетілімдердің болуы туралы ӘДК-ның қорытындысы денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек көрсетудің барлық мүмкіндіктері таусылған және қызметкерлерді Қазақстан Республикасының басқа да жерлерінде ауыстыру олардың денсаулығын сақтау шарасы болып танылған жағдайларда ғана шығарылады.

68. МК кезінде климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеру (тұру) мүмкіндігін айқындау мақсатында ӘДК:

1) жолдамада көрсетілген жерлерде денсаулық жағдайы бойынша тұру үшін медициналық қарсы көрсетімдердің болуы немесе болмауы;

2) қызметкер қызмет орны ауыстырылатын немесе қызмет өткеретін аудандарда жоқ арнайы оқу орнында (отбасы мүшелерін) оқытуға, тәрбиелеуге, ұзақ мерзімді емделуге және мамандандырылған денсаулық сақтау ұйымдарында бақылауға мұқтаждығы;

3) тасымалдауға жарамдылығы (көлік қашықтығы мен түріне қарамастан, науқасты тасымалдау денсаулық жағдайының күрт нашарлауына немесе өлімге әкеп соқтыруы

мүмкін кезде ағза қызметінің мұндай бұзылуы тасымалдамау туралы қорытынды қабылдауға негіз болып табылады);

4) мамандандырылған медициналық көмек көрсетілетін облыс, қала;

5) отбасы басшысының ауысуының шұғылдығы (1-3 ай ішінде, қысқы немесе жазғы оқу кезеңі аяқталуы бойынша).

69. Қызмет өткеруге (тұруға) қарсы көрсеткіштер болмаған кезде ӘДК "Денсаулық жағдайы бойынша \_\_\_\_\_ қызмет өткеруге, тұруға қарсы көрсетілімдер жоқ" (елді мекен, аудан, облыс көрсетілсін) қорытындысын шығарады.

Қызмет өткеруге (тұруға) қарсы көрсетілімдер болған кезде ӘДК мынадай қорытындылар шығарады:

1) "Қазақстан Республикасы ИМ 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген Медициналық қарсы көрсетілімдер тізбесінің \_\_\_\_\_ тармағы негізінде \_\_\_\_\_ (елді мекені, ауданы, облысы көрсетілсін) қызмет өткеру (тұру) үшін қарсы көрсетілімдер бар" (қорытынды климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерге орнын ауыстыру жоспарланатын қызметкерлерге қатысты қабылданады);

2) "Қазақстан Республикасы ИМ 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген Медициналық қарсы көрсетілімдер тізбесінің \_\_\_\_\_ тармағы негізінде \_\_\_\_\_ (елді мекені, ауданы, облысы көрсетілсін) қызмет өткеру (тұру) үшін қарсы көрсетілімдер бар. \_\_\_\_\_ (елді мекен, аудан, облыс көрсетілсін) қызмет өткеру, тұру ұсынылады."

3) "Ұзақ емделуді, мамандандырылған (елді мекен, аудан, облыс көрсетілсін) бақылауды қажет етеді. Отбасы басшысының ауысуын оқытудың қысқы (жазғы) кезеңі аяқталғаннан кейін 1-3 ай ішінде жүзеге асырған жөн".

4) "Тасымалдауға жарамсыздығы себепті \_\_\_\_\_ (елді мекенді, ауданды, облысты көрсету қажет) көшуге қарсы көрсетілімдер бар."

70. Іске асырылуы қызметкерлерді басқа жерге ауыстыруға әкеп соғатын ӘДК-нің қорытындысы сырқаттану туралы куәлікпен ресімделеді, ол ИМ ОӘДК-да бекітуге жатады.

Бекітілмеген қорытындысы бар сырқаттану туралы куәлік оны жасаған ӘДК-ге бекітпеудің негіздерімен және тиісті нұсқаулармен қоса қайтарылады. Қажет болған жағдайларда ИМ ОӘДК қызметкерге бақылау МК жүргізуі мүмкін.

Қалған жағдайлардың барлығында ӘДК қорытындысы МК туралы анықтамамен ресімделеді, ол ИМ ОӘДК-де бекітуге жатпайды.

ӘДК қорытындысы қызметкердің амбулаторлық медициналық картасына (медициналық кітапшаға) жазылады.

71. Қолайсыз ыстық климаты бар шет елдерде денсаулық жағдайы бойынша қызмет өткеру (тұру) мүмкіндігін анықтау үшін қызметкерлерге МК қажет болған жағдайда стационарлық тексеруден кейін жүргізіледі.

Қызметкерлер ӘДК-ге психоневрологиялық, туберкулезге қарсы және тері-венерологиялық диспансерлерден анықтамалар ұсынады. Көрсетілген анықтамаларсыз МК жүргізілмейді.

Куәландырылатын адамдарға осы Қағиданың 59-тармағында көрсетілген зерттеулермен қоса қанның тобы мен резус-тиесілігі, АИТВ-ға қан талдауы, жүктеме сынамалары бар электрокардиография, көрсетілімдер бойынша басқа зерттеулер ( рентгенологиялық, зертханалық, аспаптық және т.б.) белгіленеді.

72. МК кезінде қолайсыз ыстық климаты бар шет елдерде денсаулық жағдайы бойынша қызмет өткеру (тұру) үшін Климаттық жағдайы қолайсыз жерлерге және Қолайсыз ыстық климаты бар шет елдерге шығатын қызметкерлер үшін медициналық қарсы көрсетілімдер тізбесін осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ӘДК-де басшылыққа алады.

73. Куәландыру нәтижелері МК актісіне, әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалары кітабына енгізіледі және қолайсыз ыстық климаты бар шет елдерге кететін адамның денсаулық жағдайы туралы анықтамамен осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді. Анықтама екі данада ресімделеді және кадр қызметіне беріледі.

74. Қолайсыз ыстық климаты бар шет елдерде қызметке жарамдылығы немесе жарамсыздығы туралы жоғары басшы құрамдағы адамдарға арналған штаттық ӘДК-ның қорытындысы ІІМ ОӘДК-да бекітілуге жатады. Бұл жағдайда ӘДК қорытындысы қолайсыз ыстық климаты бар шет елдерге шығатын адамның денсаулық жағдайы туралы анықтамамен 3 данада ресімделеді және МК актісімен және басқа да медициналық сараптама құжаттарымен бірге ІІМ ОӘДК-ға жіберіледі.

75. Қолайсыз ыстық климаты бар шетелге кетер алдында кадр қызметінің жолдамасы бойынша қызметкерге дәрігер-терапевт, ал қажет болған жағдайда денсаулық жағдайын нақтылау мақсатында ведомстволық емдеу-профилактикалық мекеменің басқа дәрігер-мамандары тексеру жүргізеді.

76. Қолайсыз ыстық климаты бар шет елдерге балалармен ұзақ (6 айдан астам) іссапарға кететін адамдар ӘДК-ге баланың бақылау орны бойынша денсаулық сақтау мекемесінен жүргізілген және күнтізбелік жылы жоспарланған профилактикалық егулердің шығуын көрсете отырып, профилактикалық егулердің картасын ұсынады.

Қолданыстағы егулер күнтізбесіне сәйкес профилактикалық егулердің болмауы немесе динамикалық бақыланатын сырқаттарының болуы қызметкерлердің балаларының қолайсыз ыстық климаты бар шет елдерге шығуына қарсы көрсетілімдер болып табылады.

77. Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген егу күнтізбесінде белгіленген мерзімдерде профилактикалық егулер жасалмаған, сондай-ақ медициналық қарсы көрсетілімдері бар қызметкерлерге қатысты ӘДК қолайсыз ыстық климаты бар шет елдерде тұруға жарамсыздығы туралы қорытынды шығарады.

78. Қолайсыз ыстық климаты бар шет елге шығатын адамға профилактикалық егудің қажетті көлемі аумақтық денсаулық сақтау органының эпидемиялық бөлімінде нақтыланып отырады.

Карантиндік ауруларға қарсы жүргізілген қажетті профилактикалық егулер куәландырылатын адамға берілетін егулер туралы халықаралық сертификатпен ресімделеді.

79. Куәландырылатын адамда карантиндік ауруларға (сары қызба, тырысқақ және т.б.) қарсы профилактикалық егулерді жүргізу үшін қарсы көрсетілімдер болып табылатын сырқаттар бар болған кезде ӘДК қолайсыз ыстық климаты бар шет елде қызметке (тұруға) жарамсыздығы туралы қорытынды шығарады.

80. МК нәтижесінде қарсы көрсетілімдері жоқ болған кезде ӘДК "Денсаулық жағдайы бойынша қолайсыз ыстық климаты бар шет елге жіберуге қарсы көрсетілімдер жоқ" деген қорытынды қабылдайды. Қарсы көрсетілімдер бар болған жағдайда "Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ № \_\_ бұйрығымен бекітілген Медициналық қарсы көрсетілімдер тізбесі негізінде қолайсыз ыстық климаты бар шет елге жіберуге қарсы көрсетілімдер бар" деген қорытынды қабылданады.

81. Қызметкерлердің қолайсыз ыстық климаты бар шет елге шығу мүмкіндігі туралы ӘДК-нің қорытындысы 6 ай ішінде жарамды болып табылады. Егер көрсетілген мерзім ішінде куәландырылатын адам ешқайда шықпаса немесе кеткенге дейін оның денсаулық жағдайында өзгерістер болса, МК уақытына қарамастан, МК қайта жүргізіледі.

#### **6-тарау. Білім беру ұйымының курсанттарын медициналық куәландыру ерекшеліктері.**

82. Курсанттарды МК қызметкерлерді МК жүргізу тәртібіне сәйкес осы тарауда көрсетілген ерекшеліктермен жүргізіледі.

83. Білім беру ұйымдарының курсанттары тек білім беру ұйымы орналасқан облыс (қала) аумағында жұмыс істейтін ІІО ӘДК-де куәландырылады.

Курсанттың денсаулық жағдайы бойынша ІІО көрсетілген ӘДК-ге келу мүмкіндігі болмаған жағдайда оларға қатысты әскери-дәрігерлік сараптама осы Қағидалардың 56-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Қалған жағдайларда курсанттарды куәландыру жүргізу орнын ІІМ ОӘДК анықтайды.

Білім беру ұйымының медициналық бөлімінің бастығы ӘДК-ге қажетті медициналық және қызметтік құжаттарды ұсынуды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

84. Барлық оқу кезеңі ішінде білім беру ұйымының курсанттарына қорытынды білім беру ұйымының дайындық бағытына (факультетіне) сәйкес бағандар бойынша " қызметкерлер" бөлімі бойынша шығарылады.

Курсанттарға МК денсаулық жағдайы бойынша қызметтен босатылған және ( немесе) белгіленген уақытша еңбекке жарамсыздық мерзіміне жеткен кезде және ( немесе) тұрақты қолайсыз ДСЖ белгіленген жағдайда жүргізіледі.

**Ескерту. 84-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

85. МК нәтижелері бойынша бірінші оқу жылы курсанттарында Талаптардың тармақтарында жарамдылықты жеке бағалау көзделген негіздер анықталған жағдайда, олар оқуға жарамсыз деп танылады.

Курсанттар екінші оқу жылынан бастап МК кезінде және оларды "әскери қызметке жарамды" деп анықтаған жағдайларда одан әрі оқуға жарамды деп танылады (бір мезгілде қорытындының екеуі де шығарылады); "әскери қызметке шектеулі жарамды" деп анықталған кезде одан әрі оқуға жарамсыздығы туралы қосымша қорытынды шығарылады.

ӘДК-нің "әскери қызметке шектеулі жарамды", "білім беру ұйымында оқуға жарамсыз" деп танылған бітіруші курстардың курсанттары кадр қызметінің жолдамасы бар болған кезде Талаптардың III бағаны бойынша осы адамдардың нақты лауазымдағы қызметке жарамдылығы туралы мәселе бір уақытта қаралады.

Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санатының жеке бағалануы көзделген сырқаттары болған кезде курсанттарға екінші курстан бастап қорытынды осы Қағидалардың 62-тармағына сәйкес шығарылады.

**Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

85-1. "Оқу орындарының курсанттары оқуды аяқтағаннан кейін оқу кезінде алған мамандығына қарағанда (соған сәйкес оқу орына түсер алдында МК өткізілген) денсаулық жағдайына жоғары талаптарды көздейтін лауазымдарға тағайындалған кезде МК өтуге ӘДК-ға жіберіледі.

**Ескерту. Қағида 85-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

86. Академиялық демалыс курсанттарға емдеу ұйымының қорытындысы бойынша 4 -айдан астам ұзақ емделу көрсетілімі болған жағдайда не ӘДК-нің "Кейіннен куәландыра отырып, тексеруге (емдеуге) жатады" деген қорытындысы негізінде білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен беріледі.

Академиялық демалыстан шыққаннан кейін МК-ға жіберу қажеттігі Қағидалардың 84-тармағының талаптарын ескере отырып анықталады.

ӘДК "әскери қызметке шектеулі жарамды", "бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды", "әскери есептен шығара отырып, қызметке жарамсыз" деген қорытынды шығарғанда академиялық демалыс берілмейді.

**Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

87. Дене салмағының индексі (бұдан әрі - ДСИ) 18,5 кг/м<sup>2</sup> кем немесе бойы 190 см және одан жоғары білім беру ұйымының курсанттарына ӘДК үш айдан аспайтын мерзімге олар үшін көзделген азық-түлік үлесі нормаларының жартысы шегінде қосымша тамақ беру туралы қорытынды шығарады.

Қажет болған жағдайда көрсетілімдер бойынша қосымша тамақтандыруды ұзарту туралы қорытынды шығарады. Көрсетілген қорытындыны шығаруға жай-күйінің нашарлауы, аштық сезімі, тамақ қабылдағаннан кейін тойымдылық сезімінің болмауы, сондай-ақ дене салмағының теріс динамикасы көрсетілімдері негіз болып табылады.

**7-тарау. Жұмыстан босатылуын ресімдеу сәтінде қызметке жарамдылығын анықтау үшін бұрынғы қызметкерлерге сараптама жүргізу.**

88. Бұрынғы қызметкерлер, құқық қорғау органдарынан жұмыстан босатылуын ресімдеу сәтіндегі қызметке жарамдылық санаты туралы ӘДК-нің қорытындысын қызметке жарамдылығын анықтау үшін немесе қайта қарау туралы жұмыстан босатылған күніне бастап бір жыл өткенге дейін өтініш жасаған жағдайда (теріс себептер бойынша қызметтен босатылғандардан басқа) кадр қызметі босатылуын ресімдеу сәтіндегі қызмет атқарған жері бойынша ӘДК-ге оның өтініші және қолда бар медициналық құжаттарын жолдайды. Негізі болған жағдайларда ӘДК азаматтардың қызметтен босатылу мерзіміндегі жағдайын сипаттайтын материалдар бойынша сырттай әскери-дәрігерлік сараптама жүргізеді.

Бұдан бұрын диагнозына қарамастан әскери есептен шығарыла отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған, сондай-ақ әскери қызметке жарамсыз немесе шектеулі жарамды деп психикалық және мінез-құлық бұзылулары (аурулары) бойынша танылған азаматтарға ӘДК қорытындылары қайта қарауға жатпайды (әскери есеп санатына және жүгінген сәттегі диагнозына қарамастан).

Азаматтың өтінішін қанағаттандыру үшін негіздер болған кезде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес ӘДК сырттай сараптама жөніндегі отырысының хаттамасы

ресімделіп, қорытынды хаттамалар кітабында тіркеледі, комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды, елтаңбалы мөрмен бекітіледі және ӘДК істерінде сақталады. ӘДК отырысы хаттамасының көшірмесі ІІМ ОӘДК-ға мәлімет үшін жіберіледі.

**Ескерту. 88-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

89. ӘДК қаулысы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша босатылуды ресімдеу кезеңінде қолданыста болған тұжырымдаулармен 3 данада ресімделеді, ӘДК төрағасы қол қояды және азаматтың құжаттарын жіберген кадр қызметіне беріледі.

**8-тарау. Сырқаттың, зақымдардың (жаралану, контузия, жарақат) оның ішінде өлімге әкеп соқтырған зақымдардың себепті байланысын және денсаулыққа келтірілген зақымдардың ауырлық дәрежесін анықтау**

**1-параграф. Сырқаттың, зақымдардың (жаралану, контузия, жарақат) себепті байланысын анықтаудың жалпы тәртібі**

90. МК барысында қызметкерлерге сараптамалық диагноз қойылады, ӘДК осы адамдар тергеуде болған жағдайларды қоспағанда, алған сырқаттары, зақымдарының (жараланудың, контузияның, жарақаттың) себепті байланысын айқындайды.

91. Сырқаттардың, зақымдарының (жараланудың, контузияның, жарақаттың) себепті байланысын айқындау жұмыс істейтін қызметкерлердің және бұрынғы қызметкерлердің, халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын органдар бөліністерінің, құқық қорғау органдарының, Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының кадр қызметтерінің, соттардың өтініші негізінде жүргізіледі.

92. Жұмыс істейтін қызметкер немесе бұрынғы қызметкер қызмет өткеру мерзімінде емдеуде болған жағдайда және ӘДК МК-ға жіберілмесе, не болмаса ӘДК МК кезінде себепті байланыс анықталмаса немесе қате анықталса, не болмаса оны қайта қарауға негіз болатын себептер анықталса, сырқаттың, зақымдардың (жаралану, контузия, жарақат) себепті байланысын анықтау, сондай-ақ қызметкерлерге бұдан бұрын шығарылған себепті байланыс туралы қаулыларды қайта қарау штаттағы ӘДК кадр қызметінің өтінішхаты бойынша сырттай сараптама барысында жүргізіледі.

Азамат (оның өкілі немесе оның отбасы мүшелері) ӘДК-де қайта қаралған ауруларының, мертігуінің себепті байланысы туралы қаулылармен келіспеген жағдайларда; қызмет өткеру кезеңінде не қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл

ішінде қаза болған (қайтыс болған) жағдайда; қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде мүгедектік белгіленген кезде осы аурудың, мертігудің себепті байланысы ПМ ОӘДК каралады.

**Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

93. Құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңінде зақым алған (жараланған, контузия алған, жарақаттанған) қызметкерлерге кадр қызметі ӘДК-ға қызметкердің зақым алу жағдайы туралы мәліметтері бар құжаттарды, осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зақымдану (жаралану, контузия, жарақат) мән-жайлары туралы актіні не Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1055 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12655 болып тіркелген) 2-қосымшасына сәйкес еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру актісін ұсынады.

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру Еңбек кодексінің 20-тарауының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

94. Зақымдану (жаралану, контузия, жарақат) мән-жайлары туралы актісін не еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру актісін азамат қызмет өткерген бөліністер береді және зақым алынған сәттен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде ресімделеді.

Қалған жағдайларда осы актілер болмаған кезде кадр қызметтері азаматтың ( қызметкердің, бұрынғы қызметкердің) арызы бойынша қызметтік тергеп-тексеру жүргізеді.

Осы Қағидалардың 124-тармағының 2) тармақшасында көзделген аурулардың түрлері және олармен жұқтыру жағдайлары (мән-жайлары) анықталған кезде инфекциялық ауру жағдайын медициналық-эпидемиологиялық тексеру нәтижелерін ескере отырып, қызметтік тексеру жүргізіледі.

**Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

95. Зақым алу жағдайлары туралы актіде және қызметтік тексеру материалдарында қызметтік міндеттерін орындаумен байланысы туралы дәлелді тұжырымдары бар зақым (сырқат) алу себептері, мән-жайы, уақыты көрсетіледі.

96. Бұрынғы қызметкерлерде ауырған ауруларының, зақымдарының немесе контузия фактісін белгілеу үшін куәлардың айғақтары негіз болмайды, олар ішкі істер

органы бастығының нұсқауы бойынша зақым алу фактісі бойынша қызметтік тексеру жүргізген кезде есепке алынады.

**97. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

98. Науқастанудың, мертігудің (жараланудың, контузияның, жарақаттанудың) себепті байланысын анықтау кезінде осы Қағидалардың 94-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа:

1) мертігу (жаралану, контузия алу, жарақаттану) немесе науқастану фактілеріне байланысты қылмыстық істердің, сот шешімдерінің материалдары;

2) мертігу (жаралану, контузия, жарақат) немесе науқастану, жолығу немесе емделуде болу фактісін растайтын, жолығу уақыты мен себептері көрсетілген медициналық және қызметтік құжаттар;

3) ӘДК-нің куәландыру нәтижелері туралы деректері бар әскери-есептік құжаттар (ӘДК анықтамасы, науқастануы туралы куәлік, әскери билет, қызыл армия кітапшасы, науқастануы немесе жарақаттануы бойынша әскери міндеттіліктен босату туралы куәлік, емделуге кету туралы бұйрықтан үзінді);

4) МӘС бөлімдеріндегі куәландыру материалдары;

5) әскери қызмет өткеруді, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарында қызмет өткеруді растайтын құжаттар ескеріледі.

**Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

99. Сырқаттың, зақымдардың (жараланудың, контузияның, жарақаттанудың) себепті байланысы туралы қаулы шығаруға негіз болатын материалдардың барлығы МК актісіне немесе сырттай сараптама материалдарына қоса тіркеледі.

100. Егер қызметкерде немесе бұрынғы қызметкерде әртүрлі жағдайларда туындаған (алынған) бірнеше сырқат, зақымдар немесе олардың салдары анықталса, онда сырқаттардың, зақымдардың себепті байланысы туралы ӘДК-нің қаулысы әрбір жеке сырқат, зақымдардан кейін немесе сырқаттар, зақымдар тобына олардың туындау (алыну) жағдайларына байланысты жеке шығарылады.

101. Бұдан бұрын себепті байланыс туралы ӘДК қаулысы шығарылған құжатта сырқаттың, зақымның диагнозы нақты көрсетілмеген жағдайда штаттық ӘДК бастапқы диагнозды оның тұжырымдауларын өзгертусіз көрсетеді, содан кейін аурудың, зақымның дұрысталған диагнозын көрсетеді және сол бойынша себепті байланыс туралы қаулы шығарады.

102. Медициналық құжаттарда себепті байланыс анықталатын адамдарға қатысты ӘДК сырқаттардың, зақымдардың тек жекелеген симптомдарын көрсеткен кезде ӘДК осы сырқаттанудың себепті байланысы мәселесін қарайды.

103. Бұрынғы қызметкердің құжаттарында аурудың диагнозы көрсетілмесе, бірақ МК сәтінде қолданылған талаптардың (аурулар кестесінің) тармағы көрсетілсе, ішкі істер органдарының штаттық ӘДК өзінің сырқаттанудың, мертігудің себепті байланысы туралы қорытындысында талаптардың (аурулар кестесінің) көрсетілген тармағында көзделген аурулардың атауын көрсетеді.

104. Бұрынғы қызметкерлерде алынған дене жарақаттарының айқын салдары болған кезде (аяқ-қолдың болмауы, сүйектердің ақаулары, жарақаттанудан кейінгі ауқымды тыртықтар, бөгде заттардың болуы), осы Қағидалардың 126-тармағында көрсетілген мән-жайлар кезінде, егер көрсетілген оқиғаларға қатысты кезеңде дене жарақатын алу фактісін, ең болмағанда, жанама түрде растайтын әскери-есептік және медициналық құжаттар ұсынылған болса, кадр қызметтері, ӘДК-ге құжаттарды жіберген жергілікті әскери басқару органдарының не оларды қарайтын ӘДК сипаттамасын анықтау, зақымданудың ескіруі мен дәл оқшаулануын айқындау үшін сот-медициналық сарапшының куәландыруына жібереді.

Осындай жағдайларда дене жарақаттарының анық салдарының болуын жеткілікті негіздеу үшін ӘДК деректерді хаттамаға енгізіп, алдын ала комиссиялық тексеру жүргізеді.

105. Бұрынғы қызметкерде МК нәтижелері туралы құжаттар болмаған кезде немесе МК оған өткізілмеген жағдайларда сырқаттанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығару үшін сырқаттану тарихындағы, медициналық кітапшадағы, медициналық анықтамадағы, мұрағаттың анықтамасындағы жазбалар негіз болып табылады.

**106. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

107. Құжаттарда сырқаттанудың, мертігудің (жараланудың, контузия, жарақаттың) себепті байланысы туралы ӘДК қаулы шығару үшін қажетті мәліметтер болмаған кезде тиісті мекемелер мен мұрағаттардан қосымша әскери-есептік, медициналық сараптама құжаттары сұрау салынып алынады.

108. Қызмет өткергенін, Ұлы Отан соғысының майдандарында іс-қимылдағы армияда қызмет өткеруін, болуын, басқа да қарулы шиеленістерде, ұрыс операцияларына қатысуын, сондай-ақ зақымдану (жаралануы, контузия алуы, жарақаты) және сырқаттануы фактісін растайтын мұрағаттық құжаттарды іздестіруді ішкі істер органдарының арнайы мемлекеттік мұрағатының бөліністері және қорғаныс істері жөніндегі бөліністерде жүргізеді.

**109. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

110. ПМ ОӘДК құжаттарды қарап, әрбір нақты жағдайда:

- 1) зақымның (жараланудың, контузияның, жарақаттың) және сырқаттың себепті байланысы туралы қаулыны ресімдеуге;
- 2) қосымша материалдарға сұрау салуға;
- 3) жергілікті әскери басқару органдарының медициналық комиссиясында медициналық тексеру, сот-медициналық сараптама, куәландыру жүргізуге;
- 4) мәселенің мәні бойынша түсінік беруге;
- 5) тиесілігі бойынша құжаттарды жіберуге шешім қабылдайды.

111. Жараланудың, контузияның, жарақаттың, мертігудің және сырқаттанудың себептік байланысының толық негіздемесі бар құжаттарды қарау нәтижелері әскери-дәрігерлік комиссияның сырттай сараптама хаттамасымен ресімделеді, сырттай қаулылар кітабына енгізіледі, комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Штаттық ӘДК-нің сырқаттанудың, мертігудің, оның ішінде қаза табуға (қайтыс болуға) әкеп соқтырудың себепті байланысы туралы қаулылары қолданылу мерзімі шектеусіз, жалғыз данада беріледі.

Сырқаттың, зақымданудың себепті байланысы туралы бұрын шығарылған қаулы дұрыс еместігі не болмаса жаңадан пайда болған мән-жайлар себепті қайта қаралған жағдайда ӘДК алдыңғы қаулының күшін жоюға міндетті.

112. Қаулы жұмыс істейтін және бұрынғы қызметкердің қызметтен босатылуын, МК өтуін, емделуін немесе қайтыс болуын ресімдеу кезеңінде қолданыста болған тұжырыммен шығарылады.

Қаулы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘДК-нің бланкінде ресімделеді, штаттық ӘДК бастығы (ол болмаған кезде – уәкілетті адам) қолы қояды, елтаңбалы мөрмен расталады, немесе өтініш жіберген органға (бөлініске) немесе осы адамға мүгедектікті белгілейтін МӘС бөліміне жіберіледі (беріледі).

ӘДК-ге қарау үшін құжат жіберген органдарға (халықты әлеуметтік қорғау органдарынан басқа) және азаматтарға қаулының нақты МӘС бөліміне жіберілгені туралы хабар беріледі, олар әскери-есептік құжаттарды қайтарады.

## **2-параграф. Өлімге әкеп соқтырған сырқаттанулардың, мертігудің (жаралану, контузия, жарақат) себепті байланысын анықтау.**

113. Қызметкердің қайтыс болуына әкеп соқтырған сырқаттанулардың, зақымының себепті байланысы құқық қорғау органы, прокуратура органдары кадр қызметінің өтініші бойынша анықталады.

Қызметкердің қайтыс болуына әкеп соқтырған сырқаттанулардың, зақымының себепті байланысы туралы қаулы шығарар алдында ӘДК осы Қағидалардың 94 және 98 -тармақтарында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ сот-медициналық (патологоанатомиялық) зерттеу материалдарын, өлім туралы куәліктердің көшірмелерін зерделейді.

Қызметкердің қайтыс болуына әкеп соқтырған сырқаттанулардың, зақымданудың себепті байланысы туралы қаулы, қызметтік міндеттерін, әскери қызметтік міндеттерін атқару кезінде алынған немесе Чернобыль АЭС катастрофасының және басқа да радиациялық катастрофалардың, аварияларының және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты сырқатпен, зақыммен және қайтыс болу себебі (қайтыс болу туралы куәлікке сәйкес) арасындағы тікелей себеп-салдарлық байланыс бар болған кезде шығарылады.

**Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

114. Қызметкердің қайтыс болуына әкеп соқтырған сырқаттанулардың, зақымданудың себепті байланысын анықтау және қаулыны ресімдеу тәртібі осы тараудың 1-параграфына сәйкес сырқаттанудың, зақымданудың себепті байланысы туралы қаулыларды шығарудың жалпы тәртібімен регламенттеледі.

ӘДК отырысы хаттамамен ресімделеді, сырттай қаулылар кітабында тіркеледі, комиссия төрағасы және комиссия мүшелері қол қояды және елтаңбалы мөрмен бекітіледі. Қызметкердің қызмет мерзімінде не болмаса ол қызметтен босатылғаннан соң 1 жыл ішінде қайтыс болуына әкеп соқтырған сырқаттың, зақымның (жаралану, контузия, жарақат) себепті байланысы туралы ӘДК қаулысы ресімделеді, ӘДК төрағасының қолы қойылады, елтаңбалы мөрмен расталады және себепті байланысты анықтау туралы ұсынымхат жіберген органға жолданады (беріледі).

Осылардың негізінде сырқаттың, зақымның себепті байланысы туралы қаулы шығарылған барлық құжаттар және әскери-есепке алу құжаттары сырттай сараптама өткізген ӘДК істерінде сақталады.

### **3-параграф. Радиациялық әсерлерден зардап шеккен қызметкерлердің және бұрынғы қызметкерлер зақымдары мен сырқаттарының себепті байланысын анықтау**

115. Ядролық қару мен ғарыш техникасын қоса алғанда, ядролық қондырғылардың кез келген түрлеріне байланысты зақымданудың, сырқаттардың және олардың салдарымен, сынақтармен, оқу-жаттығулармен және өзге де жұмыстарды жүргізумен, сондай-ақ радиациялық авария (бұдан әрі-радиациялық әсер ету) ретінде сараланған басқа да жағдайлардағы себепті байланысы "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңға сәйкес айқындалады.

116. Жұмыс істеп жүрген және бұрынғы қызметкерлердің сырқаттарының радиациялық әсерлермен себепті байланысын ІІМ ОӘДК анықтайды.

117. Радиациялық әсерден зардап шеккен қызметкерлерді МК-ға және сырқаттың, зақымның себепті байланысын айқындау үшін - кадр қызметтері, ал бұрынғы

қызметкерлерді кадр қызметі, әскери басқару, халықты әлеуметтік қорғау органдары жібереді.

118. ПМ ОӘДК сырқаттың, зақымның радиациялық әсермен себепті байланысын айқындау кезінде:

1) қызметкерлердің:

жеке куәлігін, әскери билетін;

амбулаторлық картасы, медициналық кітапша, амбулаторлық және (немесе) стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмелер, диагнозы, қайталану жиілігі мен ұзақтығы көрсетілген сырқат ағымының сипаты туралы мәліметтерді;

радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда (жоғарыда көрсетілген заңмен айқындалған) орналасқан ішкі істер органдарында қызмет өткеру, әскери бөлімдерде міндетті әскери қызмет өткеру ұзақтығын көрсете отырып, кадр қызметі, әскери бөлім берген анықтаманы (актіні);

радиациялық авария ретінде сараланған жағдайлардағы қызметтік тексеру материалдарын;

иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу ұзақтығы мен мерзімдері, сәулелену дозалары көрсетілген маманның еңбек жағдайы мен жұмыс орнының санитариялық-гигиеналық сипаттамасының картасын;

2) бұрынғы қызметкерлерде:

әскери билет, жеке және зейнетақы ісі;

стационарлық, амбулаторлық науқастың медициналық карталарынан үзінді көшірмесін;

радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда (жоғарыда көрсетілген заңмен айқындалған) орналасқан ішкі істер органдарында қызмет өткеру, әскери бөлімдерде міндетті әскери қызмет (жиындар) фактісін растайтын құжаттар (мерзімдерін көрсете отырып), сондай-ақ радиациялық авария ретінде сараланған жағдайды растайтын құжаттарын;

иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу мерзімі мен еңбек жағдайларының, сәулелену дозасының санитарлық-гигиеналық сипаттамасының картасын қарайды.

119. Азаматты сырқатының, зақымының себепті байланысын анықтау үшін жіберген жауапты адам ӘДК-ге оның радиациялық әсерлер жағдайында қызмет (жиындарда) өткергенін растайтын, бекітілген анықтаманы ұсынады.

120. Ядролық катастрофалар нәтижесінде туындаған жіті және созылмалы сырқаттардың, сондай-ақ радиоактивтік әсердің қашықтағы салдарымен байланысы бар диагнозы тек стационарлық тексеруден кейін ғана Қазақстан Республикасы ПМ Орталық госпиталінде және Чернобыль АЭС-і авариясының зардаптарын жоюшыларға арналған Республикалық оңалту орталығында стационарлық тексеруден кейін белгіленеді.

**Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

121. Ішкі істер органдарының штаттық ӘДК иондаушы сәулелену әсері бар сырқаттардың себепті байланысын анықтау кезінде "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңын, "Иондаушы сәулеленудің әсерімен байланысты аурулардың тізбесін және себептік байланысты анықтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-217/2020 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21697 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы Қорғаныс министрліктерінің ішкі істер органдарында (Қарулы күштерде) қызмет (әскери қызмет) өткеру туралы мұрағаттық мәліметтерін басшылыққа алады.

**Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

122. Созылмалы баяу үдемелі (жалпысоматикалық) сырқаттар кезінде сырқаттың себепті байланысы туралы қаулы, егер сырқаттанудың басталуы көрсетілген кезеңде немесе олар катастрофаның зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды тоқтатқаннан кейін бес жыл ішінде ішкі істер органдарында қызмет өткеру кезеңіне жатқызуға болатын жағдайда шығарылады.

123. Қаулы комиссияның бланкісінде бір данада басылады, оған бастық, ал ол болмаған кезде - орынбасары қол қояды, елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Қаулы осы адамға мүгедектікті белгілейтін МӘС бөліміне жіберіледі (беріледі). ӘДК-ге құжаттарды қарау үшін жіберген органдар мен азаматтар (халықты әлеуметтік қорғау органдарынан басқа) қаулының МӘС-тың нақты бөліміне жіберілгені туралы хабардар етіледі, оларға әскери-есептік құжаттар қайтарылады.

**4-параграф. Сырқаттардың, зақымдардың (жаралану, контузия, жарақат) себепті байланысы туралы қаулылардың тұжырымдалуы.**

124. Жұмыс істеп жүрген және бұрынғы қызметкерлердің сырқаттануы кезінде себепті байланыс туралы қаулы:

1) егер куәландырылатын адамда сырқаты құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде қызмет өткеру кезеңінде пайда болса не көрсетілген кезеңде қызметке жарамдылық санатын өзгертетін ауырлық дәрежесіне жеткен болса, сондай-ақ созылмалы баяу үдемелі сырқаттар кезінде, егер аурудың басталуын негіздейтін медициналық құжаттар болған кезде құқық қорғау қызметін өткеру кезеңіне жатқызуға болатын болса – "Сырқаты қызмет өткеру кезеңінде алынған";

2) егер қызметкер құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде:

аса қауіпті инфекцияның эпидемиялық ошағында қызметтік міндеттерін (қызметтік борышын) атқару кезінде аса қауіпті инфекцияны;

эпидемиялық ауруларды, оларға карантин немесе төтенше жағдай енгізген кезеңде, жұқтырған адаммен (мәйітпен) байланыста болған немесе осы эпидемиялық аурулармен байланысты шектеу шараларын, басқа да арнайы іс-шараларды қамтамасыз етуге тартылған жағдайларда қызметтік міндеттерін тікелей атқарған кезде эпидемиялық ауруды;

қылмыстық-атқару жүйесінің медициналық мекемелерінде тікелей қызметтік міндеттерін атқару кезінде не болмаса сырқаттанған сотталғандарды арнайы вагондарда этаптау кезінде алып жүру және олармен тікелей байланыста болған кезде туберкулезді, В, С вирустық гепатитті, адамның иммундық тапшылығы вирусын жұқтырған болса – "Сырқаты қызметтік міндеттерін атқару кезінде алынған";

3) егер куәландырылушыда сырқаты құқық қорғау органдарына, азаматтық қорғау органдарына, мемлекеттік фельдъегерлік қызметіне қызметке тұрғанға дейін пайда болса және қызмет өткеру кезеңінде куәландырылушының қызметке жарамдылық санатын өзгертетін дәрежеге жетпесе – "Сырқаты қызметтік міндеттерді атқарумен және қызметпен байланысты емес" деген редакцияда шығарылады.

Осы Қағидалардың 124-тармағы 2-тармақшасының үшінші абзацы 2020 жылғы 19 наурыздан бастап кезеңде туындаған қатынастарда да қолданылады.

**Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

125. Жұмыс істеп жүрген және бұрынғы қызметкерлердің зақымданған (жараланған, контузия алған, жарақаттанған) кезінде себепті байланыс туралы қаулы:

1) егер куәландырылушы зақымды (жаралану, контузия, жарақат) осы Қағидалардың 2-тармағының б) тармақшасында көрсетілген зақымдаушы факторлардың ықпалы нәтижесінде тура өз қызметтік міндеттерін тікелей атқару кезінде, сондай-ақ:

мемлекеттік меншікті қорғау, қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау және қорғау бойынша қызметтік борышын орындау, қызметкер қызметтен тыс уақытта, демалыста, емделуде, демалыс өткізілетін жерге бару немесе кері қайту уақытында адам өмірін құтқару кезінде;

қызметке немесе қызметтен тура жол жүру, іссапарға және іссапардан кері қарай тікелей жол жүруде, іссапар уақытында қызметтік сапарларда;

белгіленген үзілістерді қоса алғанда, құқық қорғау органдарының, әскери бөлімнің аумағында немесе өзге де қызмет, әскери қызмет орнында, жұмыс (оқу) уақыты ішінде сабақтар өткізу орнында;

құқық қорғау органдарының аумағынан тыс жерлерде, егер онда болу қызметкердің міндеттеріне және күн тәртібіне (белгіленген үзілістерді қоспағанда) сәйкес келсе немесе ол оған тиісті командирдің (бастықтың) бұйрығы (өкімі) бойынша жіберілген болса;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқару кезінде, сондай-ақ арнайы тапсырмаларды орындау кезінде, оның ішінде тікелей қызметтік міндеттерге байланысты емес тапсырмаларды атқару кезінде;

интернационалдық борышты атқару кезінде;

донорлық функцияларды орындауға байланысты алған болса – "Зақым (жаралану, контузия, жарақат) қызметтік міндеттерін атқару кезінде алынды";

2) егер қызметкер, бұрынғы қызметкер зақымды (жаралану, контузия, жарақат) Қағидалардың осы тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мән-жайлармен байланысты емес жағдайларда не болмаса алкогольдік, уытқұмарлық, есірткілік масаң күйде, құқық бұзушылық жасау салдары, лауазымдық нұсқаулықтардың, бұйрықтардың, директивалардың, тәлімгерлік, басшылықтардың, нұсқаулықтардың және басқа да басшылық құжаттардың талаптарын бұзу салдарынан немесе зақым қасақана жасалып, ол қызметтік, әкімшілік, қылмыстық тексеру нәтижесінде анықталса (егер аталған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылмаса немесе оған қатысты қылмыстық іс тоқтатылса, онда қаулы шығарылады), сондай-ақ зақым алу жағдайларын растайтын құжаттар болмағанда – "Зақым (жаралану, контузия, жарақат) қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты емес, жазатайым оқиға нәтижесінде алынды";

3) егер зақымды (жаралану, контузия, жарақат) әскери жиындарға шақырылған қызметкер, азамат құқық қорғау органдарына, азаматтық қорғау органдарына, мемлекеттік фельдъегерлік қызметіне қызметке кіргенге дейін алған болса – "Зақым қызметпен байланысты емес" деген редакцияда жазылады.

**Ескерту. 125-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

126. ӘДК қаулылары:

"Зақым (жаралану, контузия, жарақат) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде алынды";

"Сырқаты майданда болумен байланысты";

"Сырқаты Ауғанстанда немесе ұрыс іс-қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери қызмет өткерумен байланысты";

"Зақым (жарақат, контузия, жарақат) Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде алынды"; мәртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы Заңында айқындалған, әскери қызмет өткерген әскери қызметшілер мен азаматтарға шығарылады.

127. Жұмыс істеп жүрген және бұрынғы қызметкердің қайтыс болуына әкеп соқтырған аурудың, зақымданудың (жараланудың, контузияның, жарақаттанудың) себепті байланысы туралы қаулы:

1) егер осы Қағидалардың 125-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мән-жайлар болмаған жағдайда және 125-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайлар кезінде алынған зақымдардың салдарынан тікелей зақымдануды алған кезде немесе қызмет өткеру кезеңінде немесе қызметтен шығарылғаннан кейін бір жыл ішінде қаза тапса (қайтыс болса)– "Қаза табуына (қайтыс болуына) әкеп соқтырған зақым (жаралану, контузия, жарақат) қызметтік міндеттерін атқару кезінде алынды";

1-1) егер оны қызметкер, бұрынғы қызметкер зақымды (жаралану, контузия, жарақат) Қағидалардың 125 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мән-жайлармен байланысты емес жағдайларда не болмаса алкогольдік, уытқұмарлық, есірткілік масаң күйде, құқық бұзушылық жасау салдары, лауазымдық нұсқаулықтардың, бұйрықтардың, директивалардың, тәлімгерлік, басшылықтардың, нұсқаулықтардың және басқа да басшылық құжаттардың талаптарын бұзу салдарынан немесе зақым қасақана жасалып, ол қызметтік, әкімшілік, қылмыстық тексеру нәтижесінде анықталса (егер аталған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылмаса немесе оған қатысты қылмыстық іс тоқтатылса, онда қаулы шығарылады), сондай-ақ зақым алу жағдайларын растайтын құжаттар болмағанда – "Қаза табуына (қайтыс болуына) әкеп соқтырған зақым (жаралану, контузия, жарақат) қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты емес жазатайым оқиға салдарынан алынды";

2) егер осы Қағидалардың 124-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сырқат түрлері және олардың туындау салдарынан қызмет өткеру кезеңінде немесе қызметтен шығарылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтыс болса – "Қайтыс болуына әкеп соқтырған сырқат қызметтік міндеттерін атқару кезінде алынды";

3) егер осы Қағидалардың 124-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайлар кезінде алған сырқаттануы салдарынан құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде қызмет өткеру кезеңінде немесе қызметтен шығарылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтыс болса – "Қайтыс болуына әкеп соқтырған сырқат қызмет өткеру кезеңінде алынды";

4) егер көрсетілген катастрофалар, авариялардың зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде немесе ядролық сынақтар жүргізу кезінде қызмет өткеру кезеңінде алынған сырқат (мертігу) салдарынан одан әрі қызмет өткеру кезеңінде немесе одан босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қаза тапса (қайтыс болса) – "Қаза

табуына (қайтыс болуына) әкеп соқтырған сырқат (зақым) Чернобыль АЭС-тегі катастрофаның әсеріне және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық катастрофалар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты" деген редакцияда шығарылады.

**Ескерту. 127-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

128. Радиациялық әсерлерден зардап шеккен азаматтардың зақымдарының, сырқаттарының себепті байланысы туралы қаулы:

1) төтенше экологиялық ахуалдардың, оның ішінде 1986 – 1990 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі авариялардың зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды орындауға тартылған жұмыс істейтін немесе бұрынғы қызметкерлерге егер сырқаттары катастрофа салдарынан қолайсыз факторлар туындатқан кезде – "Сырқаты төтенше экологиялық ахуалдар салдарынан алынған";

2) радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақта 1949–1991 жылдар аралығында ядролық қаруды сынауға қатысқан жұмыс істейтін немесе бұрынғы қызметкерлерге – "Сырқаты иондаушы сәулеленудің әсеріне байланысты" деген редакцияда қабылданады.

**5-параграф. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған зақымдардың (жаралану, контузия, жарақат) алынған.**

129. Денсаулыққа зақым келтірудің ауырлық дәрежесін айқындау "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен бекітілген біржолғы өтемақы төлеу қағидаларына сәйкес қызметкерлер қызметтік міндеттерін (қызметтік борышын) атқару кезінде алған мүгедектікке әкеп соқтырмаған зақым (жарақат, контузия, жаралану) болғанда біржолғы өтемақы мөлшерін белгілеу үшін жүргізіледі.

Қызметтік міндеттерін орындау кезінде денсаулығына зақым келген қызметкерлер, әскери қызметшілер стационарлық, амбулаторлық емдеу немесе бетпе-бет МК өту кезеңінде ӘДК-ге денсаулыққа зақым келтірудің мән-жайлары туралы актіні (анықтаманы) ұсынады. Ведомстволық емдеу-профилактикалық мекемелері, ӘДК мұндай жағдайда осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес денсаулықтың зақымдануының ауырлық дәрежесі туралы анықтаманы ресімдейді. ӘДК берген анықтама нөмірі МК актісінің тіркеу нөміріне сәйкес келуі тиіс.

130. Егер қызметтік міндеттерін орындау кезінде зақымданған (жаралану, контузия, жарақат) жұмыс істейтін және бұрынғы қызметкерлерге амбулаторлық немесе стационарлық емдеу аяқталғаннан кейін денсаулығына зақым келтірудің ауырлық

дәрежесі туралы анықтама берілмесе, ӘДК көрсетілген адамдардың өтініші, сақтандыру органдарының, құқық қорғау органдары кадр қызметтерінің, Қазақстан Республикасы ҰҰ бөліністерінің, жергілікті әскери басқару органдарының және т.б. қолдау хаттары бойынша денсаулығына зақым келтірудің ауырлық дәрежесін сырттай анықтайды.

Қорытынды амбулаторлық картасында (медициналық кітапшада), стационарлық науқастың медициналық картасында, басқа медициналық сараптама құжаттарында, сондай-ақ құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы ҰҰ бөліністері қызметкерлерінің жеке істерінен алынған, зақымданудың (жаралану, контузия, жарақат ) фактісі мен жағдайларын растайтын актілер мен анықтамаларда тиісті жазбалар болған кезде шығарылады.

Зақымның ауырлық сатысы туралы қаулы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес ӘДК-ның сырттай сараптама хаттамасымен, сырттай қаулылар кітабында және емдеу мекемелерін және олардың әрқайсысында емделу мерзімдерін көрсете отырып, осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес жалғыз данада зақымның ауырлық дәрежесі туралы анықтамамен тіркей отырып ресімделеді. Анықтама нөмірі сырттай қаулылар кітабындағы хаттаманың тіркеу нөміріне сәйкес келуі тиіс.

Кадр қызметі ӘДК-нің алдына қызметке жарамдылық санаты туралы мәселе қойған жағдайларда МК актісі толтырылып, толық МК нәтижелері бойынша қорытынды не болмаса сырттай сараптама қаулысы шығарылады.

131. Денсаулыққа келтірілген зақымның ауырлық дәрежесін анықтау осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес Денсаулықтың ауыр немесе жеңілге жататын зақымдануларының тізбесі негізінде жүргізіледі.

## **9-тарау. Әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысын ресімдеу**

132. Қызметке кандидаттарға қатысты:

1) " \_\_\_\_\_ қызметке жарамды" (лауазымы көрсетілсін);

2) " \_\_\_\_\_ қызметке жарамсыз" (лауазымы көрсетілсін);

3) "Құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде қызметке жарамсыз" (қызметке (оқуға) кандидаттың талаптардың барлық бағандары бойынша құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде қызметке кедергі келтіретін сырқаттары, зақымдары анықталғанда шығарылады);

4) "Тексеру аяқталмауына байланысты қорытынды шығарылған жоқ".

**Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

133. Оқуға кандидаттарға және білім беру ұйымдарының курсанттарына қатысты:

1) "\_\_\_\_\_ оқуға түсуге жарамды" (оқу орнының және факультеттің атауын көрсету));

2) "\_\_\_\_\_ оқуға түсуге жарамсыз" (оқу орнының және факультеттің атауын көрсету);

3) "\_\_\_\_\_ оқуға жарамды" (оқу орнының және факультеттің атауын көрсету));

4) "\_\_\_\_\_ оқуға жарамсыз" (оқу орнының және факультеттің атауын көрсету);

5) "20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ бастап (мерзімі көрсетілсін) азық-түлік үлесі нормаларының жартысы шегінде қосымша тамақтануы қажет";

6) "Тексерудің аяқталмауы себепті қорытынды шығарылған жоқ".

Білім беру ұйымдарының курсанттарына қатысты бұдан басқа, осы Қағидалардың 134-тармағында көрсетілген (6-тармақшада көрсетілгендерді қоспағанда бірінші оқу жылының курсанттары үшін) қорытынды шығарылады.

**Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

134. Қызметкерлерге қатысты:

1) "\_\_\_\_\_ қызметке жарамды" (лауазымы көрсетілсін);

2) "\_\_\_\_\_ қызметке жарамсыз" (лауазымы көрсетілсін);

3) "Тексеру аяқталмауына байланысты қорытынды шығарылған жоқ";

4) "Кейіннен куәландырумен тексеруге (емдеуге) жатады";

5) "Әскери қызметке жарамды";

6) "Әскери қызметке шектеулі жарамды";

7) "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды";

8) "Әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз".

9) "Қызметтен босатуды ресімдеу үшін қажетті, бірақ 30 тәуліктен аспайтын мерзімге қызметтік міндеттерін (әскери қызмет міндеттерін) атқарудан босатуды қажет етеді" - қорытынды бір мезгілде әскери қызметшілер әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз деп танылса және денсаулық жағдайы бойынша босатуды ресімдеу кезеңінде қызметтік міндеттерін орындай алмаса;

10) "6-12 айдан кейін МК-мен әскери қызметке жарамсыз" (нақты мерзімі көрсетілсін) - соғыс уақытында шығарылады.

**Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

135. Әскери-дәрігерлік комиссиялар осы Қағидаларда айтылған басқа да қорытындыларды шығарады.

**10-тарау. Медициналық куәландырудың, психофизиологиялық және полиграфологиялық тексерудің сараптамалық құжаттарын ресімдеу.**

136. Әскери-дәрігерлік комиссиялардағы МК актісі:

- 1) қызметке кандидаттарға;
- 2) магистратураға, докторантураға, академиялық курстарға күндізгі оқуға түсетін қызметкерлерге;
- 3) қызметкерлерге одан әрі қызмет өткеруге, бөліністерде және қызмет түрлерінде қызметке жарамдылығын айқындау кезінде;
- 4) Қазақстан Республикасының және шет елдердің климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерінде және климаты қолайсыз ыстық шет елдерде денсаулық жағдайы бойынша қызмет өткеру мүмкіндігін анықтау үшін жіберілген қызметкерлерге;
- 5) білім беру ұйымының курсанттарына, сондай-ақ академиялық демалыстардан кейін куәландырылушыларға ресімделеді.

МК актісінің паспорттық бөлігін барлық тармақтарды толтыра отырып, куәландырылушының өзі толтырады, Қарулы Күштерде және құқық қорғау органдарында қызмет ету мерзімі басталған және аяқталған жылы мен айы көрсетіле отырып жазылады, өзінің қолымен расталады.

Паспорттық бөліктің дұрыс толтырылуын ӘДК медициналық тіркеушісі тексереді. Әскери қызметке жарамдылық санаты, әскери атағы, берілген күні мен орны белгісі бар әскери билеттен (тіркеу куәлігінен) алынған мәліметтердің егжей-тегжейлі деректері, қызметтік куәліктен алынған мәліметтер енгізіледі және ӘДК медициналық тіркеушісінің қолымен куәландырылады.

МК актісі медициналық бөлігінің бөлімдерін сарапшылар, психологтар, медбике толтырады. Жан-жақты клиникалық-сараптамалық анамнез, объективті зерттеу деректері, қосымша зерттеулер нәтижелері жазылады.

"Диагностар" бөлімінде аурудың барлық диагноздары (жаралану, контузия, жарақаттар зақымдану) сараптамалық маңыздылығы тәртібімен көрсетіледі. Бірінші орынға куәландырылушының әскери қызметке жарамдылық санаты туралы сараптамалық қорытынды шығаруға негіз болған ауруы (жаралану, контузия, жарақаттану, зақымдану) шығарылады. Содан кейін негізгі ауруымен этиопатогенетикалық байланыстағы басқа да аурулары көрсетіледі. Бұдан әрі әскери қызметке, мамандығы бойынша жұмысқа жарамдылығын ең аз дәрежеде шектейтін және негізгі ауруымен байланысты емес қосалқы ауруларының барлығы көрсетіледі. Соңында қолданыстағы бұйрықтардың ӘДС жөніндегі тиісті тармақтарын қолдануға негіз бермейтін диагноздары көрсетіледі.

Хирургиялық аурулар және жарақаттану кезінде диагноз хирургиялық көмек түрі және көлемі, күні және функциялық қызметтің бұзылу дәрежесі қысқаша көрсетіліп қалыптастырылады (мысалы "туберкулез себебі бойынша сол жақ өкпесінің 2

сегментін алып тастағаннан кейінгі жағдай (2013 жыл)", "анамнезінде сол жақ тізе менискі алынып тасталған (2000 жыл), функциясының бұзылуынсыз)".

Диагнозды "... кейінгі жай-күйі" түрінде тұжырымдау бір іс-қимыл (операциялар, жарақаттанулар, өткен процестер) сәтінен бастап қандай да бір қысқа мерзімде өткен уақытша құрылымдық және (немесе) функциялық бұзылулары бар жағдайларда; "... анамнезінде" - іс-қимыл сәтінен бастап ұзақ мерзім өткеннен кейін; "... салдары" - бұрын болған іс-қимылдар салдарынан тұрақты құрылымдық және (немесе) функционалдық өзгерістер бар болған кезде қолданылады.

Аурулардың (жараланудың, контузия, жарақаттың, зақымдардың) себепті байланысы туралы қаулы осы Қағидалармен көзделіп, расталған тұжырымдар негізінде шығарылады.

"ӘДК қорытындылары" бөлігінде бекітілген тұжырымдарға сәйкес ӘДК-нің соңғы отырысының қорытындысы жазылады, Талаптар тармақтарының, бұйрықтардың нөмірлері, комиссия отырысының күні қойылады.

Талаптардың тармақтары мен тармақшалары белгіленген аурулардың диагноздары тәрізді тәртіппен көрсетіледі. Бірінші Талаптардың негізгі ауруды көздейтін тармағы, содан кейін ауырлық сатысына, функциялардың бұзылуына байланысты қалған тармақтардың барлығы көрсетіледі. Тармақтар және олардың тармақшалары олардың әскери қызметке, нақты лауазым бойынша қызметке жарамдылығының шектелуіне немесе шектелмеуіне қатыссыз шығарылған диагнозға сәйкес көрсетіледі.

Тармақтармен тармақшаларды жазған кезде бірінші Талаптар тармағының нөмірі, содан кейін бөлшек сызық (дробь) арқылы тармақшаның нөмірі жазылады (мысалы, "10/1"). Тармаққа түсініктеме қолданған кезде тармақтың нөмірінен кейін "түс." деген сөз енгізіледі (мысалы, "10-түс.").

Қорытынды төрағаның, комиссия мүшелерінің, отырысқа қатысушылардың қолымен расталады және ӘДК мөрімен бекітіледі.

Медициналық құжаттардың, хаттамалардың түпнұсқалары немесе комиссия төрағасының қолымен және ӘДК мөрімен расталған көшірмелері, флюоро-рентгенограммалардың, пленкалардың көшірмелері және белгіленген диагнозды негіздейтін басқа да зерттеулер нәтижелері МК актісіне қоса тіркеледі. МК актісінің зерттеулер нәтижелері туралы бөлігінде негізгі сараптамалық диагноздарды негіздейтін (көрсетілген құжаттар жоғалған жағдайда) зерттеулер және кеңестер жүргізу орны, күні, нөмірі қорытындының мәтіні келтірілместен жазылады.

МК актісіне отырыстар хаттамалары кітабында ӘДК қорытындысы тіркелетін нөмір беріледі.

МК-ның бір актісінде жаңа қорытынды қабылданған кезде хаттаманың нөмірін, күнін, диагноздарын, себепті байланыс туралы қаулыны және қайталап өткізілген МК-ға ӘДК қорытындысын жазу ӘДК-нің бұрынғы қорытындысы жазылғаннан кейін бірізді түрде МК-ның актісінде жүргізіледі. Хаттама нөмірі куәландыру актісінің

титулдық парағында қорытындының алдыңғы нөмірінен кейін бөлшек сызық (/) арқылы көшіріліп жазылады.

Көрсетілген жағдайларда МК актісі жаңа тіркеу нөмірі бойынша тәртіппен мұрағаттық папкада сақталады.

**Ескерту. 136-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

137. Оқуға кандидаттардың МК картасы штаттағы ӘДК-де күндізгі оқу нысанына білім беру ұйымдарына түсетін қызметкерлер мен азаматтарға ресімделеді.

Куәландыруды аяқтамаған және (немесе) жарамсыз деп танылған (оның ішінде білім беру ұйымынан қайтарылған) тұлғалар МК карталары алдын ала МК жүргізген ӘДК-де белгіленген тәртіппен сақталады.

**Ескерту. 137-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

138. ӘДК отырыстары хаттамаларының кітабын (журналын) комиссия хатшысы барлық штаттық және штаттық емес ӘДК-де:

- 1) қызметке кандидаттарға;
- 2) қызметкерлерге, оның ішінде білім беру ұйымдарының курсанттарына;
- 3) азаматтық жастар, қызметкерлер мен әскери қызметшілер қатарынан оқуға кандидаттарға;
- 4) әскери қызметке кандидаттарға, әскери қызметшілерге және әскери-оқу орындарының курсанттарына жеке жүргізеді.

ІМ ОӘДК-да сырттай сараптама жүргізу хаттамаларының жеке кітабы (журналы) жүргізіледі. Сырттай сараптама материалдары жеке номенклатуралық іске тігіледі.

Өңірлік ПД ӘДК-да сырттай сараптамалар хаттамалары қызметкерлерді бетпе бет куәландыру хаттамаларының журналында (кітабында) "сырттай" деген белгісі бар тіркеу нөмірімен тіркеледі. Сырттай сараптама материалдары нумерацияға сәйкес күндізгі куәландыру актілерімен бірге тігіледі.

ӘДК отырыстарының әрбір хаттамасы жылдық есепті мерзімнің басталу күнінен саналатын комиссия отырыстары хаттамасының "20\_\_ г " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ хаттама №\_\_ \_\_" күні және нөмірі көрсетіліп жазылады.

Бұдан әрі МК актілерінде (карталарында) ресімделген, жылдық есепті мерзімнің басталу күнінен саналатын реттік тәртіппен нөмірленген ӘДК отырысы күні қабылданған қорытындылар мен қаулыларды тіркеу жүргізіледі.

ӘДК отырысының әрбір хаттамасы "Комиссия хатшысы: \_\_\_\_\_ Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_ Сарапшы-дәрігерлер: \_\_\_\_\_ " жазуымен аяқталады, лауазымы, тегі, аты-жөні көрсете отырып, көрсетілген адамдардың қолдары қойылып расталады және ӘДК-ның елтаңбалы мөрімен бекітіледі.

Жаңа қорытынды қабылдаған кезде бір МК актісінде, хаттамалар кітабында жаңа қорытындыны алдыңғы қорытындының нөміріне сілтеме жасалып (бөлшек сызық арқылы) тіркеу жүргізіледі. Алдыңғы қорытындының жазуларындағы тіркеу нөміріне жаңа қорытындының нөмірі (бөлшек сызық арқылы) тіркеу нөміріне енгізіледі.

ӘДК хаттамалар кітабындағы жазбалар толық, белгіленген нысанға сәйкес болуы тиіс.

Оқуға кандидаттардың ӘДК отырыстарының хаттамалар кітабына алдын ала МК деректері тіркеледі, осы жерде кадр қызметінің қызметкерлері карталарды алуға қол қояды.

ББҰ УӘДК отырыстарының хаттамалар кітабында қысқаша жазбалар жүргізуге рұқсат етіледі. ББҰ УӘДК білім беру ұйымдарына түсуге жарамсыз деп танылған адамдарға қатысты жарамсыз деп тану негіздерінен (диагноздан) басқа кандидаттың алдын ала МК жүргізген ӘДК атауы көрсетіледі.

ӘДК хаттамалар кітабы МК туралы статистикалық есептерді жасағанда пайдаланылады.

**Ескерту. 138-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 26.06.2025 № 471 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

139. Электрондық есеп ӘДК қабылдаған қорытындысының әрбір жағдайы бойынша жүргізіледі. Қайта жүгінген кезде алдыңғы жазба толықтырылады.

140. Сырқаты туралы куәлік бейбіт уақытта білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, әскери қызметшілеріне және курсанттарына:

әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп тану;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды деп тану;

климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеруге жарамсыз деп тану;

мамандандырылған емдеу мекемелерінде ұзақ (1 жылдан астам) емдеу, бақылау, мамандандырылған оқу орындарында оқыту немесе тәрбиелеу қажет болған жағдайда;

қызметкердің тасымалдауға жарамдылығының болмауы, егер ӘДК қорытындысын іске асыру қызметкерлерді жаңа қызмет орнына ауыстыруға әкеп соқтырған жағдайда ресімделеді.

Соғыс уақытында сырқаты туралы куәлік әскери қызметке шектеулі жарамды деп танылған қызметкерлерге, әскери қызметке жарамсыз, 6-12 айдан кейін қайта куәландырыла отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған қызметкерлерге жасалады.

Сырқаты туралы куәлік бейбіт уақытта 5 данада жасалады. Науқастануы туралы куәліктердің үш данасы беріледі және тиісті кадр қызметінің инспекторына беріледі ( жеке іске қосу үшін 1 дана, 2 дана-зейнетақы ісіне, 3 дана - тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органдарының әскери жеке ісіне), 4 дана ӘДК-нің актісінде

қалады, 5 - ші данасы науқастануы туралы куәліктерге арналған жеке іске тігіледі. Қажет болған жағдайда қосымша дана мөрленген конвертте МӘС бөліміне қолма-қол беріледі.

Соғыс уақытында сырқаттануы туралы куәлік 3 данада жасалады.

Сырқаты туралы куәлік ӘДК-де қорытынды шығарылған сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей ресімделеді.

Сырқаты туралы куәліктің кадр қызметінің 6 ай ішінде жүзеге асыруы үшін заңды күші бар. Егер қорытынды мерзімінде іске асырылмаса немесе қызметте болуды жалғастырушы куәландырылушының денсаулық жағдайында елеулі өзгерістер болса, куәландыру жаңадан жүргізіледі.

Жоғары басшы құрамдағы қызметкерлерге ПД ӘДК ресімдейтін сырқаты туралы куәліктер ПМ ОӘДК-де бекітілуге жатады.

Бекітілуге жататын сырқаты туралы куәліктер ӘДК отырыстарының хаттамалар кітабында тіркелген сәттен бастап 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде МК актісімен және белгіленген ауруларды сипаттайтын медициналық сараптама құжаттарымен бірге ПМ ОӘДК-ге жіберіледі.

141. МК туралы анықтама куәландыру нәтижелері бойынша:

1) ӘДК нақты лауазымға, мамандыққа қызметке жарамды; әскери қызметке шектеулі жарамды; әскери қызметке жарамды деп танылған қызметкерлерге;

2) қызметке кандидаттарға;

3) алдын ала куәландыру нәтижелері бойынша оқуға кандидаттарға, сондай-ақ академиялық демалыстардан кейін куәландырылушыларға;

4) Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеруге жарамды деп танылған қызметкерлерге.

ӘДК әскери қызметке жарамды, "әскери қызметке шектеулі жарамды" деп танылған қызметкерлерді жұмыстан шығару кезінде анықтама 3 данада ресімделеді және тиісті кадр қызметінің инспекторына: 1 дана - жеке іске, 2 дана - зейнетақы ісіне, 3 дана - әскери жеке іске қосу үшін беріледі.

Қалған жағдайларда анықтама 1 данада ресімделеді.

Соғыс уақытында әскери қызметке жарамды деп танылған адамдарға анықтама 2 данада, барлық басқа жағдайларда -1 данада жасалады.

Соғыс уақытында штаттық емес ӘДК анықтаманы жоғары тұрған ӘДК бақылауға жібермейді.

Анықтама ӘДК-де қорытынды Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес отырыс хаттамалары кітабында тіркелген күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ресімделеді.

Қызметке (оқуға) және қызметкерлерге арналған анықтаманы кадр қызметінің іске асыру мерзімі 6 айды құрайды.

142. Денсаулық зақымдануының ауырлық дәрежесі туралы анықтаманы ПО ведомстволық емдеу-профилактикалық мекемесі стационарлық, амбулаторлық емдеу кезеңінде немесе бетпе бет МК өту кезінде ӘДК сырттай сараптама нәтижелері бойынша береді.

Денсаулыққа зақымның ауырлық дәрежесі туралы анықтама осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес жалғыз данада беріледі. Анықтама нөмірі МК актісінің немесе сырттай қаулылар кітабындағы хаттаманың тіркеу нөміріне сәйкес болуы тиіс.

143. Климаты қолайсыз ыстық шет елге кететін адамның денсаулық жағдайы туралы анықтама қызметкерлерге осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес штаттық ӘДК-де жасалады.

144. Медициналық сараптама құжаттарын толтыру кезінде әртүрлі жай-күйлердің, органдардың атауын, көп қолданылмайтын медициналық терминдерді (жалпы қабылданғандарды қоспағанда) қысқартуға және латын тіліндегі белгіленулерін қолдануға жол берілмейді. Келісілмеген түзетулер мен өшірулерге жол берілмейді.

Түзетулер былай енгізіледі: мәтіннің дұрыс жазылмаған бөлігі сызылып, жанына жаңа мәтін жазылады және "түзету дұрыс" сөздері жазылып, олар мәтінді толтырған қызметкердің қолымен және ӘДК мөрімен расталады.

**Ескерту. 144-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

145. Кадр қызметінің қызметкерлері алынған медициналық мәліметтерді, сипатталған психологиялық мінездемені қызметтік мақсатта тек кадр мәселелерін шешу үшін ғана пайдаланады.

Анықтама, сырқаттануы туралы куәлік жоғалған жағдайда, кадр қызметі инспекторының жазбаша өтініші бойынша ӘДК оң жақ жоғарғы бұрышында "Телнұсқа" көрсетілген телнұсқа береді.

Телнұсқа мәтінінің, бұрын анықтаманың түпнұсқасына қол қойған комиссия хатшысының және төрағасы тегінің, аты-жөнінің төменгі жағына телнұсқаның берілген күнін көрсете отырып, "Телнұсқа дұрыс" деген жазба қолмен жазылады, телнұсқаны беру сәтінде жұмыс істейтін медициналық тіркеуші мен ӘДК төрағасының қолымен расталады және елтаңбалық мөрмен бекітіледі.

Өтініш МК актісіне қоса тігіледі.

145-1. ӘДК-нің МК немесе сырттай сараптама туралы қорытындылары есепке алынуы, лауазымы бойынша ауыстыруы, орын ауыстыруы туралы қабылданған шешімге қарамастан кандидаттың немесе қызметкердің жеке ісіне тігіледі.

Орын ауыстыру туралы мәселені қарау кезінде бір бөліністің кадр қызметі басқа бөліністе қызмет өткеретін қызметкерді МК-ға жіберген жағдайларда ауыстыру туралы қабылданған шешімнің аяқталуына қарамастан ӘДК қорытындысы жеке іске тігіледі (тігуге жіберіледі).

Ескерту. Қағида 145-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 11-тарау. Психофизиологиялық зерттеу

146. ПФЗ-ның негізгі мақсаты мен міндеті жеке тұлғаның жеке қасиеттерінің кәсіби талаптарға сәйкестігін бағалау, құқық қорғау органдарында табысты қызмет атқару (оқу) үшін кедергі болуы мүмкін интеллектуалдық, когнитивті, эмоциялық-ерік, дербес-жеке тұлғалық салалардың ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

147. ПФЗ ПД тестілеуді, психологпен жеке әңгімелесуді, сондай-ақ жекелеген жағдайларда ПФ тестілеуді қамтиды.

Тестілеу жүргізілетін адамның деректері, тестілеу жүргізу уақыты, жүргізілетін тестілеу әдістемелерінің түрлері осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес ПФТ тестілеуді тіркеу журналына тіркеледі.

148. ПФТ:

1) қызметке кандидаттарға;

2) оқуға түсуге кандидаттарға;

3) қызметкерлерге қатысты - қызмет бойынша (оның ішінде жоғары лауазымға) тағайындау немесе ауыстыру кезінде, ерекше жағдайларда - ӘДК сарапшы-психиатры немесе невропатологтың ұсынымдары және сарапшы-психологпен келісімі бойынша өзге мақсаттарда МК өтетін қызметкерлерге диагноздың дұрыстығын тексеру үшін жүргізіледі.

149. ПД тестілеудің міндетті әдістемелері тұлғаның психологиялық ерекшеліктері туралы формальды деректерді алу мақсатында жүргізіледі және:

1) жеке тұлғаның толық психологиялық бейнесін жасауға арналған, сондай-ақ мотивациялық бағыты, өз-өзін бағалау, жеке тұлғалардың мінез-құлық стилі, сипаттамалық белгілері, стреске қарсы іс-қимыл түрі, жетекші талаптар, көңіл-күй көрінісі, жеке тұлғаның бейімделу дәрежесі және бейімделмеудің мүмкін түрі, көшбасшылық белгілерінің айқындылығы құрамдар енетін жеке тұлғаны жан-жақты зерттеу әдістемесі (бұдан әрі – ЖЖЗӘ);

2) ойлау қабілетін, оқуға қабілеттілігін, жеке тұлғаның танымдық бейімделуінің қалыптасуын (20 жасқа толмаған адамдар үшін) бағалайтын зияткерлік өнімділік пен ойлау ерекшеліктерін немесе қысқаша бағдарлы тест (бұдан әрі - ҚБТ) белгілеуге мүмкіндік беретін "Равеннің прогрессивті матрицалары" әдістемесі;

3) эмоционалдық-ерік саласының, өзекті жай-күйінің, жұмыс істеу қабілетінің деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін Люшердің түрлі-түсті сынағы;

4) азаптауды қолдану қаупі жоғары лауазымдарға қызмет бойынша тағайындалатын (орнын ауыстыратын) адамдарға агрессияны бақылаудың (ИТО, FPI, Басс-Дарки,

агрессияны бағалауға арналған сауалнама) болуын, ауырлық дәрежесін және деңгейін айқындауға арналған әдістемелердің бірі (психологтың таңдауы бойынша).

ПДТ нәтижелері осы Қағидаларға 18 және 19-қосымшаларға сәйкес психодиагностикалық тестілеу хаттамаларымен ресімделеді.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

150. ПФ тестілеу міндетті әдістемелері Талаптардың I бағаны бойынша куәландырылатын адамдарға (оның ішінде қызметкерлерге), сондай-ақ жүргізуші лауазымына тағайындалатын, ауысатын адамдарға ПФЗ міндетті әдістемелері нәтижелері бойынша немесе көрсетілімдер бар болған жағдайда қосымша психологиялық тестілеу түрінде жүргізіледі.

Ескерту. 150-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

151. ПФ тестілеу куәландырылатын адамдарға, сондай-ақ жадының, зейіннің, жұмысқа қабілеттілігінің, кедергіге төзімділігінің, реакциялардың шапшаңдығы ерекшеліктерін анықтау мақсатында жүргізіледі және:

1) сандарды еске сақтау (механикалық жады) – цифрлық материалды сақтау және есте сақтаудағы жеке айырмашылықтарды анықтауға бағытталған;

2) сөздерді мағыналық еске сақтау – ассоциациялық жадыны;

3) ұзақ жұмыс істеу кезінде орнықтылықты, көлемді, шаршағандығын және зейін ауытқуын анықтауға бағытталған "кедергісіз" және "кедергілермен" түзету сынамасын (бір әдістеме ретінде бағаланады);

4) назар шоғырландыру деңгейін анықтау үшін "шатасқан желілер". ("кедергілі" және "кедергісіз" түзету сынамаларын өткізу арасындағы үзілісте жүргізіледі);

5) зейіннің орнықтылығын және жұмыс қабілеттілігінің динамикасын, реакциялардың шапшаңдығын анықтауға арналған Шульте кестесін;

6) бір жұмыстан екінші жұмысқа кіріскенде зейінің ерекшеліктерін анықтауға арналған Горбов-Шульте "кедергісіз" кестелерін;

7) эмоционалдық тұрақтылықты бағалау үшін "кедергілі" Горбов-Шульте кестесін қамтиды.

Осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген зерттеулер жеке әдістеме ретінде бағаланады.

152. ПД тестілеу әдістемелерінің барлық міндетті түрлері күннің бірінші жартысында өткізіледі. Әңгімелесу, ПФ тестілеу және тестілеудің қосымша түрлері бір күн ішінде өткізіледі.

ПФ тестілеу жүргізу нәтижелері осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес психофункционалдық тестілеу хаттамасымен ресімделеді.

153. Барлық тексерілушілерге қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде тест тапсырмалары мен нұсқаулықтар беріледі. Қажет болған жағдайда зерттелетін адам өз есебінен басқа тіл (мемлекеттік және орыс тілдерінен басқа) бойынша аудармашыны тартады.

154. ПФЗ-ға жатпайды:

МК өткізу тоқтатылған қызметке және оқуға түсуге жарамсыздығы болжанатын талаптарға сәйкес негіздеме анықталуына байланысты, ӘДК-нің қорытынды отырысында МК-ні жалғастыруға жарамсыздығы немесе қажеттілігі туралы шешім қабылдағанға дейін қызметке және оқуға кандидаттар;

жарамсыз деп танылған қызметке және оқуға түсуге кандидаттар;

осы Қағидалардың 148-тармағының 3) тармақшасында жазылғандардан басқа, өзге мақсаттарда, оның ішінде қызмет мерзімін ұзарту кезінде одан әрі қызметке жарамдылығын айқындау кезінде куәландырылатын қызметкерлер.

**Ескерту. 154-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

155. ПФЗ-ға жіберілмейді:

тәуліктік, түнгі кезекшіліктен кейінгі адамдар (ауызша куәландырылушы);

тестілеуге немесе сұхбаттасуға келген кезде созылмалы аурулардың асқыну немесе жіті аурудың айқын белгілері бар адамдар;

алкогольдік мас болу белгілері және ӘДК психиатры растаған басқа да уыттану белгілері бар адамдар (куәландырылушы келіспеген жағдайда оған тестілеуден шеттетілген сәттен бастап екі сағат ішінде наркодиспансерде ерікті тексеруден өту ұсынылады).

156. Куәландырылушы адамдармен ПД тестілеу (қосымша әдістемелермен қоса) және ПФТ аяқталғаннан кейін ӘДК-нің сарапшы-психологы тест нәтижелері мен оларды интерпретациялау негізінде әңгімелесу өткізеді.

ПД тестілеуді қайта тапсыру нәтижелері шынайы болмағанда психолог сынақтан өтушімен әңгімелесуі барысында талдау жүргізеді, нәтижелерінің шынайы болмауы себептерін және тестілеуден өту жөнінде жалпы ұсынымдар береді.

"Ұсынылмайды" қорытындысы шығарылған адамдарға психолог осындай қорытынды шығарудың себептері және негіздемелері туралы түсініктеме береді.

Әңгімелесу осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес әңгімелесу хаттамасымен ресімделеді.

Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

157. Куәландырылушыда Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу кезінде зерттеу әдістемесінің 87-тармағында көрсетілген негіздер анықталған кезде (осы Қағидаларға 2-қосымша) ол ПФЗ-нің қосымша әдістеріне жіберіледі.

Қосымша психодиагностика жүргізуді диагнозды верификациялау үшін ӘДК сарапшы-психиатры немесе сарапшы-невропатологы да ұсынуы мүмкін. Мұндай жағдайларда олар қосымша тестерді өткізу мүмкіндігін, мақсатқа сай болуын және түрін психологпен келіседі. Қосымша тестілеуді ұсыну туралы жазба "психиатр" немесе "невропатолог" бөлімінде жүргізіледі.

Ескерту. 157-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

158. ПФЗ қорытындысы психологиялық мінездеме мәтіні мен қорытындыларын қамтиды, осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметке (оқуға) кандидаттарға, қызметкерлерге ресімделеді.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

159. Психологиялық сипаттаманың мәтіні осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес ПФЗ психологиялық сипаттамасын жасау сызбасына сәйкес ресімделеді және қорытындылармен бірге МК туралы анықтамаға енгізіледі және ПФЗ бастығының (сарапшы-психологтың) қолымен расталады.

160. ПФЗ тұжырымдары ұсынымдық сипатта болады және осы Қағидаларға 2-қосымшаның 93-тармағында баяндалған негіздерде "ұсынылады" немесе "ұсынылмайды" деген тұжырымдарда шығарылады.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. Куәландырылатын адам "ұсынылған" деп танылған жағдайда, бірақ ахуалдық стресс жай-күйінде және (немесе) айқын дәрежеге жетпеген мінез-құлық реакциялары болған кезде психологиялық сипаттама мәтінінің мазмұнында бөлініс психологының қадағалау, бақылау, түзету және (немесе) қолдау көрсету қажеттігі туралы ұсынымдарды енгізуіне жол беріледі.

162. ПФЗ қорытындысының жарамдылық мерзімі 6 айды құрайды.

163. Бұрын "ұсынылған" деп танылған адамдарға ӘДК-ге қайта жіберу кезінде алдыңғы ПФЗ жүргізілген сәттен бастап 6 ай ішінде қайта тексеру жүргізілмейді, алдыңғы ПФЗ мұрағаттық деректері зерделенеді және пайдаланылады. Басқа лауазым

талаптары бойынша жарамдылығын анықтау кезінде қажет болған жағдайда психологпен әңгімелесу, ПФ тестілеу, қосымша тест жүргізіледі.

164. Жекелеген жағдайларда ӘДК психологы қызметкердің жай-күйін нақтылау үшін бөлініс психологынан осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес жасалған психологиялық сипаттамаларды сұратуы мүмкін.

165. ПФЗ түпкілікті қорытындысы осы Қағидалардың 26-қосымшасына сәйкес ПФЗ қорытындыларын тіркеу журналында тіркеледі.

166. Оқу орындарында ПФЗ түпкілікті МК жүргізу кезінде:

1) алдын ала МК кезінде ПФЗ өткізілмеген;

2) оқу орнына кандидаттың алдын ала МК кезінде жүргізілген ПФЗ қорытындысының толтырылған бланкісі болмаған;

3) алдын ала МК кезінде ПФЗ қорытындысы бланкісін сапасыз ресімдеген, ПФЗ-ны сапасыз өткізу белгілері айқындалған, оның ішінде ЖЖЗӘ нәтижелерінің шынайы еместігі;

4) алдын ала МК кезінде жүргізілген ББҰ УӘДК психологының бақылауы (әңгімелесуі) нәтижелерімен ПФЗ қорытындысы сәйкес келмеген жағдайларда

5) сарапшы психиатрдың немесе невропатологтың ұсынымы бойынша ББҰ УӘДК психологтың келісімі бойынша зерттеудің қосымша түрі ретінде белгілеген жағдайларда жүргізіледі.

## **12-тарау. Полиграфологиялық зерттеу.**

**Ескерту. 12-тарау алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **13-тарау. Қорытынды ережелер**

184. ИМ ОӘДК, ӘДК қорытындысымен (қаулысымен) келіспеген жағдайда азаматтар өздерінің келіспеушіліктерін дәлелді негіздемелермен қорытынды (қаулы) шығарған ОӘДК-ге немесе ӘДК-ге жүгінеді.

ӘДК сараптама материалдарын қарайды және жеткілікті негіздер болған кезде жете тексеру, қайта куәландыру жүргізеді, бұрын қабылданған қорытындыны (қаулыларды) қайта қарайды (қажет болған жағдайда бұрын қабылданғандардың күшін жоя отырып) не өтінішті қанағаттандырудан бас тартады.

185. Қабылданған қорытындыны (қаулыны) қайта қараудың, қайта куәландырудың нәтижелеріне немесе ӘДК бас тартуға азаматтар ИМ ОӘДК-ға немесе сот тәртібінде шағымдана алады.

Қабылданған қорытындыны (қаулыны) қайта қараудың, қайта куәландырудың нәтижелеріне немесе ІІМ ОӘДК бас тартуға азаматтар сот тәртібінде шағымдана алады

Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдарында,  
азаматтық қорғау органдары мен  
Мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметінде әскери-дәрігерлік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

### Медициналық куәландыруға жолдама \*

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

	_____
	(жолдама берген органның атауы)
	_____
	(әскери-дәрігерлік комиссияның атауы) Комиссияның мекенжайы
	_____
№ жолдаманың түбіршегі ТАӘ _____	№ _____ ЖОЛДАМА
	_____
қызметкер (арнаулы атағы), қызметке орналасушы, оқуға түсуші;	(қызметке (оқуға) кандидат, қызметкерде атқаратын лауазымы, арнаулы атағы көрсетілсін)
	_____
	тегі, аты, әкесінің аты
Медициналық куәландыруға жіберілді (жіберілу мақсаты)	_____
	медициналық куәландыруға жіберілді. жолдау мақсаты: _____
	_____
	_____
Кадр аппаратының бастығы	анықтау үшін (қызметкерлер мен қызметке кандидаттарда ұсынылатын лауазым, оқуға
	_____

(органның атауы) _____	кандидаттарда - оқу орнының атауы және даярлау бағыты көрсетілсін)
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты) 20 __ ж. " ____ " _____	Осыған дейін ІІМ ОӘДК, ПД ӘДК өтті/өткен жоқ
20 __ ж. " ____ " _____ дейін ұзартылды	_____
Кадр аппаратының бастығы	ӘДК өткен орны 20 ____ жылы _____ № _____ анықтама _____
(органның атауы) _____	_____ себепті
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты) 20 __ ж. " ____ " _____	Жіберілетін адамға кадр қызметі МК жолдамамен бірге береін тізбеге сәйкес құжаттар мен зерттеулер нәтижелерін ӘДК ұсыну қажеттігі ескертілді.
	Кадр аппаратының бастығы СУРЕТ _____
	(фамилия, И. О.) Орындаушы _____
	М.О. _____
	(тегі, аты, әкесінің аты) тел. _____
	20 __ ж. " ____ " _____

Ескертпе\* – А5 форматында

Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдарында,  
азаматтық қорғау органдары мен  
Мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметінде әскери-дәрігерлік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Нысан

## **Құқық қорғау органдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу кезіндегі зерттеу әдістемесі**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Әскери-дәрігерлік комиссияда медициналық куәландыру (бұдан әрі - МК) қызметке (оқуға) кандидаттар және қызметкерлер қызмет (лауазым) бойынша ауысуы кезінде сырқаттары туралы хабарлауға не патологиялық сипаттардың белгілерін көрсетуге мүдделі емес, ал сырқаты бойынша жұмыстан босатылуға мүдделі қызметкерлер өз сырқаттарын асыра көрсетуге не жалған сырқаттануға бейім болған жағдайларда жүргізіледі.

ӘДК мамандарын жалпы күш-жігер, куәландырылатын адамдардың дене және психикалық денсаулығының жай-күйін барынша толық және нақты дұрыс бағалау міндеті біріктіреді, бұл белгілі бір тәсілді талап етеді.

2. МК кезінде дәрігерлер белгілі бір үлгі мен мен жүйелілік бойынша зерттеудің бірыңғай әдістемесін пайдаланады, ол аз уақыт ішінде куәландырылатын адам денсаулығының жай-күйі туралы толық көрініс алуға мүмкіндік береді.

3. Бой-салмақ деректері мен көру көрсеткіштері бойынша жарамсыз деп танылатын кандидаттардың ауқымды үлес салмағын ескере отырып, бірінші кезекте куәландырылатын адамдар МК-дан антропологиялық деректерін (медбике немесе хирург) өлшетіп және окулистің тексеруінен өтуі тиіс.

4. Сүйек-байланыс аппаратының сырқаттары мен зақымдануын (жиі кездесетін остеохондроздарды қоса алғанда), жүйкелерді зақымдай отырып, сүйектердің сынуын айқындайтын хирургтан кейін, сондай-ақ қарау кезінде ми және т. б. тамырлардың жай-күйін дәлме-дәл көрсететін көз түбіндегі өзгерістерді айқындайтын окулистан кейін невропатологтың куәландырудың жүргізуі мақсатқа сай болып табылады.

5. Терапевт бірқатар мамандардың: окулистің (гипертензияның, склеротикалық және дистрофиялық өзгерістердің және т.б. сипатты белгілері бар көз түбінің жай-күйі), невропатолог (вегетативті-тамырлы дисфункциялар және т. б.), хирургтің (жүрек және басқа мүшелердің аймағына рефлекторлық ауырсыну беретін остеохондроздар, рентгенологиялық және басқа да мүшелерді зерттеуді қажет ететін кеуде қуысының деформациялары), оториноларингологтың (мүшелер мен жүйелердің қабынуы сырқаттарын көрсететін мұрын маңы қуысы мен миндалин инфекцияларының ошақтары) деректерін пайдаланады. Сондықтан терапевт аталған мамандардан кейін тексеру жүргізуі керек.

6. Денеге сырттай қарап-тексеру және (немесе) ауыз қуысын қарап-тексеруді жүргізетін дәрігер-сарапшылар қызметке кандидаттардан және қызметкерлерден тері ауруларын, ЖЖБИ және (немесе) жақ сүйек-бетінің, қызыл иектің және тістерінің патологиясын анықтаған кезде куәландырылушыны дерматовенерологқа және (немесе) стоматологқа жібереді.

ӘДК-ның жекеленген сарапшы-дәрігерлеріне көрсетілген мамандарға жіберу үшін көрсетілімдерін анықтауды бекітуге рұқсат беріледі. Мәселен, сарапшы-хирург немесе сарапшы-невропатолог – дерматовенерологқа жіберу үшін, сарапшы-терапевт немесе сарапшы-оториноларинголог - стоматологқа жіберу үшін бекітіледі.

Әйелдерді қосымша гинеколог куәландырады.

7. МК актісі (картасы) психофизиологиялық зерттеу (бұдан әрі – ПФЗ) жүргізу басталғанға дейін не болмаса МК процесін тоқтатқанға дейін куәландырылушының қолында болады.

ПФЗ басталған сәттен бастап осы құжаттарды зертханашы сарапшы-психологтарға, психолог–сарапшы-психиатрға береді. ПФЗ мен психиатрдың жазбалары куәландырылатын адамға қолжетімді болмауы тиіс. Психиатр қорытынды комиссияға ұсыну үшін МК актісін не болмаса картасын өзінде қалдыра отырып, ең соңында куәландыруы тиіс.

МК өту барысында мамандарда болғанда куәландырылушы мінез-құлқының ерекшелігін не болмаса дау-жанжал, ашушандық, іс-әрекетіндегі оғаштық, реакцияларындағы сәйкессіздіктер және тағы да басқа белгілерін көрсетуі мүмкін, олар туралы сарапшы-куәгерлер психологқа және психиатрға хабарлайды. Психиатр тексеру жүргізу кезінде сондай-ақ ПФЗ мәліметтерін пайдаланады.

8. Куәландырылушылардан кез келген тері тыртықтарын, оның ішінде инъекциялардан кейінгі тыртықтар, татуировкалар анықталған кезде сырттай тексеру жүргізетін сарапшы-дәрігерлер оларды МК актісіне (картасына) міндетті түрде жазады.

Нашақорлық-инъекциялық, өз-өзіне қол жұмсау (истероидтық), дене мүшесін зақымдау тән тыртықтардың бар екендігі туралы ақпарат, Талаптардың 18-тармағының жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөлімдерінде көрсетілген сипаттамаларға сәйкес мазмұны мен көлемі бойынша татуировкалар міндетті тексеруден өткізу үшін ӘДК-ның психологы мен психиатрына хабарлануы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктері бар тері аумағы, сондай-ақ операциядан кейінгі анық білінетін тыртықтары, сыртқы мүшелерінің, аяқ-қолдарының деформациялары мен кемістіктері бар дене аумағы кейіннен қосымша саралау мақсатында фотосуреттермен куәландырылатын адамның келісімімен тіркеледі ( жалаңаш жыныс аумағын қоспағанда), олар МК актісіне қоса тіркеледі.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. ӘДК-ның әрбір маманы құжаттарды, тестілеуді, қарауды немесе тексеруді ресімдеу жүргізуді бастар алдында куәландырылатын адамды жеке куәлігі бойынша жеке басын, сондай-ақ тиісті динамикалық бақылау және мүгедектігінің жоқтығы туралы анықтамалармен растайды.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Куәландырылатын адамдар дәрігер-мамандардың тексеруінен іш киіммен, сүт бездерін, несеп-жыныс органдарын және тік ішекті тексеру кезінде түгел шешініп өтеді

11. Куәландырылатын адамдар ұсынатын әртүрлі медициналық құжаттар және олардың динамикалық бақылау жөніндегі материалдары көрсетілген адамдарды дәрігерлердің медициналық куәландыруынан босатпайды.

ӘДК-ге ұсынылған куәландыруға дейінгі кезеңдегі медициналық бақылау туралы ақпараттың көлеміне қарамастан дәрігер-сарапшылар ұсынылған құжаттарды мұқият зерделеп, анамнез мәліметтерін жинайды, жан-жақты объективті клиникалық, қолжетімді зертханалық және басқа да қосымша зерттеулер жүргізеді. Куәландырылушылардың денсаулық жағдайы олардан сұрау және олардың денсаулық

жағдайына шағымдарының бар-жоғына қарамастан жан-жақты объективті зерттеу жүргізу жолымен анықталады.

Тексеру процесінде куәландырылушылардан тек дене даму кемшілігі мен ауру сипаты ғана емес, ауырған мүшенің (жүйенің) функциясының бұзылуы және өтемі, организмнің тиісті сараптамалық қорытындының негізіне жататын толық функциялық бейімделуі анықталады.

Барлық жағдайларда нормадан алшақтауына күдік туындаған кезде куәландырылатын адамды тиісті мамандардың анықталған өзгерістерге байланысты жеткілікті тексеру жүргізуі керек.

Егер амбулаторлық тексеру кезінде диагноз анық болмай қалса немесе күмән тудырса, онда куәландырылатын адам қажет болған жағдайда стационарлық тексеруге жіберіледі.

12. Егер зерттеу әдістемелері, препараттар (вестибулометр, мистик, мидриатик және тағы басқалар) басқа мамандардың тексеруін қиындатса немесе мүмкіндік бермесе, онда олардың қолданылуы ӘДК-де куәландырудың соңына тағайындалады.

13. Қызметке жарамдылықты бағалау сырқаттың немесе дене кемістігінің сипатын, оның ағымын, бұзылулардың айқындылығын және ауырсыну процесінің орнын толтыру дәрежесін, нақты қызмет түрі жағдайларының осы сырқаттың дамуына ықпалы мен болжамын, сондай-ақ сырқаты бар мүшенің (жүйенің) және тұтастай ағзаның орнын толтырушы мүмкіндіктері мен функционалдық бейімделуін ескере отырып, дербес болуы тиіс.

14. МК санитарлық нормаларға сәйкес келетін: көлемі бойынша бір адамға кемінде 9 м<sup>3</sup>, жарықтандыру люминесцентті жарық кезінде кемінде 300 люкс және қыздыру шамдарымен жарықтандыру кезінде кемінде 150 люкс, температура кемінде 18 градус, жақсы дыбыс оқшаулағышпен және желдеткішпен жабдықталған үй-жайларда жүргізіледі.

Бір кабинетте офтальмологтың және ЛОР-дәрігердің, невропатологтың және хирургтың жұмысын біріктіруге рұқсат етіледі.

Терапевт куәландыруды сапалы аускультативті зерттеуді қамтамасыз ететін көшенің тыныш жағына бағдарланған жеке кабинетте жүргізеді.

Зерттелетін адаммен оның психикалық денсаулығын, жеке басының мінез-құлқын сәтті сараптау үшін ашық, сенімді әңгімелесуді өткізу қажеттілігі психиатр мен психологқа жекелеген кабинеттерді бөлуді қажет етеді.

Топпен психологиялық зерттеу жүргізу үшін жеткілікті кең зал жабдықталады, онда әрбір зерттелуші жеке жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі. Отыратын орын саны нақты жұмыс істейтін сарапшы-психологтар саны, олардың қабылдау нормативі, қайта тестілеуге жіберілетін куәландырылушы адамдардың орташа саны бойынша есептеледі

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-1. Тіркеу орнының үй-жайлары, психологиялық тестілеу және ОӘДК мен ПД ӘДК төрағалары кабинеттері (қорытынды отырыстар өткізілетін) МК және (немесе) ПФТ процестерін жазуға арналған аудио-бейнетіркеу жабдығымен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. Қағидалар 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-тарау. Хирургиялық зерттеу және антропометриялық өлшемдер**

15. Дененің жалпы дамуын анықтау үшін негізгі антропометриялық өлшеулерді: бойын, ДМИ есептелген дене салмағын, қажет болған кезде қол саусақтары күшінің кеуде шеңберін және дене күшін, отырғандағы бой өлшемін, қолдарының және аяқтарының ұзындықтарын өлшеу жүргізіледі.

ДМИ-ді есептеп бой және дене салмағына антропометриялық өлшеулерді орта буын медицина қызметкері немесе сарапшы-хирург өлшеу аспаптары үшін міндетті тексеруден өткізілген бой өлшегіштің және медициналық таразының көмегімен жүргізеді.

Бойды адам түрегеп тұрған кезде өлшеу үшін куәландырылатын адам оның тік планкасына арқаның жауырын аралық тұсын қойып, бөкселерді және өкшелерді жанастыра отырып, бой өлшегіш тұғырына тұрады. Басты түзу ұстап, құлақ үстіндегі тілік және көз саңылауының сыртқы бұрышы бір көлденең сызықта болуы керек. Бой өлшегіштің жылжымалы планкасы төбеге тығыз жанасуы тиіс.

Есептеу 0,5 см дейінгі дәлдікпен жүргізіледі (өсіңкі көрсеткішті дөңгелектей отырып).

Дене салмағы медициналық таразыда анықталады. Куәландырылушы таразы алаңының ортасында тұрады. Көрсеткіштер 0,1 кг дейінгі дәлдікпен (өсіңкі көрсеткішті дөңгелектей отырып) жазылады.

Бой-салмақ көрсеткіштері бойынша қарсы көрсетілімдер анықталған кезде куәландырылушыларды медбике (аға) хирургке не болмаса басқа мамандарды айналып өтіп терапевтке жібереді. Бұл куәландырылушы адамдарға бойы және салмағы бойынша жарамсыздығын анықтау кезінде МК жалғастыруға байланысты уақыт және қаржы шығынына жол бермейді, сондай-ақ ӘДК мамандарына жүктемені төмендетеді.

Басқа антропометриялық өлшеулерді (қол саусақтары күшінің кеуде шеңбері және дене күшін өлшеуді) хирург анықтайды.

Тұрған қалыптағы бойдың көлемінен аяқтың ұзындығын анықтау үшін отырған қалыптағы бойды алып тастайды. Отырған қалыптағы бойды өлшеген кезде куәландырылушы бой өлшегіштің қайырылмалы орындығына тік отырады, бой

өлшегіштің тік планкасына жауырын арасын және бөкселерді тигізіп отырады. Бас тұрған қалыпта өлшеген кездегі жағдайда болады. Аяқтар тізеден тік бұрышпен бүгіледі. Қолдың ұзындығы сантиметрлік лентамен құс тұмсық өскіннен бастап қолдың үшінші саусағының ұшына дейін өлшенеді.

Кеуденің шеңбері резеңкеленген өлшеу лентасын баспай, артқы жағында жауырынның төменгі бұрыштарының астына, алдыңғы жағында ер адамдардың төсінің төменгі жағына, әйелдерде - кеуде бездерінің үстінен IV жұп қабырғасының шеміршектері бойынша салумен өлшенеді. Бұл ретте куэландырылушы қолдарын төмен ұстап тыныш тұрады. Үш көрсеткіш: тыныс алу кідірісі кезінде, барынша дем алу және барынша дем шығару кезінде белгіленеді.

Өкпенің өмірлік сыйымдылығы спирометрді пайдаланып анықталады. Куэландырылушы демді ішке тартқаннан кейін спирометрдің түтікшесіне демін шығарады.

Қолдың күші қол динамометрімен өлшенеді, оны куэландырылушы қолын түзу ұстап оң қолымен, содан кейін сол қолымен барынша қысады. Дене күші дене динамометрімен анықталады. Куэландырылушы тізе буындарының деңгейінде тұрған тұтқадан ұстап аяқтарын бүкпей динамометрді созады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Хирургиялық тексерудің тікелей міндеті хирургиялық сырқаттарды және нақты лауазымдағы қызметке қарсы көрсетілім болуы мүмкін тірек-қимыл аппараты, бұлшық ет және тамыр жүйелері, несеп-жыныс жүйесі жағдайындағы ауытқуларды анықтау болып табылады.

Дене дамуы деректерін дұрыс бағалауға, сондай-ақ жасырын немесе басталған хирургиялық сырқаттарды тек жоспарлы тексеру кезінде ғана анықтауға болады.

Тексеру басталар алдында хирург алынған жарақаттар, хирургиялық сырқаттар және операциялық әрекеттер туралы шағымдарды, мәліметтерді анықтайды.

17. Куэландырылушы жалаңаш күйінде тексеріледі. Тері қабаттарының жай-күйі: пигментация, жұқару, қабыршақтану, құрғақтық, трофикалық және басқа да бұзылулар зерттеледі. Тыртықтар болған жағдайда олардың сипаты мен пайда болу себептері бағаланады.

18. Сагитталдық және фронтальды жазықтықта дененің бітімі зерттеледі. Дұрыс дене бітімі бастың тік (тік) жағдайымен және мойын-иық сызықтарының симметриялы сұлбасымен, сүйекті өсінділер сызығының ортаңғы жағдайымен, жауырынның бұрыштарының бірдей деңгейімен және симметриялы орналасуымен, бел үшбұрыштарының бірдей конфигурациясымен, кеуде қуысының бірнеше алға шығыңқы контурларымен, аяқтарының дұрыс пішінімен сипатталады.

Куәландырылушының тұрған қалпы бағаланады. Мәжбүрлі қалып ауырсыну сезімдерімен, анатомиялық өзгерістермен немесе орнына келтіру нәтижесінде патологиялық орнығумен байланысты болуы мүмкін.

19. Кеуде қуысын қарау кезінде омыртқа қисаюымен байланысты немесе өздігінен бар деформацияның болуы (воронка тәрізді немесе найза тәрізді кеуде) байқалады. Бұғана жағдайы анықталады.

Жауырынның асимметриясы болған жағдайда ол омыртқаның деформациясымен немесе Шпренгель ауруымен - жауырынның туа біткен жоғары тұруымен байланысты болуы мүмкін екенін есте сақтаған жөн. Омыртқаның деформациясы кезінде, көбінесе, кеуде бөлігінде кифоз, сирек - лордоз, белде - жиі лордоздың күшеюі, сирек - кифоз анықталады. Сколиоздың болуына және көрінуіне назар аударылады.

Аяқ-қол ішкі немесе сыртқы ротация, келтіру немесе бұру, бұғу немесе жазу жағдайында болуы мүмкін.

Ескірген сынықтарды, сүйектер мен буындардың шығуы мен басқа да зақымдануларын анықтау үшін негізгі тану пункттерінің, сүйек шығыңырларының, айдаршықүсті орналасуына назар аударылады.

Қалыпты шынтақ буынында иық сүйегінің бұлшық еті мен шынтақ өсіндісінің үстіңгі жағы бүгілген жағдайда бір сызықта болады. Шынтақ буынында бүгілген кезде бұл тану пункттері шынтақ өсіндісінде ұштары бар тең жамбас үшбұрыш құрайды.

20. Жамбастың пішіні мен жағдайы зерттеледі. Көптеген адамдарда (80%-ға дейін) қалыпты жағдайда бір аяғы екіншісінен қысқа. Аяқтың 2 см және одан да көп қысқаруы кезінде жамбастың айқын қисаюы анықталады. Қысқартылған аяқтың бұрылу жағдайында жамбастың қисаюы жоғалады. Омыртқаның компенсаторлық қисаюы мұндай жағдайларда деформацияға жатқызылмайды. Аяқтың ұзындығы мен жамбастың деформациясы бірдей болған кезде омыртқаның деформациясын алып тастау керек, бұл қосымша тексеруді қажет етеді.

Бөксе қатпарлары мен сан сүйектерінің үлкен ұршық жіліктің симметриялығы байқалады.

Сегізкөз-құйымшақ аймағы және эпителиалды құйымшақ жолдарының болуы мүмкін және олардың асқынулары, созылмалы парапроктит, параректальды жыланкөздер, геморроидальды түйіндер, артқы өтудің қызуы байқалатын артқы өтпе аймағы тексеріледі. Геморроидальды түйіндердің түсуін және тік ішектің түсуін ықтимал тексеру куәландырылушының жүресінен отырып, жеңіл және қатты күшену кезінде жүргізіледі. Тік ішек пен қуықасты безін саусақпен зерттеу көрсетілімдер бойынша жүргізіледі.

21. Аяқтарды қарау кезінде олардың осьтерінің жағдайы анықталады. Олар: тік аяқтары; 0-тәрізді, тізелер екі жаққа ашылған кезде жамбас пен жіліншік осі ішке ашық бұрыш құрайды; X-тәрізді аяқтар, тізе жылжыған кезде, жіліншік осі таралып, жамбас пен жіліншік осі сыртқа ашық бұрыш құрайды.

Аяқтардың 0-тәрізді қисаюын анықтау үшін сан сүйектерінің ішкі айдаршықтарының шығыңқылары арасындағы қашықтықты, X-тәрізді қисаю - балтырдың ішкі тобықтарының арасындағы қашықтықты өлшейді.

Аяқ терісінің түсіне, ісіктің болуына, трофикасының бұзылуына (жара, пигментация), тері асты көктамырының варикоздық кеңеюіне көңіл бөлінеді. Табандар мен өкшелер тексеріледі.

22. Бас сүйектің пальпациясы кезінде жарақаттан немесе операциялық әрекеттен кейін күмбез сүйектерінің ақауын, жұмсақ тіндердің және сүйектердің ісік тәрізді түзілімдерінің болуын анықтауға болады.

23. Шеткі лимфа түйіндерінің жағдайы, терінің тургоры және оның температурасы, бұлшық еттің дамуы анықталады.

24. Ішті пальпациялаумен тыныштықтағы және күштеніп қатайту кезіндегі алдыңғы құрсақ қабырғасының жай-күйі (ақ сызықтағы жарықтар, кіндік, шап, операциядан кейінгі), ішкі органдардың, сыртқы шап сақиналарының жай-күйі анықталады. Жарықты бедерлеу болған кезде оның шамасы, мазмұны және орнына салынуы бағаланады.

25. Қарау кезінде сыртқы жыныс мүшелерінің дамуы аномалияларына назар аударылады. Аналық бездер, олардың қосалқылары, тұқымдық арқанша элементтері, крипторхизмды анықтау мақсатында қуық асты безі даму аномалияларын, аналық бездің және тұқымдық арқанның, ісіктерді, тастарды, қабыну ауруларын және т. б. анықтау мақсатында пальпацияланады.

26. Тірек-қимыл аппараты мен омыртқа жағдайын бағалау үшін анатомиялық өзгерістерді ғана емес, оның функционалдық мүмкіндіктерін анықтау маңызды. Ірі буынның анкилозы аяқ-қолдың (сегменттің) функционалдық ыңғайлы жағдайында бірқатар жағдайларда орындалатын жұмыстардың әдеттегі көлемін шектемейтінін ескеру қажет.

Қозғалысы шектеулі кездегі буындардың функциялық ыңғайлы қалпы:

иық буыны – денеден 80-90 градус бұрышқа дейін ауытқуы, алға 30 градусқа қозғалған кезде, шынтақ буынында бүккен кезде қол ауызға тиюі керек;

шынтақ буыны - 90 градус бұрышқа дейін бүгу;

білезік буыны - 160 градус бұрышқа сыртқа бүгу;

II-V саусақтардың буындары - 145 градус бұрышқа бүгу;

фалангаралық буындар - 120 градус бұрышқа бүгу;

жамбас-сан буыны – 145-150 градус бұрышқа бүгу, 8-10 градусқа ауытқуы;

тізе буыны – 170-175 градус бұрышқа бүгу;

тілерсек-аяқ буыны – 90 градус табанға бүгу.

Аяқ-қол буындарындағы қозғалыс көлемін зерттеу барлық жазықтықтардағы белсенді және баяу қозғалыстарды, сондай-ақ супинациялық және пронациялық қозғалыстарды орындаудан басталады.

Аяқ-қолдардың күші куәландырылатын адамға динамометрияның кедергісі кезіндегі қозғалысты орындау жолымен анықталады.

Аяқ-қолдардың шеңберін өлшеу симметриялы учаскелерде сантиметриялы лентамен жүргізіледі: жамбас - жоғарғы, орта және төменгі үштен бірге; иықта және сирақ - олардың ең көлемді бөлігінде.

Буындардағы қозғалыс көлемін өлшеу кезінде кателіктерді болдырмау үшін мынадай әдістемені басшылыққа алу қажет.

Иық буыны: бұгу (куәландырылушы дәрігерге бір бүйірлеп тұрады) - бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншы дененің тік осіне параллель, ось және жылжымалы бранша - иық сүйегінің үлкен дөңесін оның сыртқы қанықшалығымен қосатын сызықтың параллель және ортасында орнатылады. Куәландырылатын адам иық белдігінің және денесінің ауытқуынсыз тікелей қолды алға барынша көтереді.

- буынды жазу (сол жағдайларда) қол барынша артқа ауытқиды. Шығару: куәландырылушы дәрігерге арқасымен тұрады. Жауырынның бұрыштары бір деңгейде, жауырынның ішкі шеті омыртқаның тік сызығымен параллельді. Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы дененің тік осіне параллель, жылжымалы браншасы шынтақ сүйегінің шынтақ өсіндісімен құс тұмсықты қосатын сызыққа параллель орнатылады. Қолдар ықтимал шегіне дейін жан-жаққа ажырайды

Шынтақ буыны: бұгу және жазу (куәландырылатын адам дәрігерге бүйірлеп тұрады, қолдарын алақанын алға қаратып төмен түсіреді) - бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы иық сүйегінің дөңесін оның сыртқы қосатын сызыққа параллель, жылжымалы браншасы - иық сүйегінің сыртқы айдаршықүстің сәулелі сүйектің шил тәрізді өсіндісімен қосатын сызыққа параллель орнатылады. Білек ықтимал шегіне дейін баяу бүгіледі. Бұрыш өлшегіштің осі шынтақ буынының көлденең осіне сәйкес келуі тиіс (сыртқы және ішкі қанықпалардың төменгі шеттерін қосатын сызық).

Білек буыны: саусақтарды жазу және алақанды бұгу (білек көлденең жазықтықта, білек түзу және оның жалғасы болып табылады, бірінші саусақты қысады). Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншы сәуле сүйегінің біз тәрізді өсінділерін және екі бұрышты бұлшықет сіңірінің сыртқы шетін қосатын сызыққа параллель, жылжымалы бранша - екінші алақан сүйегінің ұзындығы бойынша орнатылады. Алақанды бұгу және сыртқа қарай жазу жүргізіледі, бұл ретте бұрыш өлшегіштің осі буынның көлденең осіне сәйкес келуі тиіс.

Жамбас-сан буыны: бұгу және жазу (куәландырылушы арқаға жатады, зерттелетін аяғы созылып, екіншісі жамбас-сан және тізе буындарында барынша бүгілген және осы қалыпта аттас қолмен бекітілген). Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншы қанатасты шұңқырдың жоғарғы жағын үлкен вертельмен қосатын сызыққа параллель орнатылады, жылжымалы браншасы - санның үлкен ұршығын және сыртқы қанатшасын қосатын сызықпен орнатылады. Өлшеу кезінде зерттелетін аяғы тізе буынында бүгіледі. Арасын алшақтату: куәландырылушы арқаға жатады, аяқтары созылыққы, өкшелері бірге,

қолдары денесінің бойымен. Бұрыштық өлшегіштің қозғалмайтын браншасы қылыш тәрізді өсінділер желісі бойынша орнатылады - ұма мүшесі-санның ішкі қанықшасы. Зерттелетін аяғы барынша алшақтатылады.

Тізе буыны: бүгу және жазу (куәландырылушы арқаға жатады). Бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы үлкен ұршықты сан сүйегінің сыртқы айдаршықпен қосатын сызыққа параллель, жылжымалы бранша - аз ұштық сүйегінің басын сыртқы тобықпен қосатын сызыққа параллель орнатылады. Алдымен сирақты барынша бүгу, содан кейін толық жазу жүргізіледі.

Балтыр-табан буыны: табан және сыртқы жағын бүгу (куәландырылушы арқаға жатады, табан бұрышы 90 градус) - бұрыш өлшегіштің қозғалмайтын браншасы азерц сүйегінің басын сыртқы айдаршықпен қосатын сызыққа параллель, жылжымалы бранша - табанның сыртқы шеті (күмбезі) бойынша орнатылады. Алдымен сыртқа, содан кейін табан бүгіледі.

Барлық өлшеулер кезінде буындардағы қозғалыс кезінде бұрыш өлшегіш браншалары жоғарыда көрсетілген өлшеу сызығынан ауытқымауын мұқият қадағалау қажет.

Қозғалыс көлемін бағалау кезінде 1-кестенің деректері пайдаланылады.

#### № 1-кесте Буындар қозғалысының көлемін бағалау

Буын	Қозғалыс	Норма	Қозғалыстың шектелуі		
			елеусіз	бірқалыпты	елеулі
1	2	3	4	5	6
Иық иық белдігімен бірге	бүгу	180	115	100	80
	жазу	40	30	20	15
	алшақтату	180	115	100	80
Шынтақ	бүгу	40	80	90	100
	жазу	180	150	140	120
	супинация	180	135	90	60
	пронация	180	135	90	60
Қол	бүгу	75	35	20-25	15
	жазу	65	30	20-25	15
	алшақтату				
	тарамдалған	20	10	5	2-3
	ульнарлық	40	25	15	10
Жамбас-сан	бүгу	75	100	110	120
	жазу	180	170	160	150
	алшақтату	50	25	20	15
Тізе	бүгу	40	60	90	110
	жазу	180	175	170	160
		130	120	110	100

Балтыр-аяқ	табанға кері қарай бұғу (жазу )	70	75	80	85
------------	---------------------------------	----	----	----	----

27. Аяқ-қолдың ұзындығы сантиметр лентамен өлшенеді. Аяқ-қол осін ескере отырып, бірдей симметриялы таным нүктелері қолданылады. Қол үшін бұл ось иық сүйегінің бастары мен иықтың бас тәрізді биіктігінің, кәрі жілік және шынтақ сүйектерінің бастары, төменгі қолдар үшін - мық сүйегінің алдыңғы жоғарғы осі, тізенің ішкі шеті және осы нүктелерді қосатын тік сызық бойынша бірінші саусағы арқылы өтеді. Аяқ-қолдың қысқаруын анықтау үшін нақты (анатомиялық) және аяқ-қолдың салыстырмалы ұзындығын салыстыру маңызды.

Анкилоздарда, буындардың контрактураларында, жіліншіктің ішке немесе сыртқа ауытқуында, жамбас-сан буынының патологиялық жағдайларында науқастың және сау аяқ-қолдың анатомиялық ұзындығы бірдей болуы мүмкін, ал науқас аяқ-қолдың салыстырмалы ұзындығы аз болуы мүмкін. Аяқ-қолдың анатомиялық ұзындығы сегменттер бойынша, ал салыстырмалы - аяқ-қолдың басынан аяғына дейін түзу сызық бойынша өлшенеді. Әрбір сегментті өлшеуден алынған сома аяқтың анатомиялық ұзындығын құрайды.

Иықтың анатомиялық ұзындығы иық сүйегінің үлкен дөңесінен шынтақ өсіндісіне дейін; білек - шынтақ өсіндісінен шынтақ сүйегінің шынтақ өсіндісіне дейін өлшенеді. Санның анатомиялық ұзындығы үлкен ұршықтың шыңынан тізе буынының буын саңылауына дейін; сирақ - тізе буынының буын саңылауынан сыртқы тобықтың төменгі шетіне дейін өлшенеді. Әрбір сегменттің алынған өлшемдерінің сомасы аяқ-қолдың анатомиялық ұзындығын құрайды.

Қолдың салыстырмалы ұзындығы тік сызық бойынша жауырынның акромиальды өсіндісінен үшінші саусақтың ұшына дейін; аяқтың - қолдың алдыңғы жоғарғы осінен табанның табан шетіне дейін өлшеу жолымен анықталады.

28. Омыртқаны зерттеу осьтік жүктемені орындаудан және ауырсыну нүктелерін анықтаудан басталады. Омыртқаның мойын бөлігіндегі қозғалыс көлемі бастың көлбеу және бұрылу жолымен анықталады.

<input type="checkbox"/>	229	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	259	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	289	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	319	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	349	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		
<input type="checkbox"/>	230	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	260	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	290	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	320	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	350	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		

В	Н	В	Н	В	Н	В	Н	В	Н													
<input type="checkbox"/>	231	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	261	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	291	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	321	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	351	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		
<input type="checkbox"/>	232	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	262	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	292	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	322	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	352	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		
<input type="checkbox"/>	233	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	263	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	293	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	323	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	353	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		
<input type="checkbox"/>	234	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	264	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	294	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	324	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	354	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		
<input type="checkbox"/>	235	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	265	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	295	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	325	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	355	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		

В	Н	В	Н	В	Н	В	Н	В	Н													
<input type="checkbox"/>	236	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	266	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	296	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	326	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	356	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		
<input type="checkbox"/>	237	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	267	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	297	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	327	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	357	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		
<input type="checkbox"/>	238	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	268	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	298	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	328	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	358	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		
<input type="checkbox"/>	239	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	269	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	299	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	329	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	359	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		
<input type="checkbox"/>	240	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	270	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	300	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	330	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	360	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>		

аскерде болган уакытыңыз-служба в армии

Бұрынғы жұмыс жайыңыз; қызметіңіз-Предыдущее место работы,  
должность

Ескертпе\* – парақтың артқы бетінің оң жағы А3 форматында

Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдарында,  
азаматтық қорғау органдары мен  
Мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметінде әскери-дәрігерлік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
20-қосымша

Ескерту. 20-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

### Психофункционалдық тестілеу хаттамасы\*

Ескерту. 20-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ Т. Ж. \_\_\_\_\_

—

#### 1. Санды есте сақтау (зертханашы өңдейді)

Уақыт \_\_\_\_\_ сағ. Күні 20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "

(куәландырылушының тегі, әкесінің аты, қолы)

Зертханашы \_\_\_\_\_ (қолы, тегі, әкесінің аты)

Саны \_\_\_\_\_ бағасы \_\_\_\_\_ (сарапшы-психолог бағалайды)

Сарапшы-психолог \_\_\_\_\_ (қолы, тегі, әкесінің аты)

#### 2. Сөздерді есте сақтау (зертханашы өңдейді)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Уақыт \_\_\_\_\_ сағ. Күні 20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "

\_\_\_\_\_ (куәландырылушының тегі, әкесінің аты, қолы)

Зертханашы \_\_\_\_\_ (қолы, тегі, әкесінің аты)

Саны \_\_\_\_\_ бағасы \_\_\_\_\_ (сарапшы-психолог бағалайды)  
Сарапшы-психолог \_\_\_\_\_ (қолы, тегі, әкесінің аты )

### 3. Түзету сынағасы (зертханашы өңдейді)

кедергісіз: = к = л =

кедергімен: = к = л =

$T = +2,5 * k + 2,0 * l =$  \_\_\_\_\_ баға \_\_\_\_\_ (сарапшы-психолог бағалайды)

### 4. Шатастырылған сызықтар (зертханашы өңдейді)

$P = 2 * M - J =$  \_\_\_\_\_ баға \_\_\_\_\_

Уақыт \_\_\_\_\_ сағ. Күні 20 \_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (куәландырылушының тегі, әкесінің аты, қолы)

Зертханашы \_\_\_\_\_ (қолы, тегі, әкесінің аты)

Саны \_\_\_\_\_ бағасы \_\_\_\_\_ (сарапшы-психолог бағалайды)

Сарапшы-психолог \_\_\_\_\_ (қолы, тегі, әкесінің аты )

Ескертпе\* – бланктің беткі жағы, форматы А4

### 5. Шульте методикасы \_\_\_\_\_

### 6. Назарын қайта аудару

нәтижелер	қара	қызыл	Аралас есеп
уақыт (сек.)	$K_k =$	$K_k =$	$A_k =$
қателер			

$N_k = A_k - (K_k + K_k) =$  \_\_\_\_\_  $E = N_k - A_k =$  \_\_\_\_\_ баға \_\_\_\_\_

### 7. Эмоционалдық тұрақтылық

нәтижелер	Уақыт жеткіліксіз жағдайда		
	қара	қызыл	Аралас есеп
уақыт (сек.)	$K_k =$	$K_k =$	$A_k =$
қателер			

$N_k =$  \_\_\_\_\_  $E =$  \_\_\_\_\_ баға \_\_\_\_\_

$P = 2 * M - J =$  \_\_\_\_\_ баға \_\_\_\_\_

Эмоционалдық тұрақтылықтың жалпы бағасы

\_\_\_\_\_ (кесте бойынша)

5, 6, 7-тармақтарды сарапшы-психолог толтырады және бағалайды

Сарапшы-психолог \_\_\_\_\_ (қолы, тегі, әкесінің аты

)

**8. Қосымша бақылау** \_\_\_\_\_

—

—

—

—

—

**9. Қорытындылар** \_\_\_\_\_

—

Уақыт \_\_\_\_\_ сағ. Күні 20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "

ПФЗ бастығы/психолог \_\_\_\_\_ (қолы, тегі, аты-жөні)

Ескертпе\* –бланктің сыртқы жағы, А4 форматы

Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдарында,  
азаматтық қорғау органдары мен  
Мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметінде әскери-дәрігерлік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
21-қосымша

Ескерту. 21-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

Әңгімелесу хаттамасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні)

Тұқым қуалаушылық (психикалық аурулар, суицид (суицид жасауға әрекет жасау), басқалар

—

—

—

Бұрынғы сырқаттары (бас сүйек-ми жарақаттары, қызметкерлер үшін – уақытша еңбекке жарамсыздық парағына шығу жиілігі) \_\_\_\_\_

Зиянды әдеттер (алкогольдік ішімдіктерді шектен тыс ішу, темекі шегу, психикалық белсенді заттарды пайдалану фактілері, тәуелділіктің әрбір түрлері (ойын, құмарлық ойындары) \_\_\_\_\_

Мектепке дейінгі, мектеп мерзімі. Бала кездегі тәрбие \_\_\_\_\_

Отбасы туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

Білімі \_\_\_\_\_

Қызығушылық саласы (әуестену, хобби, бос уақыт) \_\_\_\_\_

Қарулы Күштердегі қызмет (мерзімдік қызмет, әскери кафедра, ЖТМ) \_\_\_\_\_

Құқық қорғау органдарындағы қызмет ерекшеліктері (қызмет атқарған жылдары, қандай жүйеде жұмыс істеді, кім болып қызмет істеді, атағы, қызметтен босатылу себептері) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Отбасы жағдайы (үйленген/күйеуге шыққан, ажырасқан (себептері), некелер саны, балаларының саны)

\_\_\_\_\_

Еңбек етуі (ұйымның атауы, жұмыс істеген мерзімі, лауазымы, жұмысын жиі ауыстыруы) \_\_\_\_\_

Туған жері (қай жерде туды, қай жерде тұрды, осы қалада қай уақыттан бері тұрады, өз үйі бар ма (жалға алынған, уақытша алған, туыстарымен бірге тұрады) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның мінез-құлықтық, коммуникативтік, эмоционалдық және басқа да ерекшеліктері (әңгімелесі, бақылау процесінде), ПД тестілеу және ПФ тестілеу нәтижелерінде көрсетілмеген әр түрлі ақпараттар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Уақыт \_\_\_\_\_ сағ. Күні 20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ "

Уақыт \_\_\_\_\_ сағ. Күні 20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ "

ПФЗ бастығы/психолог \_\_\_\_\_ (қолы, тегі, аты-жөні)

Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдарында,  
азаматтық қорғау органдары мен  
Мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметінде әскери-дәрігерлік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
22-қосымша

**Ескерту. 22-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

нысан

(әскери-дәрігерлік комиссияның атауы)

### **Психофизиологиялық зерттеу қорытындысы №**

(тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы)

Тұжырым: ұсынылады / ұсынылмайды

(қажет емесін сызып тастау)

20 \_\_\_\_ жыл " \_\_\_\_\_ "

Психолог \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты-жөні)

ПФЗ бастығы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты-жөні)

Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдарында,  
азаматтық қорғау органдары мен  
Мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметінде әскери-дәрігерлік

Ескерту. 23-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

**Оқу орнына оқуға түсушілерді психофизиологиялық зерттеу №\_\_\_\_\_Қорытынды**

Ескерту. 23-қосымша алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдарында,  
азаматтық қорғау органдары мен  
Мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметінде әскери-дәрігерлік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
24-қосымша

Ескерту. 24-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

**ПО әскери-дәрігерлік комиссияларындағы психофизиологиялық зерттеу нәтижелері бойынша психологиялық сипаттама жасау сызбасы (ӘДҚ психологы жасайды)**

№		
1	Зияткерлік саласы	Ойлау процестерінің ерекшеліктері:
		Тапқырлығы
		Парасаттылық
		Абстрактілік-логикалық ойлау деңгейі
		Зияткерлік өнімділігі
2	Когнитивтік саласы (2-бағанмен көзделген лауазымы)	есте сақтаудың және цифрлық материалдарды есте сақтаудың жеке ерекшеліктері (механикалық жады, ассоциативті жады)
		зейіннің көлемі, шоғырлануы, ауыстырылуы
		қатаң регламент жағдайында шапшаң ден қою мүмкіндігі
		жүйке процестердің шапшаңдығы
3	Жеке-тұлғалық сала	Коммуникативтік сапасы

		мінезтану ерекшеліктері ( міне-құлық, тәртіп, жеке тұлғааралық мінез-құлық әлпеті және т.б.)
		жұмысқа қабілеттілігі ( орындаушылық, жауапкершілік, төзімділік және т.б.)
		акцентуация, әлеуметтік бейімсіздік тәуекелі, стандартты емес мінез-құлық нысандарының болуы
4	Эмоционалдық-ерік саласы	өз-өзін бақылау
		стресске беріктілігі
		эмоционалдық жетілу
		көңіл күйі
5	Мотивация саласы	қызметке түсу (қызметті жалғастыру) мотивтері
		мақсатқа бағытталуы
		қызығушылықтары
		қажеттіліктері
6	Болжам (ықтималдық)	қолайлы
		қолайсыз не болмаса белгісіздік
7	Бөліністер психологтарына арналған ұсыныстар (қажет болған кезде психологиялық сипаттама мәтінінің мазмұнында бекітіледі)	бақылау
		сүйемелдеу (психологиялық қолдау)
		бақылау
8	Тұжырым	ұсынылады
		ұсынылмайды

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдары мен Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына  
25-қосымша

**Ескерту. 25-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

нысан

**ПО ӘДК-ге арналған жеке мінездеме жасау сызбасы (кадр бөлінісінің психологы жасайды)**

ӘДК-ге арналған жеке мінездеме көрсетілген тармақтарға жауап түрінде жасалады:

1. Қызметкердің өз қызметтік міндеттерін орындауға көзқарасы.

Бұл жерде мыналарды атап өту қажет: бағыну, басшылық ету, басшылық жасай ала ма не болмаса бұйрықтарға теріс көзқарас таныта ма, наразылық білдіре ме, белсенділік

, орындаушылық, бастамашылық немесе немқұрайлылық, адал емес, енжарлық, жеткіліксіз жауапкершілік таныта ма?

2. Қызметкердің әріптестермен, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасының ерекшеліктері.

Көрсетілсін: көпшіл, тез араласқыш, эмоционалдық ақ көңілділік, тұйықтық, күдіктілікті (мысалы, басқалардың іс-әрекетіне, әріптестерінің ол туралы, оның отбасы және т.б. туралы қызығушылықтары мен сұрауларына қатысты), ренжігіштік, қайырымдылығы, ұстамдылық немесе қызбалық, агрессивтілік, айналасындағылардың ықпалына жеңіл беріле ме, көнгіш немесе табындылық таныта ма, өзінің ұстанымдарын , шешімдерін қорғауда өжеттік таныта ма.

3. Эмоциялық жағдайдың (көңіл-күйдің) ерекшеліктері.

Атап көрсету: эмоциялық тұрақтылық немесе көңіл-күйдің жиі ауысуы, көңіл-күй аясы, яғни ашықтық, тілектестік, белсенділік байқата отырып, жақсы көңіл-күйде болу немесе түңілу, апатия, басымдылық, жағдайлармен қанағаттанбаушылық, айналасындағылармен өзара қарым-қатынас, қызметкерлердің нұсқауларына, іс-әрекеттеріне қатысты наразылықтың жиі білдірілуі, сасқалақтап қалуы, "тұйықталып қалуы", белсенділіктің төмендеуі немесе шамадан тыс қозу, белсенді қызмет, ішкі шиеленіс (ымдау, пантомимика арқылы айқындалатын қозғалыстар).

4. Алкогольдік ішімдіктер ішуге не болмаса психикалық белсенді заттарға көзқарасы.

Атап көрсету: спирттік ішімдіктерді ішумен байланысты қызметтік тәртіпті бұзу жағдайлары болды ма, ішімдік ішуге қатысты үгіттеулерге жеңіл беріле ме немесе өзі бастамашылық таныта ма, ішімдік ішуге төзімі (алкогольден тез масая ма) және ішкен кездегі мінез-құлығы (құтыру, агрессивтілік немесе шектен тыс алдау, ашықтық немесе тұйық, "тұйықталып қалуы").

5. Қызметкер өзінің ахуалға, өміріне, отбасылық өміріне немесе өзара қарым-қатынастарына қанағаттанбауы туралы, оның айналасындағылардың үнемі түсінбеуі туралы, өзінің ешкімге керегі туралы, болашақ өмірге сенімсіздігі туралы ойды үнемі айтып келе ме (немесе бұл туралы біреуге меңзеуге тырыса ма).

6. Қызметкер өзін жедел және экстремалды жағдайларда қалай көрсетеді?

Көрсетілсін: тез әрекет етеді, жинақылығымен, орындаушылығымен, бастамашылығымен ерекшеленеді немесе сенімсіздік, шешімсіздік, үрейлену, сасқалақтауы.

7. Сіздің көзқарасыңыз бойынша қызметкерде мұндай әрекеттер немесе мінез-құлық формалары оғаш, күдікті болып көріне ме?

Долылық жағдайлары, қандай да бір талма, естен тану, өзімен өзі дауыстап сөйлесу, оны біреу іздейді немесе ол біреуден қорқады деген ой айтты ма?

8. Сырқат, нашар сезінуіне жиі сілтеме жасай ма, болмашы жағдай бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағын алуға жүгіне ме?

9. Оны қызметте қалдырудың мақсатқа сай болуы.

Жеке мінездеме сондай-ақ сипатталушының денсаулық жағдайының және оның өз лауазымы бойынша атқаратын қызметтік міндеттерінің толықтығы мен сапасына сипатталатын психологиялық ерекшеліктерінің ықпалы туралы мәліметтерді, басшылықтың оны қызметте сақтаудың (орналастырудың) мақсатқа сәйкестігі және басқа лауазымға ауыстыру мүмкіндігі туралы пікірін көрсетуі тиіс.

Мінездемені бөлініс бастығы (орынбасары) жасайды және міндетті түрде ПО және кадр аппараты басшылығының қолымен, ПО мөрімен расталады.

Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдарында,  
азаматтық қорғау органдары мен  
Мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметінде әскери-дәрігерлік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
26-қосымша

**Ескерту. 26-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

нысан

### ПФЗ қорытындыларын тіркеу журналы\*

№	Тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Санаты қызметке, оқуға кандидат, қызметкер)	Қандай ведомстводан (жіберілді, куәландырыл у ш ы орналасатын, ауысатын лауазымның атауы	Әдістемелерді ң (ЖЖЗӘ, ҚБТ (Равен), Люшер, ПФ тестілеу, қосымша тестілер) қысқаша нәтижелері	Қорытынды, ескептрпе	Сарапшы-пси хологтың тегі, аты-жөні, қолы
7						
8						
9						
10						
11						

Ескертпе\*. ПФО қорытындыларын тіркеудің күнделікті жазбалары тіркеу күні көрсетіліп басталады. Нөмірлеу жылдық есепті мерзімнің басталу күнінен бастап есептеу тәртібімен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдарында,  
азаматтық қорғау органдары мен  
Мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметінде әскери-дәрігерлік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
27-қосымша

Ескерту. 27-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

### **Полиграфологиялық зерттеуге алдын ала жазылу журналы**

Ескерту. 27-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдарында,  
азаматтық қорғау органдары мен  
Мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметінде әскери-дәрігерлік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
28-қосымша

Ескерту. 28-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

### **Полиграфологиялық зерттеуден өту қорытындысын беру журналы**

Ескерту. 28-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2020 жылғы 2 қарашасы  
№ 758 бұйрыққа  
2-қосымша

## **Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ереже**

### **1-тарау. Негізгі ережелер**

1. Осы Ереже "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 11-бабы 3-бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссияларының (бұдан әрі – ПО ӘДС комиссиясы) функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

2. ПО ӘДС комиссиялары ПО медициналық сараптау-диагностикалық бөліністері болып табылады және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында,

азаматтық қорғау органдары мен Мемлекеттік фельдъегерлік қызметте (бұдан әрі – құқық қорғау органдары) ӘДС-ны ұйымдастыру мен жүргізуге арналған.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. ПО ӘДС комиссиялары:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ПМ) Әлеуметтік және медициналық қамтамасыз ету департаментінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы ( бұдан әрі – ОӘДК);

облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың полиция департаменттерінің әскери-дәрігерлік комиссиялары (бұдан әрі – ДП ӘДК);

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының уақытша жұмыс істейтін штаттық емес әскери-дәрігерлік комиссиялары (бұдан әрі – ББҰ УӘДК) әскери-дәрігерлік комиссиялармен (бұдан әрі – ӘДК) ұсынған.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Құқық қорғау органдарындағы қызметке және әскери қызметке кандидаттарға ( бұдан әрі – қызметке кандидаттар), құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында және әскери-оқу мекемелерінде оқуға кандидаттарға (бұдан әрі – оқуға кандидаттар), құқық қорғау органдарында қызмет, әскери қызмет атқаратын қызметкерлер мен әскери қызметшілерге қатысты әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша ӘДК осы Ережелерді және осы бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдары мен Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 1 және 3- тармақтарында көрсетілген нормативтік актілерді басшылыққа алады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. ӘДК қызметін бақылау, әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз ету ПМ ОӘДК-ға жүктеледі.

6. ӘДК құқық қорғау органдары бөліністерінің, білім беру ұйымдарының, халықты әлеуметтік қорғау органдары, қаржы қызметтері кадр қызметтерінің және барлық лауазымды және заңды тұлғалар үшін орындауға міндетті тиісті құжаттарды ресімдеуге арналған заң күші бар қорытындылар мен қаулылар шығарады.

## **2-тарау. Штаттық әскери-дәрігерлік комиссиялар**

### **1- параграф. Жалпы ережелер**

7. Штаттық ӘДК ІМ ОӘДК және ПД ӘДК болып табылады.

Ішкі істер органдары әскери-дәрігерлік комиссияларының ұйымдастырушылық-штаттық құрылымын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі (бұдан әрі - Ішкі істер министрі) бекітеді.

8. ӘДК-ның штат құрамына бастықтың (төрағаның), сарапшы-дәрігер мамандардың (хирург, терапевт, невропатолог, психиатр, офтальмолог, оториноларинголог, стоматолог, дерматовенеролог, гинеколог), медициналық бикенің (ағаның), медициналық тіркеушінің, психофизиологиялық зертхана мамандарының лауазымдары кіреді.

ІМ ОӘДК штат құрамына ОӘДК бастығының (төрағасының) орынбасары лауазымы да кіреді.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. ӘДК қызметкерлері лауазымдарына "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары әскери-дәрігерлік комиссияларының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының Үлгі біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 623 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 21222 болып тіркелген) бекітілген біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес тағайындалады.

ӘДК төрағаларын лауазымдарға тағайындау "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 463 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 143876 болып тіркелген) және "Құқық қорғау органдары лауазымдарының санаттарына үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 67 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20391 тіркелген) бұйрықтарымен бекітілген біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 27.04.2026 № 308 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Штаттық ӘДК-де Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мемлекеттік тілдегі өз атауы жазылған мөрі, белгіленген үлгідегі мөртабандары мен бланкілері болады.

11. Штаттық ӘДК ведомстволық әкімшілік ғимараттар мен медициналық мекемелерде орналастырылады.

12. ӘДК қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. Штаттық ӘДК қызметкерлерін әскери-дәрігерлік сараптамамен байланысты емес мәселелерді шешу және міндеттерді орындау үшін тартуға жол берілмейді.

14. Штаттық ӘДК-ға:

1) Қызмет көрсетілетін контингентке: құқық қорғау қызметіне кандидаттарға, құқық қорғау органдарында әскери қызметке кандидаттарға, құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында және әскери-оқу орындарында оқуға кандидаттарға, бұрынғы және жұмыс істеп жүрген құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және әскери қызметшілеріне, құқық қорғау органдарының жұмыс істеп жүрген қызметкерлерінің және әскери қызметшілерінің отбасы мүшелеріне әскери-дәрігерлік сараптаманы ұйымдастыру және өткізу;

2) облыс, қала аумағында орналасқан төменгі тұрған ӘДК-де және (немесе) штаттан тыс ӘДК-де ӘДС жүргізуіне басшылық жасау, бақылау, оларға әдістемелік және практикалық қызмет көрсету;

3) ӘДС материалдары бойынша ведомстволық және өзге де медициналық мекемелерде, құқық қорғау органдарының оқу орындарында емдеу-диагностикалық жұмыстың ұйымдастырылуына, жүргізілуіне және нәтижелеріне бақылау жасау;

4) қызметкерлердің ӘДК жанындағы МК-дан соңғы өткен сәтінен бастап 12 ай ішінде сырқаттардан және суицид салдарынан болған өлім оқиғаларына талдау жүргізуге (Медициналық басқарма, медициналық қызметтер мамандарымен бірлесіп) қатысу;

5) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша өтініштерді, ұсыныстарды, шағымдарды қарау және азаматтарды қабылдау, осы жұмыстың нәтижелерін талдау және жинақтау;

6) ӘДК, оның ішінде төмен тұрған ӘДК қорытындыларына шағымданған жағдайда азаматтарды куәландыру және қайта куәландыру;

7) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша заң шығару қызметін ұйымдастыру және жүргізу;

8) жылдық, тоқсандық және ағымдағы статистикалық есептерді жасау, әскери-дәрігерлік комиссиялардың қызметі бойынша есеп және есептілік тәртібін әзірлеу;

9) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша кеңестер, жиындар ұйымдастыру және өткізу жүктеледі.

Қазақстан Республикасы ҰҰ әскери қызметшілеріне, әскери қызметке, әскери оқу орындарына оқуға кандидаттарға МК, ПО ӘДК орналасқан жерде штаттық немесе штаттан тыс Қазақстан Республикасы ҰҰ ӘДК болмаған кезде, жүргізіледі.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа**

енгізіледі); 26.06.2025 № 471 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15. Штаттық ӘДК:

1) осы Ережеге, Қағидалар және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № 775 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21646 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдары және Мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткеру үшін адамдардың денсаулық жағдайына қойылатын талаптарға (бұдан әрі - Талаптар) сәйкес қорытынды (қаулы) шығарады;

2) өз қорытындыларын, қаулыларын (бұрын қабылданғандардың күшін жоя отырып) жояды және қайта қарайды;

3) басқа министрліктер мен ведомстволардың ведомстволық медициналық мекемелері мен денсаулық сақтау мекемелеріне ішкі істер органдарына, құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына қызметке кіретін қызметкерлерді, азаматтарды стационарлық және амбулаторлық тексеруге жібереді;

4) әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша медициналық және әскери-медициналық мекемелерде, білім беру ұйымдарында және құқық қорғау органдарындағы әскери-оқу орындарында емдеу-диагностикалық жұмыстың ұйымдастырылуы мен жай-күйін талдайды;

5) ведомстволық медициналық мекемелерден стационарлық науқастың медициналық карталарын қоса отырып, қажетті медициналық сараптама құжаттамасына сұрау салады;

6) кадр қызметтерінен және құқық қорғау органдарының архив мекемелерінен, әскери бөлімдердің, басқа да мекемелер мен ұйымдардың әскери басқару органдарынан жеке және зейнетақы істеріне, медициналық құжаттарға, қызметтік тексеруге, әкімшілік тергеуге, анықтауға, қылмыстық іс материалдарына, мінездемелерге, архивтік анықтамаларға, бұйрықтарға, актілерге, хаттамалардан үзінді көшірмелерге және сараптамалық қорытынды шығару үшін қажетті басқа да құжаттарға сұрау салады ;

7) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелерін шешу үшін әскери-медициналық ( медициналық) бөліністердің, оның ішінде Қазақстан Республикасы ҰҰ мамандарын, ведомстволық денсаулық сақтау саласының, әскери-медициналық мекемелердің, денсаулық сақтау мекемелерінің дәрігер-мамандарын жұмылдырады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 18.08.2025 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы**

16. ПМ ОӘДК Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің дербес құрылымдық бөлінісі болып табылады.

17. ОӘДК-нің құрылымын, ережесін және штатын Ішкі істер министрі бекітеді. Қазақстан Республикасы ПМ ОӘДК-нің құрамы жыл сайын 1 наурызға дейін Ішкі істер министрі орынбасарының бұйрығымен бекітіледі. Бір жыл ішінде қызметтен босатылу, жұмысқа қабылдану, қызметкерлердің орнын ауыстыру жағдайларында Қазақстан Республикасы ПМ-нің ОӘДК құрамы қайта бекітілмейді.

ПМ ОӘДК төрағасын Ішкі істер министрі тағайындайды.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

18. ПМ ОӘДК құрамында басшылық, бетпе-бет және сырттай сараптама тобы, ұйымдастыру-әдістемелік кабинет, психофизиологиялық зертхана бар.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. ПМ ОӘДК құқық қорғау органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптаманың басшылық бөлінісі болып табылады.

ПМ ОӘДК психофизиологиялық зертханасы құқық қорғау органдары психофизиологиялық зерттеу мәселелері жөніндегі басшылық бөлініс және әдістемелік орталық болып табылады.

ПМ ОӘДК-ның әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері жөніндегі нұсқаулары төменгі тұрған (бағынысты) құқық қорғау органдарының барлық штаттық және штаттық емес (уақытша жұмыс істейтін) ӘДК үшін міндетті болып табылады. ПМ-нің ОӘДК-ге қатысты төменгі тұрған (бағынысты) ПД ӘДК және ББҰ УӘДК болып табылады.

ПМ ОӘДК-ның әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша қорытындылары (қаулылары) түпкілікті болып табылады және олардың күшін ПМ-нің ОӘДК өзі ғана жояды немесе қайта қарайды (бұдан бұрын қабылданғандардың күшін жоя отырып).

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. ПМ ОӘДК қызметі алқалықты, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін шектеуді және өз функцияларын орындау үшін дербес жауапкершілікті белгілеуді ескере отырып, Тыл департаментінің Медициналық басқармасымен, ПМ Кадр саясаты

және Қаржылық қамтамасыз ету департаменттерімен өзара іс-қимыл жасасуды жоспарлы негізде ұйымдастырады және жүзеге асырады.

21. Осы Ереженің 14-тармағында белгіленген міндеттерден басқа ПМ ОӘДК-ға:

1) құқық қорғау органдарының барлық бөліністерінде әскери-дәрігерлік сараптама ұйымдастыру;

2) жоғары басшы құрамның қызметкерлеріне ПД ӘДК жасаған сырқаттануы туралы куәліктерді қарау және бекіту;

3) бұрын әскерде мерзімді қызметтен босатылған, Қарулы Күштерден, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан, арнайы мемлекеттік, құқық қорғау органдарынан, өзге де қайта ұйымдастырылған немесе таратылған күш құрылымдарынан сырқаты бойынша босатылған және қызметке қабылдауға (қалпына келтіруге) байланысты кейіннен жарамды деп танылған адамдарға қорытындыларды қарау және бекіту;

4) төменгі тұрған ӘДК шығарған қорытындылардың негізділігін бақылау, төменгі тұрған ӘДК жұмыс тәжірибесінің нәтижелерін талдау және қорыту;

5) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша түсініктемелер әзірлеу;

6) ӘДК-нің, оның ішінде төмен тұрған ӘДК бұрынғы қызметкерлердің құқық қорғау органдарынан іс жүзінде босату процесі сәтінде көрсетілген кезеңнің медициналық сараптамалық құжаттамасы бойынша әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындыларын шығару және қайта қарау жүктеледі.

22. ПМ ОӘДК сондай-ақ:

1) төменгі тұрған ӘДК-нің жарамдылық санаты, себепті байланысы, жарақаттардың ауырлық дәрежесі, ПФЗ қорытындысы туралы қорытындылары мен қаулыларын қарайды, қайта қарайды (бұдан бұрын қабылданғандардың күшін жоя отырып), жояды, бекітеді (бекітпейді);

2) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша нұсқаулықтар, түсініктемелер және әдістемелік ұсынымдар шығарады;

3) төменгі тұрған ӘДК жұмысын тексереді және оларға әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша нұсқаулар береді.

**3-параграф. Облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың полиция департаменттерінің әскери-дәрігерлік комиссиялары**

**Ескерту. 3-параграфтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23. ПД ӘДК тиісті ПД аумағында орналасқан құқық қорғау органдарының аумақтық бөліністерінде әскери-дәрігерлік сараптама жөніндегі басшы медициналық сараптау-диагностикалық бөліністер болып табылады.

ПД ӘДК құрылымы мен штаттарын Ішкі істер министрі бекітеді.

ПД ӘДК-нің құрамын жыл сайын 1 наурызға дейін ПМ-нің ОӘДК-мен алдын ала келіскеннен кейін тиісті ПД бастығы бекітеді. Жаңа ПД ӘДК құру кезінде оның құрамы штаттық лауазымдар жасақталғанға дейін алдын ала ПМ ОӘДК-мен келісіледі.

Бір жыл ішінде қызметтен босатылу, жұмысқа қабылдану, қызметкерлердің орнын ауыстыру жағдайларында ПД ӘДК-нің құрамы қайта бекітілмейді.

**Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.08.2022 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.11.2024 № 885 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

24. ПД ӘДК төрағасы азаматтарды, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне әскери-дәрігерлік сараптама өткізу мәселелері бойынша ОӘДК бастығына, Қазақстан Республикасы ҰҰ әскери қызметшілері - Қазақстан Республикасы ҰҰ ӘДК бастығына бағынады.

ПД ӘДК төрағасы лауазымына кандидатураны тағайындау (ауыстыру), сондай-ақ ПД ӘДК төрағасы лауазымын атқаратын адаммен еңбек шартының мерзімін ұзарту немесе бұзу (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 30-бабының 5-тармағына және 52-бабының 1-тармағы 25) тармақшасына сәйкес) кезінде ПМ ОӘДК-мен келісіледі.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Осы Ереженің 14-тармағында айқындалған міндеттерден басқа, ДП ӘДК-ға:

1) әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды және бұрынғы қызметкерлер мен әскери қызметшілердің сырқаттануының, зақымының (жаралануының, контузия алуының, жарақаттануының) себепті байланысы туралы қаулылар шығару үшін ПМ ОӘДК-ға медициналық, әскери-медициналық, әскери-есептік, мұрағаттық және басқа да құжаттарды дайындау және ұсыну;

2) ПМ ОӘДК-ға жылдық, тоқсандық статистикалық есептерді ұсыну жүктеледі.

### **3-тарау. Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының штаттық емес әскери-дәрігерлік комиссиялары**

**Ескерту. 3-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2023 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. ББҰ УӘДК кандидаттарды түпкілікті куәландырудан өткізу үшін оқуға түсу кезеңінде жыл сайын білім беру ұйымдары бастықтарының бұйрықтарымен құрылады.

27. ББҰ УӘДК комиссия төрағасы, терапевт, психиатр, невролог, хирург, офтальмолог, оториноларинголог, стоматолог, дерматовенеролог, гинеколог, психолог, зертханашы, хатшы (орта медициналық персонал қатарынан) құрамында құрылады.

28. Кәсіби сапалы іріктеу мақсатында комиссия құрамына, әдетте, аумақтық ПД ӘДК-ның сарапшы-дәрігерлері, психологы және зертханашысы, басқа ӘДК-ның, ПМ ОӘДК-ның неғұрлым тәжірибелі мамандары енгізіледі. Білім беру ұйымының бастықтарына ӘДК-ні толықтыру үшін ішкі істер органдары жүйесінің медициналық мекемелерінен, әскери-дәрігерлік сараптама бойынша жұмыс тәжірибесі бар денсаулық сақтау мекемелерінен тиісті мамандықтар дәрігерлерін шақыруға рұқсат етіледі.

29. ББҰ УӘДК төрағасы болып білім беру ұйымы медициналық бөлімінің бастығы тағайындалады, ол тікелей білім беру ұйымының бастығына, ал әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша аумақтық ПД ӘДК төрағасына бағынады.

30. ББҰ УӘДК-ға әдістемелік басшылықты, оның жұмысын және куәландыру нәтижелерінің уақтылы ресімделуін бақылауды аумақтық ПД ӘДК төрағасы жүзеге асырады.

31. ББҰ УӘДК кандидаттардың сол білім беру ұйымына оқуға түсуге жарамдығы немесе жарамсыздығы туралы ғана қорытынды шығаруға құқылы.

32. Штаттық емес әскери-дәрігерлік сараптама органдарының құжаттары олар құрылған білім беру ұйымының елтаңбалы мөрімен бекітіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2020 жылғы 2 қарашасы  
№ 758 бұйрыққа  
3-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1) "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 939 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12834 болып тіркелген; 2016 жылғы 21 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 939 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 407 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20685 болып тіркелген; 2020 жылғы 22 мамырда Қазақстан Республикасының НҚА Эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК